

О. КАРИМОВА, Н. ИСМАТОВА, Ш. САРИҚОВ, О. АМОНОВА

ӨЗБЕКСТАН МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Өзбекстан Республикасы Халықта білім беру министрлігі жалпы орта білім беретін мектептердің 8-сыныбы үшін оқулық ретінде ұсынған

"Huquq va Jamiyat" баспасы
Ташкент – 2019

УО'К 372.83(075)
ББК 67.0(5О')
О'-21

Авторлар ұжымы:

**О. Каримова
Н. Исматова
Ш. Сариков
О. Омонаева**

Е.Сариқовтың әдістемелік редакторлығы бойынша.

Пікір жазғандар:

- А. А. Дадашева** – ІІІӘДУ кафедра менгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты, доцент.
- Н. З. Хакимов** – Республикалық білім орталығының әдіскері;
- О. И. Орзинев** – Ташкент қаласы, Юнусабат ауданы, №265 мектептің құқық пәні оқытушысы;
- Қ.У. Ехсонов** – Ташкент қаласы, Яшнабат ауданы, №231 мектептің құқық пәні оқытушысы.

Респубикалық мақсатты кітап қорының қаржысы есебінен басылды.

ОҚУЛЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

Әрбір тақырыпқа тиесілі материалдар мына бөлімдерге бөлінген және белгілі тәртіппен, оқулық беттеріне орналастырылған.

1. Оқулықтың реттік нөмірі мен тақырыптың атауы.
2. Тақырыпқа тиесілі, үйде пікірлеуге арналған негізгі мәтін.
3. Оқушылардың белсенділігін арттыратын және пікірталасқа үндейтін көрнекілік материалдар, сұрақтар мен тапсырмалар.
4. Тақырып бойынша тірек атаулардың сипаттамасы.
5. Менгерген білімдерді нығайту, қайталау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар.
6. Тақырып бойынша қисынды пікірге сүйене отырып, топтарға бөлініп шығармашылық жұмыспен шұғылдануға арналған тапсырмалар.
7. Тақырыпқа қатысты тарихи мәліметтер.
8. Практикаға қатысты тапсырмалар.
9. Шолу жасауга арналған мәтіндер, үзінділер, құқықтық құжаттардың балтары.
10. Тақырыпқа қатысты қосымша мәліметтер мен үзінділер.



Өзбекстан Республикасының Конституциясынан алынған балтар.



Өзбекстан Республикасының Еңбек туралы кодексінен алынған балтар.



Өзбекстан Республикасының Қылмыстық кодексінен алынған балтар.



Белсендіруші сұраптар мен тапсырмалар

1. Жоғарыдағы суреттерді пайдаланып «соңғы жылдары елімізде атқарылып жатқан үлкен реформалар адам, халық мүддесін ойлан жүзеге асырылуда» деген пікірге түсінік бер.
2. Еліміз тәуелсіз мемлекет болмай басқа мемлекеттерге тәуелді болғанда халқымыздың, әрбір адамның, сенің

және біздің мұддеміз, құқық және еркіндіктеріміз, ұлттық құндылықтарымыз қазіргідей қадірленетін бе еді? Тәуелсіздік халқымызға не берді?

3. Еліміздің барлық аумақтарында соңғы жылдары көптеген "Халықты қабылдау бөлмелерінің" ашылу себебі неде? Олардың қызметі жайлыш нелерді білесін? Олар кімге қызмет етеді? Ол жерге кім, не үшін жүргінеді?
4. «Құқықтық сауатсызық» дегенді қалай түсінесін?
5. Заңдарды білмегеніңе өкінген жағдайларың болды ма?
6. Өз құқыңды білу саған пайда келтірген жағдайларга мысал келтір.

Елімізде соңғы жылдары осындай өзгерістер, жаңауулар байқалуда. Бұл өзгерістердің сан алуандылығына, көлемінің кең екеніне таңғаласын. Қысқа уақытта бой көтерген ғимараттар мен зәулім сарайлар, жұмыс бастаған зауыттар және фабрикалар, пайдалануға тапсырылып жатқан білім беру және деңсаулық сақтау мекемелері, демалыс, спорт, өнер, мәдениет орындарының барлығы халық үшін, сен және біз үшін құрылуда.

Соңғы жылдары, тәуелсіздік алған дәуірден, әсіресе, қазіргі кезде алғаш рет азаттықтың не екенін анғартатын идея — адам мұддесін мемлекетіміз қызметінің негізіне айналдыру идеясы алға тартылуда.

Әрбір адамның еркін де тәуелсіз өмір сүріп, өзінің мүмкіншілігі мен қабілетін толық жарыққа шығаруы үшін барша қолайлылыққа ие мекенде жасап, тіршілік ету – ежелден адамзаттың арманы болып келген. Адамның осынау арманын орындау, ол жасаған мемлекеттің шынында еркін де бақытты өмірді қамтамасыз ете алуы үшін бұл елде тұрақты экономикалық-әлеуметтік және саяси-құқықтық жағдай болуы керек. Мұндай жағдайда адамның құқы мен бостандығына деген назар ең жоғары деңгейде болуға тиіс. Өйткені, адам өзін тәуелсіз де бақытты сезінуі үшін ең алдымен оның құқы мен бостандығы қамтамасыз етілген болуы шарт.

Әрбір қоғамның негізгі өлшемі саналатын адам құқы халықаралық құқықтың обьекті ретінде 1948 жылы «Адам құқының жалпы дүние жүзілік Декларациясының» қабылдануымен ресми түрде мойындалған. БҮҰ Bas Assambleyasы қабылдаған осы құжаттың тарихи маңызы алғаш рет дүние жүзі қауымдастырының адам және оның құқын қорғауды халықаралық проблема дәрежесінде тануы болды. Тәуелсіз мемлекеттердің қатарында Өзбекстан Республикасы да белгілі құқық және міндеттерге ие. Бұлардың арасында ең маңыздысы және үстемі еліміз аумағында адам құқы мен

еркіндігін қамтамасыз ету еліміздің азаматын шын мәнінде еркін және тәуелсіз тұлғаға айналдыру.

Еліміздің барлық аумағында жұмыс бастаған Халықты қабылдау бөлмелері, мемлекеттік кеңселердің халықтың ділгірлігі мен арызда-ры бойынша жер-жерлерде жұмыс бастағаны, табысы аз отбасыларға ерекше қамқорлық жасалынып, жастардың тәлім-тәрбиесіне, оларды жұмыспен қамтамасыз етуге қаратылып жатқан назар, жалпы осылардың барлығы елімізде халық мұддесі үстем екенін айқын дәлелдейді. Ең негізгі, адамның құқы мен еркіндігін қамтамасыз ету еліміздегі үлкен реформалардың негізгі идеясы, мақсаты етіп белгіленеді.

Адам мұддесін, құқық және еркіндігін қамтамасыз етумен мемлекеттің тәуелсіздігі арасында тікелей және үздіксіз байланыс бар.

Тәуелсіздікке жеткен соң Өзбекстан Республикасы:

- дербестікке, өзінің аумағы мен шекарасына ие болу құқығына;
- жеке адамдарды азаматтыққа қабылдау және азаматтықтан айыру құқына;
- өзінің негізгі заңын — Конституциясын, кодекстері мен зандарапын қабылдау құқына;
- заң шығарушы, атқарушы және сотқа билікке ие болу құқына;
- өзінің қарулы құштерін құру құқына;
- халықаралық құқық субъекті ретінде шетелдермен тәуелсіз байланыстар орнату құқына;
- өзіне меншікті мұлікке ие болу, бюджет, салық және қаржы жүйелерін ұйымдастыру құқына;
- өзіне меншікті қазына мен ақша бірлігін — ұлттық валютаны енгізу құқына;
- өзіндік сот жүйесін құру және сот істерін тәуелсіз жүргізу құқына;
- өзінің елтаңбасына, туына, әнұраны мен астанасына ие болу құқына;
- мемлекеттік тілге ие болу құқына;
- өзіндік даму жолын, өзінің аталуын, өзінің әкімшілік құрылышын өзі белгілей алу құқына;
- жалпыхалықтық сұрақ (референдум) өткізу, сондай-ақ билік

және басқару органдарының құрамын белгілеу құқына ие болды.

Бұлардан байқайтынымыз, тәуелсіздік Өзбекстан Республикасына көптеген тартып алынбайтын құқықтарды берді. Бұл құқықтар бүкіл мемлекет қөлеміндегі құқықтар болып табылады.

Тәуелсіздік Өзбекстан Республикасы мен оның әрбір азаматы арасындағы қатынастарға да өз әсерін тигізбей қойған жоқ.

Тәуелсіз адам дегенде, біз өз елінде еркін де бақытты ғұмыр кешіру үшін барша қажетті құқықтарға ие, оларды бөгетсіз пайдалана алатын тұлғаны түсінеміз. Барлық адамдардың, елдегі барша азаматтардың тең құқылы болуы мен бостандығын мемлекет қамтамасыз етеді. Бірақ өзіне меншікті азаматтардың құқыы мен бостандығын қорғау үшін, оларды тәуелсіз ету үшін мемлекеттің өзі де тәуелсіз болуга тиісті. Өйткені нағыз тәуелсіз мемлекет қана өз азаматтарының мұддесіне негізделіп, олардың тыныш, алаңсыз да бақытты өмір сұруін қамтамасыз ететін әлеуметтік-құқықтық жағдайды жасай алады. Тәуелсіз мемлекет қана жеке адамның құқы мен бостандығын үстем деп танитын занңдар жинағын жаратса алады, осынау занңдылыққа сүйене отырып, өзіне меншікті азаматтардың ертеңгі күнге деген сенімін қамтамасыз ете алады.

Президентіміз Шавкат Мирзияевтың бастамасымен 2017-2021 жылдарда Өзбекстанды дамытудың 5 үстем бағыты бойынша Әрекеттер стратегиясының қабылдануы елімізде сені мен біздің, әрбір азаматтың, бүкіл Өзбекстан халқының бейбіт өмірін, сондай-ақ құқы және еркіндігін қамтамасыз ету бойынша түбебейлі реформаларды жүзеге асыруға тұрткі берді. Әрекеттер стратегиясының «Зан үстемдігін қамтамасыз ету және сот-құқық жүйесін одан әрі реформалау» деп аталған 2-бағытында «Азаматтардың құқық және еркіндігін сенімді қорғау кепілдіктерін нығайту» ерекше белгіленгені де мемлекетіміздің адам мұддесі, құқық және еркіндігіне қаратылып жатқан жоғары назардың айқын дәлелі.

Егер тәуелсіз еліміз басқа елдерге бағынышты болмай, өзіндік саясатын жүргізу, өзінің тағдырын өзі белгілей алу құқына ие болса, онда біз, әрбір азамат осы тәуелсіздіктің арқасында берілген құқымызды пайдаланып, еркін де бақытты өмір сұру мүмкіндігіне ие боламыз.

Тәуелсіздіктің арқасында сендердің де білім алуларыңа, кемелденулеріңе, шығармашылықпен айналасуларыңа, спортпен шұғылдануларыңа, мамандықты керек ететін медициналық көмек

алуларыңа мүмкіншіліктер жасалды. Сендер отанымызда жақсы тұрмыс кешіруге және құқықтарыңды орынды пайдалануға, қолайлы жағдайларға ие болдындар. Ал мемлекет бұл жағдайларды жаратып беріп, кепілдейді.

Шолу жаса!



Азаматтар өз құқы мен еркіндігін пайдаланғанда басқа тұлғалардың, мемлекет пен қоғамның занды мүдделеріне, құқық және еркіндігіне зиянын тигізбеуі шарт.

20- бап.

Шығармашылық жұмыс

1. Өз құқықтарыңың тізімін жаса.
2. Өз міндеттеріңің тізімін жаса.
3. «Тәуелсіздік» сөзіне берілген сипаттаманы дәптеріңе жазып, оны түсіндіріп бер.
4. Сен құқықтық білім дәрежесінде қанагаттанасың ба?
5. Неліктен адам құқын қамтамасыз ету мемлекет үшін негізгі міндет болып саналады? Бұл міндетті орындау үшін мемлекетіміз қандай шараларды іске асырып жатыр?

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалардың негізгі идеясы — мақсаты не?
2. Мемлекеттің адам мүддесі үшін жүзеге асырылып жатқан істерге өзің жасап жатқан аумығынан мысал айт.
3. Соңғы кезде адамның құқы мен бостандығына жоғары назар аударылып жатқанының себебі неде?
4. «Адам құқықтары бүкіләлемдік декларациясының» қабылдануының маңызы турали айт.
5. Тәуелсіздік Өзбекстан Республикасына қандай құқықтар берді?
6. “Тәуелсіз адам” дегенде сен қандай адамды түсінесің?
7. Мемлекеттің тәуелсіз болуы оның әрбір азаматы үшін қаншалықты маңызға ие?
8. Адам құқы мен бостандығына кепіл болу туралы Конституциямызда не делинген?

Біздің қызметіміз ең маңызды конституциялық ережесеге — әлеуметтік әділдік қағидатын қамтамасыз етуге бағытталуы шарт.

Әлеуметтік әділдік — саяси көзқарастары, жынысы, ұлты, тілі және діни нарындарына қарамастан, заң алдында барлық азаматтардың теңдігін қамтамасыз ету.

Шавкат Мирзияев

I ТАРАУ ТҰЛҒА, ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ



*Тұлға
Қоғам
Мемлекет*

*Мемлекет функциялары
Мемлекеттің басқару формалары
Саяси тәртіп*



2- тақырып

Тұлға



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Суреттерде бейнеленген адамдар жеке, материалдық, рухани тұргыдан бір-бірінен қаншалықты айырмашылығы бар деп ойлайсың?
2. Сенің пікіріңше, суреттердегі адамдардың жалпы қандай ұқсастығы бар?

3. Неге адамдар туылғанында бірдей мүмкіндік және сипаттарға ие болады, бірақ есейген сайын бір-бірінен ерекшеленеді?
4. Адамның өз отбасында, мектепте, жоғары оқу орнында немесе жұмыс орнында қанышалықты беделге, абырайға ие болуы неге байланысты деп ойлайсың?
5. Әрқандай адам үшін ең қадірлі зат немесе предметтерді сана.
6. Жеке санаттағы адамдарға қадірлі, бірақ басқалар үшін аса маңызды емес заттарға мысал келтір.
7. Ұлттық және жалпы адамилық құндылықтарға мысал келтір. Осы құндылықтардың адам үшін маңызы жоғары болатыны адамда қандай түсінік оятауды?

Адам әрбір тірі жан сияқты табиғаттың ажыралмас бөлігі, элементі. Дегенмен адам табиғаттағы басқа жанды ағзалардан көптеген қырларымен ерекшеленеді. Адам — табиғаттағы ең дамыған, саналысы саналады. Ол басқалар сияқты тән мен жанға ие. Адамда жануарларда болғанындей табиғи сұраныстары, осы сұраныстарды қанағаттандыру үшін ұмтылысы кезінде инстинг деп аталатын қыры бар. Адамның жануарлардан айырмашылығы осымен аяқталады. Яғни, адам саналы, ақылды жан ретінде көптеген қырларын көрсетеді. Мұндай ерекшелік тек адамға ғана берілген.

Әрбір адам — индивид. Ол әйел немесе ер, жасы үлкен, бойы аласабиік, азғын яки семіз деп аталатын жалпы ерекшеліктерге, тамақ, су, баспана, киім сияқты қажеттерге, ата-анаға, жеке пікірге, сағыныш, махабbat сияқты сезімдерде бейнеленетін түсініктерге ие. Адамның мұндай қырлары барлығына бірдей тән. Яғни адам туылуы және есеюі кезінде сан-қырлы қалыптаса бастайды. Міне осы индивид, адам қалай тұлғаға айналуы, яғни адамның тұлға ретінде қалыптасу үдерісі адамзатты ежелден қызықтырған.

Сонымен, адам қалай тұлғаға айналады? Қайсы адамды біз тұлға деп атауымыз мүмкін?

Тұлға да әрине адам, индивид. Бірақ тұлғада табиғи ерекшеліктер,

сұраныстар, ой-сезімдерден тыс бірқатар маңызды қырлары бар. Мысалы, тұлға үшін бірқатар құндылықтар маңызды. Бұл құндылықтарға мысал ретінде өзінің үйі — жанұясы, мемлекеті — Отаны, махалласы — көрші-қолаңы, оқу орны — сыныптастары немесе курстастары, жұмыс орны — әріптері сияқтыларды айтуда болады. Бұл құндылықтарға қол жеткізу, оларды сақтау және құрметтеу өмірінің мақсаты, мазмұны болып қызмет етеді. Тұлғаға өмір сұру қағидалары, айналасындағылармен қарым-қатынас ережелері, өзі өмір сүріп жатқан, қызметіндегі ортада абырай-беделге ие болу сияқты қасиеттер тән.

Тұлға өзінің сезімі мен қалауын тежей алады. Мұнда сана мен жігер басым. Тұлға ішкі әлемін біледі, түсінеді және білгілі жүйеге сала алады.

Тұлға өз-өзін және өмірін құрады. Мұнда ол өзін және айналасындағы жағдайды өзгертеді, қалыптастырады. Тұлға тек өзімен ғана емес, айналасындағыларға жіті мән береді. Ол махалла, Отан, мемлекет, қоғам туралы ойлайды, олардың тағдырына аландаپ қамқорлық жасайды. Адамның қаншалықты тұлға болып қалыптасқанының өлшемі мен өлшеуі ретінде оның жеке өмірі мен қай дәрежеде айналасындағы басқа адамдарға, Отанына және өмірге әсер етіп жатқанын айтуда болады.

Біз Әмір Темір, Жалолиддин Мангуберді, Әлішер Науай, Захириддин Мухаммад Бабыр сияқты бабаларымызды жайлы айтқанда оларды ұлы тұлға деп ұлықтауымыз да тұлға деген түсініктің қаншалықты маңызды екенін білдіреді.

Адамның тұлға болып қалыптасуында жанұяның, мектептің, көрші-қолаңының, махалла және достардың алар орны ерекше. Жанұя бала үшін ең бастапқы негізді қаласа, балабақшасы, мектеп немесе басқа да білім беретін мекемелер қажетті білім, дағды және біліктілікті береді. Көрші-қолаң және махалла дәстүрлер, әдет-ғұрптармен таныстырады, айналасындағылармен дұрыс қарым-қатынас жасауды үйретеді. Адамның қандай тұлғаға айналуы көп тұрғыдан мемлекеттің жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне қаратылған саясатына байланысты. Өзбекстанда соңғы жылдары Шавкат Мирзияевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан реформалардың ең маңызды бағыттарының

бірі жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне, болашақта бейбіт өмірі мен дамыған мемлекетті құратын тұлғалар болып жетілуіне қаратылған. Реформалардың тікелей назары тұлға, оның еркіндігі, мұддесі, арман-



Тұлға дегенде өзіне тән ерекшеліктерге, арман-тілегі, ұмтылысы, білімге, дағдыға, біліктілікке ие, рухани жан дүниесі бай адам түсініледі.

тілегі, ұмтылысына қаратылған.

Тұлға ретінде қалыптасқан адам жетерлі дәрежеде ақылға, түсінікке, білімге, зейінге, құш-қуатқа, тәжірибеге, кәсіби қабілетке, ғылыми біліктілікке, физиологиялық және рухани саламаттыққа, яғни адам капиталы деген байлыққа ие болуы керек.

Адамның рухани байлығы — оның көзқарасы, құлқы, әдебі, мәдениеті сияқты рухани дүниесіне байланысты қырлары адам капиталының негізін құраушылар саналады.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалардың негізгі мақсаты осы адам капиталын дамыту етіп белгіленгені текке емес. Өйткені адам капиталы — еліміздің әлемдік аренадағы бәсекеге төзімділігін қамтамасыз ететін факторлардың бірі. Бұл соңғы жылдары мемлекетіміздің қабылдан жатқан жаңа заң құжаттарында да өз бейнесін табуда.

Сен, өсіп-өніп тұлға ретінде қалыптасып жатқанда өзінде Отанға деген махаббатты қалыптастыруың керек. Сендері отансүйіштік рух пен мемлекеттің сенің жеке кемелденуің бойынша қамқорлығы сен және отан арасындағы мақсаттардан және ұмтылыстардың тұтастығынан дерек береді. Міне, осы тұтастық сенің тұлғалығының болашағы, сен сияқты жас ұрпақтың кемелденуі, ал бұлар өз кезегінде отанның болашақтағы дамуының кепілі. Себебі Отан болашағы сендердей жас ұрпақтың қолында.

Шығармашылық жұмыс

Өмір жсолыңды талда. Мұнда:

1. Откен өмірінді дәуірлерге бөліп ал. а) сәбілік ғұмыр; б) мектепке дейінгі болған кезең; д) бастауыш сыныптардағы дәуір;
- е) жогары сыныптардағы дәуір.


2. Әрбір дәуірдегі өзіңнің мүмкіндігіндегі багалап жаз. Әрбір дәуірде сен тұлға деп аталаға қай дәрежеде лайықты болдың?
3. Сенің кемел тұлға аталаудың үшін саған жетпейтіні не?
4. Болашақтағы өміріндегі дәуірлерге бөл: а) мектеп дәуірі; б) мектептен кейінгі білім алатын дәуір (колледж, жоғары орны және т.б.); д) еңбек ететін дәуір; е) қарттық дәуір.
5. Бұл дәуірлер бойынша да дәл жоғарыдағыдан талдау және бағалауды жазбаша түрде жүзеге асыр.
6. Сен қашан өзіңді жетік тұлға деп санайсың?
7. Бұл жетістікке қол жеткізу үшін қайсы кезеңде де не істеуің керек болады?
8. Жұмыстың нәтижесін сыныптастарыңың жұмысымен салыстыр.

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Адамның оны басқа тірі жандардан ерекшелендіріп тұратын қырларын сана.
2. Ой-толқу және қалаулардың адам өміріндегі орны қандай?
3. Адам тұлға ретінде қалыптасуына қандай факторлар әсер етеді?
4. Тұлға үшін құндылықтардың қандай маңызы бар?
5. Тұлға үшін маңызды құндылықтарға мысал келтір.
6. Тұлғаның қылыштасуында мемлекеттің қандай орны бар?
7. Мемлекеттің жас ұрпақтың жетік тұлға болып кемелденеуді үшін қандай мүмкіндіктер жаратуда? Бұл мүмкіндіктерге мысал келтір.
8. Өзбекстанда Президенттің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан үлкен реформалардың нысаны адам, оның мұддесі, жас ұрпақты жетік тұлға етіп кемелдендіру етіп белгіленгені сені, сенің достарыңды неге шақырады?
9. Адам капиталының адамның тұлғаға айналуындағы маңызын түсіндір.
10. Қандай тарихи тұлғаларды «ұлы тұлғалар» деп атауға болады? Сен мұндай тұлғалардан кімдерді айта аласың?

3- тақырып

Қоғам



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сен қоғам дегендеге нені түсінесің?
2. Өзіңді қоғам мүшесі деп білесің бе?
3. “Қоғам” мен “ұжым” арасындағы айырмашылықты қалай түсіндіресің?
4. Суреттерде бейнеленген адамдардың бәрін қоғам мүшелері деп айтуга бола ма? Мұнда кейбір адамдардың, шетел азаматтары екеніне назар аудар.
5. Суреттерге қарап, мұндағы әрбір жеке тұлғага сипаттама беруге әрекет ет. Мұнда олардың арасындағы ұқсастық пен ерекшелік жақтарын атап көрсөт.
6. Нәресте туылғанда біз әдетте “қоғамның жаңа мүшесі дүниеге келді” деп айтамыз. Бұл пікір қаншаалықты дұрыс? Пікіріңді дәлелде.

7. “Қоғам” мен “халық” атауларының қайсы жағдайларда қолданылатынына мысалдар келтір.
8. Суреттердегі әр түрлі топтасы адамдарды не және қандай фактор біріктіріп тұрады деп ойлайсың?

Сен «қоғам» деген сөзді өмірінде жи естігенсің. Мысалы, көптеген фирмалардың атына қоса «жауапкершілігі шектеулі қоғам» деп жазылған болады. Мұндай фирмаларды бірнеше адам бірлесе қесіпкерлікпен шұғылдану үшін ұйымдастырады. Яғни олар бірге қызмет көрсету үшін шағын қоғам құрады. «Тұтынушылар қоғамы», «Көзі загиптар қоғамы», «Философтар қоғамы» сияқты атауларды да естіген шығарсындар. Осы қоғамдарда өз кезегінде тұтынушылар өз құқықтарын бірлесіп қорғау үшін, көзі нашар көретіндер бірге өндіріс немесе шығармашылық қызметімен шұғылдану үшін, философ ғалымдар философия саласындағы құрделі сұрақтарға бірге жауап табу, ынтымақтастықта ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін бірігеді.

Аталмыш қоғамдардың қайсы бірін алсаң да, белгілі бір адамдар ұжымының нақты мақсаттарды жүзеге асыру үшін өзара біріккенін көреміз. Бірақ бұл қоғамдардың әрқайсысы осы сөздің тар мағынасындағы қоғамға мысал бола алады.

«Қоғам» деген түсініктің кең де толық мағынасын үйрену үшін сенің өмірінен тағы бір мысал келтіреміз. Үлкендер саған немесе сенің достарыңа: «Өсіп-ұлғайып, бейбіт те жасампаз қоғамымыздың лайықты мүшесі болып ер жет», – деп тілек айтқанына көп рет күә болғансың. Иә, мұндағы сөз қандай қоғам туралы айтылып жатыр? Сендер мен біз, үлкенді-кішіміз, бәріміз – оның мүшесі болып, сөздің кең мағынасында дәл осы қоғаммен танысамыз.

Ең көне замандарда – алғашқы қауымдық құрылыш кезінде адамдар арасында өзгеше бір ережелер болған. Адамдар алғаш тобыр, топ ұжымдары мен тайпаларға біріккенде өздеріне жолбасшы, ру басшысын тағайындаған. Еңбек құралдарының жетілдірілуінің барысы еңбек белінісін әкеп шығарады және адамдар арасында топтарға белінуге алып келеді. Сондықтан да негізгі мақсаты мен жұмысы

жекеменшік қатынастары мен мұлік иелері мұддесін қорғаудан тұратын адамдардың арнайы топтары пайда болады.

Міне осы пайда болған топтар немесе адамдардан құралған ұжымдар кең мағынада алғашқы, қарапайым түрдегі көрінісі.

Қоғам – адамдардың бірге өмір сүру үшін біріккен белгілі құрделі құрылым. Бұл құрылым, оған кірген мүшелер, яғни адамдардың жай тобы, яки жинағы емес, белгілі ережелерге негізделіп біріккен ұжым. Адамдар өз қажеті үшін керекті құрал-саймандарды қалай шығарса, жасап алса, өмірі үшін қажет болған әлеуметтік жағдайды да өздері жасайды. Адам қоғам мүшесі болатын болса, осы әлеуметтік жағдай аясында өмір сүреді.



Қоғам — белгілі бір аумақта тұратын, өзінің мүқтаждығы мен мұддесіне сай біріккен белгілі бір түрдегі ұжым.

Қоғам әртүрлі адамдар тобының қарапайым жиынтығы яки ұжымы емес. Қоғам – құрделі әлеуметтік құрылым. Адамдардың тіршілігі, ең алдымен, өндіріс, тұрмыс қажеттіліктерін қамтамасыз ететін тұтынуши бұйымдарын жасау және оларды өзара айырбастаумен байланысты белгілі ортақ қызметтің негізінде жасалады.

Басқаша айтқанда, қоғам биологиялық зандар емес, сонымен бірге адамдардың әлеуметтік зандар үстемділік еткен, жоғары жетілдірілген ортақ бірлігі.



Қоғам – арабша сөз болып, жинақталған, ұжым, біріккен деген мағынаны білдіреді.

Кез келген ұжым қоғам бола бермейді. Дегенмен қалаған қоғам ұжым болып саналады. Қоғам құрделі тірі құрылым болып өзгеріп, дамып отырады.

Қоғамды құрайтын адамдар көп яки кем, бай немесе кедей, тең құқықты яки тең құқықты емес, үқсас яки әр түрлі болуына қарамастан, оның мүшелері саналады. Яғни қоғам адамсыз, адам қоғамсыз өмір сүре алмайды.

1. Қоғамга берілген үш сипаттаманы оқы және:
- 1) олардың арасындағы айырмашылықты тап;
 - 2) олардагы жалпы қырларды бейнеле;
 - 3) не үшін қоғамға үш түрлі сипат берілген деп ойлайсың?
- A) Қоғам — белгілі аумақта жасайтын өз мұдделерін бірге қорғайтын және сұраныстарын бірге қанағаттандыру үшін біріккен адамдардың ұжымы .
- B) Қоғам — дәрежесі, әлеуметтік келіп шығуы және қызығына орай біріккен адамдар.
- B) Қоғам — бірер-бір мақсат жолында тұрақты әрекеттегі ұжым.

2. Төменде жазылған элементтерден қайсы бірі қатыспаса да қоғам құрылуы мүмкін?

—Халық, экономика, мәдениет, мемлекет, идея, құқық, заң.

Жаубабыңды негізде. Мұнда қоғамға берілген түрлі сипаттарға жүргін.

Суретте бейнеленген адамдардың тобын қоғам деуге болады ма? Не үшін?



**Әбу Әли ибн Сина
(980 -1037)**

Әбу Әли ибн Сина – атақты ғалым, табиғаттанушы, философ, агроном, тілтанушы, математик, музыкаттанушы, құқықтанушы, жазушы әрі ақын.

Ибн Сина алемге «Шайх-ур-райс» («Галымдар басшысы») деген атпен әйгілі болған. Ибн Сина құқықтануға тиісті бірнеше идеялар мен (980 -1037) ой-пікірлердің авторы. Оның қоғам мен азаматтық, мемлекетті басқаруға қатысты идеялары өте құнды. Оның ғылыми-мәдени мұрасы 450-ден астам. Соның 160-қа жуығы бізге дейін жетіп келген.



Шолу жаса!

Жанұя қоғамның негізгі буыны, сондай-ақ қоғам мен мемлекет қорғауында болу құқығына ие.

Неке екі жақтың ерікті разылдығы және тең құқықтылығына негізделеді.

63-бап.

Шығармашылық жұмыс



5-б адам жиналдып, топтарға бөлініңдер.

1. Форманы әрбір топ жеке талдасын.
2. Әр екі шеңбердің бір-бірімен қиылдысы нені білдіреді?
3. Үш шеңбердің бір-бірімен бірден қиылдысы ше?
4. Әрқайсы топ сыйбаны пайдаланып, «қозам» сөзін сипаттауга әрекет жасасын.

Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Алғашқы қауымдық құрылды дәуірінде адамдар қалай күн кешірген?
2. “Кез келген қоғам ұжымға жатады” деген пікірді негізден бер.
3. «Кез келген ұжым қоғам бола бермейді» деген пікірді дәлелдендер.
4. Қоғам үшін экономикалық қатынастардың маңызы жайлышты айттып бер.
5. Өзінің қоғамдағы рөлінді қүшетту үшін келешекте нелерге қол жеткізууді қалайсын?
6. “Қоғамды басқарусыз елестетіп болмайды” деген көзқарасқа сен қалай қарайсын? Пікірінді негізден бер.
7. “Қоғам – әлеуметтік қоғамдар кешені, жиынтығы” деген анықтаманың астарында нелер жатыр деп ойлайсын?

4- тақырып


Мемлекет



1



2



3



4



5



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Суреттерде Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік әнұранын орындаған жастар, Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік жалауы мен елтаңбасы бейнеленген. Неліктен әнұран, жалау, елтаңба атауларының алдында мемлекет деген сөз бірлесіп қолданылады. Бұл пікірінді сыныптастарыңмен ортақтас.
2. Сен өмір сүріп отырған аймағында қандай экономикалық немесе әлеуметтік ділгірліктер болса да, олардың шешімі сол жердегі билікке байланысты болады. Мұның себебі неде деп ойлайсың? Жауап беруде үкімет мемлекеттің жергілікті басқару органы болып табылатынын есепке алыңдар.
3. Еліміздегі заңдарды кім жасайды және олардың орындалуын кім бақылайды? Осы заңдар қай дәрежеде бар болуы және оларга қай дәрежеде мойынсұнылу керек? Осы заңдардың жасауға бола ма?
4. Ақшаны кім айналымға енгізеді және ақша айналымын кім

- бақылап отырады? Мұндаидай бақылау қай дәрежеде қажет?
5. Сен өміріңде мемлекеттің ықпалын қалай сезінесің?
 6. Жалпы мемлекетсіз қалай өмір сүру мүмкіндігін елеңстет. Мұндаидайда сен қандай борыш пен міндеттерден азат боласың, сондай-ақ қандай ділгірліктерге тап боласың?
 7. “Мемлекет” пен “қоғам” ұғымдары бір түрлі ме, әлде айырмашылығы бар ма? Бұл ұғымдардың қайсысы кеңірек мағыналы деп ойлайсың?
 8. Неліктен біз “біздің мемлекетіміз” деген сөзді қолданамыз?

Құқықтану ілімінде «мемлекет», «қоғам» ұғымдары бар. Бірақ мемлекет пен қоғам ұғымдары бірдей емес. Мемлекет – қоғамның жетілдірілген саяси институты. Қоғам дамудың кемелденген белгілі дәуірінде пайда болған. Яғни, қоғам – мемлекеттің анасы. Мемлекет қоғамның «перзенті», оның өнімі. Ондай жағдайда, қоғам қандай болса, мемлекет те сондай болады. Және керісінше, қоғам өз дамуында қандай басқыштардан өтсе, мемлекет те осыған лайық түрде өзгеріп, кемелденіп бара береді. Бұл – заңдылық.

Мемлекеттердің қалыптасуы бұл – адамзаттың алғашқы қауымдық құрылымынан өркениетке карай бет бұруы болды. Әлемде алғашқы өркендеген мемлекеттер Ежелгі Шығыста біздің әрамыздан бұрынғы IV—III мың жылдықтар дәуіріне тұра келеді. Орталық Азия аумағында біздің әрамыздан бұрынғы I мың жылдықтың басында алғашқы мемлекеттік бірлестіктер пайда бола бастаған.



Біздің әрамыздан бұрынғы I мың жылдықтың бірінші жартысында, VII—VI ғасырларда Өзбекстан аумағында алғашқы мемлекеттік бірлестіктер Ежелгі Хорезм, Ежелгі Бақтрия, Соғдиана пайда болған ғасырда-ақ елімізде мемлекеттік негіздері үзілді-кесілді қалыптасты. Хорезм мемлекеттік бірлестігі — одағы аумағына Сырдариядан Орта Ауғанстанға дейінгі жерлер кірген. Хорезм мемлекетінің орталығы Көзеліқыр (Хорезм) қаласы болған.

Қоғам алдымен әлеуметтік билік, яғни барлық адамдардың билігімен басқарылған. Адамдар әр түрлі руларға бірігіп, сол руда пайда

болған маңызды мәселелерді бірге шешкен. Ру жұмыстарын басқаруға барлығы араласқан. Бұл демократия, яғни халық билігінің бірінші қарапайым түрі – алғашқы демократия еді.

Өндірістің өсуі, дамуы нәтижесінде біртіндеп қоғамда саяси қарым-қатынастар пайда болды.

Қоғам билігінің (алғашқы демократия) орнына жеке адамдар билігі пайда болды. Қоғам байлар мен кедейлерге, кейінрек басқарушылар (билиеушілер) мен бағынушыларға бөлінді.

Сөйтіп, басқарушылардың саяси билігі ретінде мемлекет пайда болды. Оған дейін адамзат өте ұзақ тарихи дәуірді басып өтті. Мемлекет пайда болған соң, адамдардың өмірі түбегейлі өзгерді.

Мемлекет қоғам дамуының белгілі басқышында пайда болып, өзінің қалыптасуы мен дамуында ұзақ және күрделі жолды басып өткен. Алғашқы басқышта мемлекеттік басқару ең алдымен мәжбүрлеуге негізделген.

Бірақ бірте-бірте мұдделері жалпы болған адамдар одағы, осы мұдделерге жету, бірге жұмыс істеу үшін нақты ереже-талаптарға қажеттілік артты. Міне осы қажеттіліктің себебінен одақтың барлық мүшелеріне міндетті болған құқық-тәртіп ережелері – зандар пайда бола бастады. Ал бұл бірыңғай аумақта біріккен адамдарға қатысты әділетті үстемдік жасау мүмкіндік туғызды. Осы құқық-тәртіп үкіметтің жетілуіне көмектесті. Нәтижеде қазіргі мемлекет қалыптаса бастады. Осы мемлекеттің болады: Мемлекет нақты құқық- тәртіп негізінде ұйымдасты, бірыңғай аумақта үстемдік орнатқан және бірыңғай өкіметке мойынсұнған адамдар одағы. Алайда бұл сипаттама мемлекеттің бүгінгі күндегі барлық белгілерін қамтымайды. Мемлекетті толық сипаттау үшін оның ерекше белгілерін үйрену қажет болады.

Мемлекеттің алғашқы қауымдық, тайпалық қоғамнан айырмашылық белгілері төмендегілер:

1. Мемлекет болған қоғамда азаматтар белгілі бір аумаққа бірігеді.
2. Мемлекет өз қызметін іске асыруы үшін күрделі жүйеден пайда болған басқару аппаратына (әскерлер, полиция, сот, прокуратура, кеден және басқалар) ие болады және соның көмегімен өзінің барлық азаматтары

үшін міндепті мемлекет билігін жүзеге асырады.

3. Мемлекет билігін толық іске асыру үшін заңдар мен нормативтік құжаттар қабылдайды. Яғни мемлекет болған жерде құқық та болады.

4. Өз қызметін жүргізу, қажетті қаражаттардың орнын өтеу үшін қаржылық қорларға ие болады. Салықтар мен басқа төлемдер жиналады. Яғни өз бюджетіне ие болады.

5. Мемлекет өз қызметін толық іске асыруы үшін ол егемендікке, тәуелсіздікке ие болуға тиіс.

Демек, мемлекет өзіне тән белгілерге ие және егер, олардың біреуі болмаса, біз мұндан үйімді мемлекет дей алмаймыз деп қорытынды шығаруға болады.



Мемлекет – мәжбүрлеу, яғни билігі бар, өз азаматтары, аумақта тұратын барлық адамдардың мұддесін қорғайтын, басқа мемлекеттермен саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынас жасай алатын тәуелсіз саяси үйім.



Әмір Темір
(1336-1405)

Бабамыз Әмір Темір орта гасырларда құрган мемлекеттің оны қарапайым қоғамнан ажыратып тұратын барлық белгілері болған.

Әмір Темір Гурган ибн Әмір Тарагай Бахадур – ірі мемлекет қайраткері, жеңілмес қолбасшы, орта гасырлардағы ең үлкен мемлекет құрган сәулеткер, сыртқы қарым-қатынастарда ең әділетті де тиімді жолды таба білген басшы, соғыс өнері мен заңдарын жасаған атақты әскербасы.

Қанатты сөздердің асыл қазынасынан!

Мемлекет және салтанат үш нәрседен: мұлік, қазына және әскерлерден тұрады. Ақылды уәзір олардың барлығын іскерлік қабілеті арқылы реттеп отырады.

(Әмір Темір)



Халық мемлекеттік кеңселерге емес, мемлекеттік кеңселер халыққа қызмет етуі керек.

Шавкат Мирзияев

Президентіміздің жоғарыдағы қысқа және нақты пікірінде мемлекеттің мәні, оның міндетті шарты, мемлекеттік кеңселердің статусы мен міндеттері жинақталған. Сен осыны ескеріп:

1. Жануяңдағы үлкендерден соңғы жылдарға дейін қарапайым азамат мемлекеттік кеңселерге өтініш жасамақшы болса қандай қыншылықтарға тап болғанын сұрап біл.
2. Еліміздің барлық аумақтарында жұмыс бастаған «Халықты қабылдау бөлмелерінің» міндеті туралы мәлімет тап.
3. Мемлекеттік қызметтер орталықтарының қызметі Президентіміздің жоғарыда айтылған пікірінің іс жүзіндегі дәлелі екеніне негізде.

Шығармашылық жұмыс

1. Шартты мемлекет ойлан тап. Оған ат қой.
2. Мемлекетінді жоғарыда атап алған бес белгі бойынша талда.
3. Егер бұл белгілерден біреуі яки екеуі болмаса, қандай жағдайдаң туындау мүмкіндігін модельдендіріп көр және мұның салдарын елестетуге әрекет ет.

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Мемлекет пен қоғам ұғымдарының ұқсас және өзгеше жақтарын атап көрсет.
2. Қоғам мемлекетсіз бола ала ма? Керісінше, мемлекет қоғамсыз болуы мүмкін бе?
3. Мемлекеттің пайда болуы адамзатқа не берді?
4. Мемлекетіміз аумағында алғашқы мемлекеттік бірлестіктер қашан пайда бола бастаған?
5. Алғашқы мемлекеттікке талдау жаса.
6. Мемлекетшіліктің дамуы мен кемелденуіне не әсер етеді?
7. Бастапқы басқышта мемлекеттер өз қызметін неге сүйеніп жүргізген?
8. Мемлекеттің негізгі белгілерін санап бер.

5- тақырып

Мемлекет функциялары



1



4



3



2



5

Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жанұянда зейнетақы, стипендия және мемлекет жәрдем-ақыларын алатындар бар ма? Бұл төлемдерді кім іске асырады?
2. Қазір жер-жерлерде Мемлекеттік қызметтер орталықтары жұмыс істеуде. Бұл орталықтар қандай қызмет көрсетуін білесін бе? Мемлекет тараапынан бұл орталықтар арқылы тұрғындарға көрсетілетін қызметтерге бірнеше мысал айт.
3. Қалаңың (қыстағыңың) көшелерінде жүргенінде бұл жолдарды кім құрған және жөндеген деп ойлап көрдің бе? Неліктен мұндай жұмыстар іске асырылады деп ойлайсың?
4. Милиция, сот, прокуратура мекемелері болмаса қандай жағдай болуы мүмкін? Сен мұндай жағдайда өмір сұруді қалайсың ба?
5. Құнделікті өмірінен мемлекетпен байланысты болған жағдайларға мысалдар келтір.
6. Мемлекетсіз шешуі қыын болған ділгірліктерге мысалдар келтір.

Кез келген мемлекет өз қызметінің негізгі бағыттарын белгілейді. Бұл бағыттар оның негізгі міндеттерінен келіп шығады.

Мемлекеттің болуы, оның қажеттілігі, мемлекеттің функцияларында өз көрінісін табады. Мемлекет өз қызметінде бірнеше функцияларды (қызмет бағыттарын) іске асырады.



Мемлекеттің функциялары – мемлекет қызметінің негізгі бағыты болып, оларда мемлекеттің әлеуметтік қырлары көрініс табады.

Бұл функциялар мемлекеттің ішінде яки сыртында жүзеге асырылады, сондықтан оларды сыртқы және ішкі функцияларға болуғе болады.

Мемлекеттің қызметтерін үйренген кезде бұл қызметтерді жүйелеу (топтастыру) қолайлы. Жүйелеуді мына белгілер бойынша жүзеге асыру мақсатқа сай.

1. Әрекет ету орны бойынша:

- ішкі;
- сыртқы.

2. Әрекет ету мерзімі бойынша:

- тұрақты;
- уақытша.

3. Әлеуметтік тұрғыдан маңыздылығы бойынша:

- негізгі;
- негізгі емес.

4. Жүзеге асырудың құқықтық түрі бойынша:

- құқықты тудырушы;
- құқықты атқарушы;
- сотқа жататын.

Біз әрекет ету орны бойынша жүргізілетін жүйелеуді егжей-тегжейлі үйреніп шығамыз. Мұның себебі сол, құқықтану пәнінде дәл осы белгіге қарай жүйелеудің маңызы орасан зор деп табылады.

Мемлекеттің ішкі қызметтеріне елдің ішінде жүзеге асырылып жатқан қызметтер енеді. Ал елдің сыртында жүзеге асырылатын қызметтер мемлекеттің сыртқы қызметтерін құрайды.

Егер мемлекет өз қызметтерін атқармақ болса, бұл жағдай одан бірнеше міндеттердің орындалуын талап етеді. Нақ осы міндеттердің орындалу кезегі бойынша мемлекеттің өз қызметтерін жүзеге

асыруға келтіреді. Мемлекеттің атқаратын міндеттерін де салалар бойынша бірнеше түрге жіктеуге болады. Мұнда мемлекеттің ішкі функцияларына байланысты міндеттер төмендегілерден құралады.

Экономикалық міндеттер:

- ◆ Экономикалық саясат жасау және экономикаға әсер ету;
- ◆ Экономиканың мемлекет секторы (зауыт-фабрикалар, электростансалар, кендерді) басқару;
- ◆ Базар қатынастарының құқықтық негіздері мен баға саясатын жолға қою.

Әлеуметтік міндеттер:

- ◆ Тұрғындардың көмекке мұқтаж бөлігін қорғау;
- ◆ Денсаулық сақтау және білім беру жүйесін қолдан-қуаттау;
- ◆ Тұрғындарды әлеуметтік жеміспен қамтамасыз ету.

Саяси-құқықтық міндеттер:

- ◆ Азаматтардың құқын және еркіндігін қорғау;
- ◆ Зандаулық және тәртіпті қамтамасыз ету;
- ◆ Тыныштық пен ұлтаралық татулықты сақтау

Рухани-ағарту міндеттер:

- ◆ Ғылым-білім, білім беруді дамыту;
- ◆ Ұлттық мәдениет және өнерді дамыту.


Қаржылай міндеттер:

- ◆ Салық жүйесі мен кедендік бақылау;
- ◆ Ақша айырбастау бойынша бақылау;
- ◆ Қаржы саласындағы басқа қызметтер.

Қауіпсіздік пен қорғаныс бойынша міндеттер:

- ◆ Тұрғындардың құқын және еркіндігін қамтамасыз ету;
- ◆ Табиғатты қорғау;
- ◆ Мұлк қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ◆ Құқықтық тәртіп орнату.

МЕМЛЕКЕТТИҚ ФУНКЦИЯЛАРЫ



Басқа мемлекеттермен өзара қатынастар жасау мемлекеттің сыртқы функцияларын белгілейді.

Кез келген мемлекет әлемдегі басқа мемлекеттермен әртурлі байланыстарды ретке келтіруге мәжбүр. Сонда ғана оны әлем қауымдастыры мойындауы мүмкін. Бұл байланыстарға төмендегілерді енгізуге болады:

1. Дипломатиялық байланыстар;
2. Сауда-саттық байланыстары;
3. Мәдени байланыстар;
4. Әскери байланыс және басқалар.

Сонымен қатар мемлекет халықаралық ұйымдармен де өзара байланыстарды жолға қоюға тиіс. Халықаралық ұйымдар қатарына Біріккен Ұлттар Ұйымы, Дүниежүзілік сауда ұйымы және басқаларды енгізуге болады.

Бұл халықаралық ұйымдардың ең беделділеріне Өзбекстан Республикасы толық мүшес болып енген.

Шолу жаса!

Мемлекеттің болуы, оның қажеттілігі мемлекеттің функцияларында өз бейнесін табады



1. Суреттерде бейнеленген адамдардың қайсы топқа кіретіндігін анықтауга әрекет жаса.

2. Осы топтагы адамдарға қатысты мемлекет қандай функцияларды жүзеге асырады?

3. Бұл тұрғыда ол қандай міндеттерді орындаиды?

Шығармашылық жұмыс

1. Ойыңдағы шартты мемлекетте азаматтарың үшін қандай жағдай жасаған болар еді?
2. Бұл жағдайларды жасау үшін сенің мемлекетің қандай міндеттерді орындауы керек болатын еді?
3. Бұл міндеттерді орындау мемлекетің қандай функцияларды орындау мүмкіндігін беретін еді?
4. Мемлекеттің қандай халықаралық үйымдарға мүше еткен болар еді? Неліктен?

Пысықтау мен қайталau үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Мемлекеттің функциясы сөзінің маңызын түсіндіріп бер.
2. Мемлекет функцияларының түрлерін бөліп көрсет.
3. Мемлекеттің негізгі міндеттерін атап көрсет.
4. Мемлекеттің міндеттерін маңызды және аса маңызды емес деп бөлуге бола ма?
5. Құнделікті өміріңден мемлекеттің өз міндетін атқарып жатқандырына мысал келтір.
6. Мемлекеттің өз функцияларын орындауы үшін сен өзің қандай көмек бере аласың?

6- тақырып

Мемлекеттің басқару формасы



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Суреттердегі жалаулар қай мемлекеттерге тиесілі?
2. Осы елдердің мемлекет басшыларының аты-жөнін айтыңдар.
3. Жалаулары сол жақта көлтірілген елдердің мемлекеттік басқару жүйесінде қандай жалпылық бар екенін білесің бе? Оň жақтағы елдердің ше?
4. Монархия және республика сөздерімен таныссың ба? Бұл сөздер нені білдіреді?
5. Бұл сөздер сен білген қайсы мемлекеттің аттарымен қоса айтылады?
6. Тарихтан сagan белгілі болған монархия және республикалық мемлекеттерді есіңе түсіріп, оларды атап беруге әрекет етіп көр.
7. Өзбекстанның мемлекеттік басқару жүйсіне қатысты жоғарыда көлтірілген атаулардың қайсы бірі қолданылады? Егер ойлан көрген болсаң қандай қорытындыға келдің?

Мемлекет төмөндегі негіздерге қарай түрлерге бөлінеді:

басқару формасы; аумақтық құрылымы; саяси тәртіп (режим).

Басқару формасына қарай мемлекеттер монархия және республика түрлеріне бөлінеді.



Мемлекет тұрлары дегенде, мемлекеттің басқару, аумақтық құрылышы және саяси тәртібі жағынан қандай формаларда болуы туғанынан түсініледі.

Басқару түрі дегенде, мемлекет билігі, оның мекемелері, халқымен өзара қатынастары, халықтың сол мекемелердің қалыптастыруға қатысу дәрежесі түсініледі.

Монархия – жоғары өкімет, жалғыз билік – мемлекет басшысының қолына шоғырланатын және бұл өкімет билігі ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп берілетін мемлекеттің басқару формасы.



Монархия – грекше сөз болып, жеке билік магынасын білдіреді.

Өзбекстан аумағында тарихта болған монархия басқаруына мысал етіп Темурилер дәуіріндегі мемлекетшілікті атауға болады.

Ұлы сайыпқыран Әмір Темір мен Темурилер дәуірі мемлекет басқаруы және құқықтың дамуында жаңа дәуір болды.

Әмір Темір мемлекет басқаруы саласында өткендегі саяси басқару тәжірибелерін кең пайдаланды. Оның тарихи қызметі мемлекетшіліктің басқару жүйесі, ішкі және сыртқы саясатының тәртіп-ережелері, құқықтың негіздерін жаңа тарихи жағдайда жетілдіруден құралған. Мемлекет басқару жүйесі ислам заң-ережелеріне негізделген. Қазы мен соттар Әмір Темірдің өзінен есеп беріп отырған. Темір қатаң тәртіпті және зандарды өз жинақтарында көрсеткен.

Монархияның негізгі белгілері төмендегілерден құралады:

- 1) монарх мемлекетті жекешелендіреді, сыртқы және ішкі саясатта мемлекет басшысы ретінде алаңға шығады;
- 2) монарх мемлекетті жеке өзі басқарады;
- 3) монархтың билігі қасиетті және құдай берген деп жарияланады;
- 4) монарх өз қызметінде тәуелсіз;
- 5) билікті орнату, қабылдаудың арнайы тәртібі болады;
- 6) өмірбақылық басқару;
- 7) монарх өз басқаруының нәтижесіне заң бойынша жауапты емес.

Монархияның толық және шектелген (яки парламенттік) формалары болады.

Егер монарх өз мемлекет басқаруында оның басқа бір кеңсесімен шектелмесе, мұндай монархия толық монархия деп аталады.

Егер монархияның билігі Конституция негізінде жүзеге асатын бір кеңсемен шектелсе, ондай монархия – шектелген, конституциялық, парламенттік басқару формасындағы монархия болады (мәселен, Ұлыбритания, Дания, Норвегия, Швеция).

Республика мемлекет басқаруында өкіметтің жоғары кеңселері белгілі мерзімге сайланады.

Республика формасындағы басқаруға ие мемлекеттің негізгі белгілері төмендегідей:

- өкімет жоғары кеңселерінің сайлануы;
- өкімет өкілеттігінің бөлінуі;
- өкімет жоғары кеңселерінің өз қаулыларын сайланған мерзімі кезінде қабылдауы;
- зандардың орындалуын бақылаушы кеңсе болған соттардың беделінің артуы;
- азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатыса алуы.

Республикалар президенттік республика, парламенттік республика, аралас формадағы республика түрлеріне бөлінеді.



“Республика” сөзі грекше “жалпы жұмыс” мәғынасын білдіреді.

Президенттік республикада мемлекетті тікелей халық сайлайтын және өте көп өкілетке ие Президент басқарады. Ол атқарушы өкіметті тікелей басқарады.

Президенттік республикаға мысал ретінде АҚШ, Бразилия, Аргентина мен Мексика сияқты мемлекеттерді келтіруге болады.

Республика формасындағы басқарудың тағы бір көрінісі — аралас басқару. Мұндай басқаруда президенттік және парламенттік республикалар элементтері аралас болады.

Парламенттік республикаға мысал ретінде Италия, Германия, Португалия, Греция, Ирландия мен Үндістан сынды мемлекеттерді келтіруге болады.



Кемел мемлекет оның тұрғындары өзара көмектесуге, адамгершілікке, адамилық мейір-шапағатқа, оның ең құнды байлық екенін аңғаруға, жақсылыққа негізделуі керек.

Фараби



Кестені саяси тәртіппің белгілерін көрсетіп толтырып.

Мемлекеттің аты	Монархия	Республика
Украина		
Швеция		
Мексика		
Франция		
Кувейт		
Польша		
Нигерия		
Иран		
Ауганстан		
Бельгия		
Исландия		
Дания		
Сауд Арабиясы		
Марокко		
Чили		
Куба		

Шолу жаса!

Мемлекет жұмыстарының 9 үлесін кеңес, шара және мәслихат арқылы, қалған бір үлесі қылышпен орындалуын түсіндім.

(Ә. TEMIP)

Қанатты сөздердің асыл қазынасынан!

Егер биліктің айналасында әділдік болмаса, ол ыдырайды.

(Әбу Бакр Харезми)

Шығармашылық жұмыс

Төмендегі кестені дәптеріңе сыз және мемлекет басқару белгілері негізінде толтыр.


<i>Монархиялық басқару</i>	<i>Республикалық басқару</i>
<p><i>Үлгі:</i></p> <p>— монарх мемлекетті менишік-тендіреді. Сыртқы және ішкі саясатта мемлекет басшысы ретінде алаңға шығады.</p> <hr/> <hr/> <hr/>	<p><i>Үлгі:</i></p> <p>— өкіметтің жоғары мекемелері сайлан қойылады.</p> <hr/> <hr/> <hr/>

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар тапсырмалар

1. Мемлекеттің түрлерге бөлінуінде не негіз етіп алғынады?
2. Басқару формасы дегенде нені түсінесінер? (Бұл сөздердің түсіндірмелі сөздіктең мағынасына назар аудар).
3. “Монархия” сөзінің түсіндірмелі мағынасы бұл атаудың мәніне сай келе ме?
4. “Толық монархия” мен “шектелген монархия” атауларының айырмашылық және ұқсас жақтарын атап көрсет.
5. Темурилер мемлекеті кезінде басқару қандай негізде жолға қойылған еді?
6. “Республика” сөзінің түсіндірме сөздіктең мағынасы бұл атаудың мәнін қай дәрежеде көрсете алады?
7. Республиканың қандай түрлері бар?
8. Олардың айырмашылық пен ұқсас жақтарын атап бер.

7- тақырып

Мемлекеттің құрылу формасы



Унитарлық



Федеративтік



Конфедеративтік



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Суретке қарап "унитарлық", "федеративтік" және "конфедеративтік" сөз атауларын түсіндіруге әрекет ет.
2. Ресей Федерациясының неліктен бұлай аталауы жөнінде не дейсің? Бұл сұраққа өз пікіріңді білдіруге әрекет ет.
3. Еуропа Одағы деген атап саған таныс па? Бұл атаудың, мағынасын шамалап болса да айтып беруге әрекет етіп көр.
4. Венгрия, Латвия, Польша секілді мемлекеттердің аты аталғанда неліктен федерация яки конфедерация сөзі қосылып айтылмауының себебін анықтауга әрекет етіп көр.
5. Өзбекстан Республикасын сен қайсы мемлекеттер қатарында атап өткен болар едің? Неліктен?

Мемлекеттер құрылышы жағынан қарапайым (унитарлық) және құрделі (федеративтік, конфедеративтік) болуы мүмкін.

Унитарлық мемлекетте бүкіл мемлекет көлемінде жалпы жүйеге ие болған заңдылық, атқарушы және сотқа жататын кеңселер болады.

Унитарлық мемлекеттің белгілері:

- ◆ біріңғай конституцияға, біріңғай заң шығару жүйесіне;
- ◆ біріңғай армияға ие болу;
- ◆ біріңғай ақша бірлігіне ие болу;

- ◆ құрамдық бөлімдер, яғни құқықтық-нормативтік бөлімге ие болу;
- ◆ барлық құқықтық-нормативтік бірліктер үшін ортақ салық және несие саясатының енгізілгені ;
- ◆ бірінғай азаматтықтың енгізілгені.



Мемлекеттің құрылыш түрі – оның әкімшилік-аумақтық жағынан ұйымдастырылуы.



Унитар – латынша сөз болып, қарапайым, жеке деген магынаны білдіреді.

Бірыңғай заңдылық жүйесі
Бірыңғай азаматтық
Бірыңғай ақша бірлігі
Бірыңғай салық және несие саясаты
Дербес армия

Федеративтік мемлекеттің унитарлық мемлекеттен айырмасы сол, ол — күрделі мемлекеттік құрылыш болып саналады. Федеративтік мемлекет бірнеше мемлекеттердің бірігуінен құрылады. Олардың субъектілері штат, өлке, республика, әмірліктер деп аталуы мүмкін. Федерация субъектілерінің өз әкімшилік-аумақтық бөлімдері болады. Бұл мемлекеттер өзара біріккеннен кейін федерация мүшелері есептеліп, негізгі өкімет өкілдіктері федерацияның орталық мекемелеріне беріледі.




Федеративтік мемлекет – бірнеше мемлекеттердің бірігуінен пайда болған күрделі, одактас мемлекет.

Федеративтік мемлекеттің белгілері төмендегілер:

- ◆ федерация аумағы оның субъектілерінің аумағының жиындысынан тұрады;
- ◆ жоғары заң шығарушы, атқарушы және сот билігі федерал мемлекет кеңселеріне тиесілі болады;

- ◆ федерацияның жалпы конституциясы оның субъектілері мен федерацияның аумактың катынастарын белгілейді;
- ◆ федерация субъектілерінің әрбірі жеке-жеке өзінің конституциясына, заң шығарушы, атқарушы және сот органдарына ие болады;
- ◆ федерацияның жоғары заң шығарушы кеңесі екі палаталы болады. Мұнда жоғары палата федерация мүшелерінің мүддесін белгілейді.

Бұгінде әлемде 20-дан астам федеративтік мемлекет бар.



Әйтсе де Федерация және оның субъектілері арасындағы қарым-қатынастар әрқашан да оңтайлы бола бермейді. Мұны ыдырап кеткен Кеңес Одағы, Чехословакия, Югославия секілді федерациялар мысалында көрүімізге болады. Енді, мемлекеттер әртурлі мақсаттарды қозделеп, өз егемендігі мен тәуелсіздігін сақтай отырып бірігуі де мүмкін. Бұл жағдайда мұндаидай одақ Конфедерация деп аталаады. Конфедерацияда дербес аумақ, жеке азаматтық болмайды. Әрбір мемлекет халықаралық құқықтың тәң құқықты субъекті болады.




Конфедерация (латыниша –одақ, бірлестік) өз егемендігі мен тәуелсіздігін сақтай отырып белгілі мақсатқа жету.

Конфедерацияның белгілері төмендегілер:

- ◆ тәуелсіз мемлекеттер белгілі мақсаттарға жету үшін берігеді;
- ◆ конфедерация берік болмаған құрылым;
- ◆ біріңғай аумақ болмайды (конфедерацияның аумағы оның мүшелері болған мемлекеттердің аумағынан құралады);
- ◆ жалпы азаматтық болмайды;
- ◆ конфедерация мүшелеріне еркін шығу құқы болады ;
- ◆ конфедерация мүшелері одақ билігі заң құжаттарын мойындаамауы немесе қолданбау құқына ие болады (нулификация жасау);
- ◆ Конфедерация онша көп болмаған мәселелерді шешеді;
- ◆ конфедерацияның қаржысы оның мүшелерінің қалауындағы журналардан құралады.

Конфедерация заңдарын тән алмау құқы



Шолу жаса!

Мемлекеттің құрылымдық түрі оның әкімшілік-аумақтық құрылышы болып табылады.

Шығармашылық жұмыс

1. Ойындағы шартты мемлекетіңің құрылымдық формасын анықта.
2. Сыныпастарыңмен әр түрлі құрылымдық түрдегі мемлекеттер құрастыр.
3. Құрылымдық турлеріне қарай бірдей мемлекеттерге ие болған оқушылар бірігіп, уш топқа бөлініңдер.
4. Әрбір топ өзі таңдаган құрылымдық турлерінің ерекшеліктерін айтып берсін.
5. Альтернативтегі топтар көрісінше бұл құрылыш формасының кемшиліктерін көрсетсін.

Шығармашылық жұмыс

Төмендегі кестені дәптеріңе сый, ата-анаң немесе үлкендер көмегімен оны толтыр.

<i>Мемлекеттер</i>	<i>Басқару формасы</i>	<i>Құрылу формасы</i>
Өзбекстан	республика	унитар
Ресей		
АҚШ		
Иран		
Испания		
Бразилия		
Қазақстан		
Ұлыбритания		

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Мемлекеттің құрылымдық турлерін атап көрсет.
2. Мемлекеттердің құрылыштары әртүрлі болады. Мұның себебі не деп ойлайсындар?
3. Унитарлық мемлекеттерге мысал келтір.
4. Федеративтік мемлекеттерге мысал келтір.
5. Конфедеративтік мемлекеттерге мысал келтір.
6. Федеративтік және конфедеративтік мемлекеттердің кейде ыдырап кетуіне не себеп болады деп ойлайсың?

Мемлекеттің формалары

Басқару формасы

► Монархия

Кұрылым формасы

► Республика

Саяси тәртіп

► Унитарлық Федеративтік Конфедеративтік

► Демократиялық

► Антидемократиялық

Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. *Демократия сөзін көп рет естіген болсаң керек. Оның мәні неде деп ойлайсың?*
2. *“Антидемократиялық” атауының мағынасын түсіндіріп беруге әрекет ет. Мұндағы сөздің құрамына назар аудар.*
3. *Фашистер туралы көп оқығансың яки фильмдер көргенсің. Фашистердің құлқынан қорытынды шығарып, фашизм туралы өз пікіріңді білдір.*
4. *Бұрынғы Одақты, көбінесе, тоталитарлық мемлекет деп атауын естіген болсаң керек. Бұл нені білдіретіні жайлы ойланғансың ба ? Пікіріңді баяндан бер.*
5. *Сызбага қарай нені түсінгеніңді айт.*
6. *Сызбадағы атаулар бойынша, әрбір мемлекет формасына анықтама беруге әрекет ет.*

Мемлекет билігін жүзеге асыру әдістерінің жиынтығы **саяси тәртіп** деп аталады. Мемлекеттегі саяси жағдай, яғни қоғамдағы саяси бостандық дәрежесін осы саяси тәртіп белгілейді. Бірер бір мемлекеттегі саяси тәртіп туралы айтқанда, бірінші кезекте осы мемлекет үкіметінің қалай құрылғаны, адам құқы мен еркіндігінің қалай қамтамасыз етілгені, саяси пікірлердің түрлілігі, халықтың әлеуметтік белсенділігі ескеріледі. Мемлекеттегі заңдылық, қылмысқа қарсы

күрес және тәртіптең істерде жүзеге асырылуда қолданылатын әдістер де саяси тәртіпті анықтайтын белгілері болып табылады.



Билік басында тұрган саяси күштердің мемлекетті басқарудағы қолданатын әдістерінің жиынтығы саяси тәртіп деп аталады.

Саяси тәртіп негізінен екі түрлі болады:

- Демократиялық;**
- Антидемократиялық.**

Демократиялық тәртіп жағдайында адамның саяси және азаматтық құқыктары құрметтеледі. Азаматтар мемлекеттік билік мекемелерін құруға және олардың қызметіне белсене қатысады. Демократиялық биліктің жалғыз қайнар көзі халық.



“Демократия” – грекше “халық билігі” – деген мағынаны білдіреді.

Егер мемлекетте демократиялық тәртіп үстем болса, бұл мемлекетте азаматтар барлық құқық пен еркіндіктерді толық пайдаланады, мемлекет оған жан-жақты кепілдік береді және қорғайды.



Адамның саяси және азаматтық құқыктары тән алынып, құрметтелетін, мемлекет басқаруы азшылықтың көпшілікке мойынсұнуы принципі негізінде жүзеге асырылатын және азшылықтың мұдделері қоргалатын саяси демократиялық тәртіп — демократиялық саяси тәртіп деп аталады.

— саяси тәртіп деп аталады.

Демократиялық тәртіптің белгілері:

- 1) жеке тұлғаның экономикалық жағынан еркін болуы;
- 2) адам мен азамат құқыктары мен еркіндігінің тән алынуы және кепілдік берілуі;
- 3) мемлекет басқаруы азшылықтың көпшілікке мойынсұнуы принципі негізінде жүзеге асырылады;
- 4) билік өкілеттіктерінің бөлінуі;
- 5) әлеуметтік өмірде пікірлердің саналуандығы (плюрализм), әлеуметтік саяси бірлестіктердің көптігі;
- 6) заң үстемдігі.

Демократиялық мемлекетте идеялық және саяси сан түрлілік конституция тарапынан қолдан-куатталынып, саяси партиялардың қызметіне рұқсат етіледі. Саяси партиялар жоғары және жергілікті билік кеңселеріне депутаттарды сайлауға қатысу арқылы өздері мүмкіндігінше көбірек мүшелерін билік мекемелеріне енгізуге әрекет етеді. Демократиялық сайлауда женғен саяси партиялар өкіметті құру және сол арқылы өз саясатын жүргізу құқығына ие болады.

Тікелей және өкілдік демократиялар ерекшеленеді. Тікелей демократияда негізгі қаулыларды барлық азаматтар тікелей референдумдарда, сайлауларда және жиналыстарда қабылдайды. Ал өкілдік демократияда қаулыларды сайлауда құралған саяси органдар – заң шығаратын мекемелер (Сенат, Заң шығару палатасы) жергілікті кеңестер қабылдайды.

Демократияға қайшы тәртіп – **антидемократиялық тәртіп** деп аталады. Бұл тәртіптегі мемлекет кеңселері билігін жүзеге асырғанда демократиялық принциптерді орындаамайды. Керісінше, оларды үнемі жояды яки жиі бұзады. Өз-өзінен белгілі болуынша, мұндай тәртіpte азаматтардың құқық пен еркіндігі аяқасты болады, дөрекі түрде бұзылады, кейде өте жауыздықпен оппозиция жойылады. Кейде парламент секілді демократиялық институттар жойылады.

Антидемократиялық тәртіптің ішінде фашистік және тоталитарлық тәртіpterді ерекше көрсету мақсатқа сай келеді.



Демократияға қайшы тәртіп – антидемократия.

Фашистік режим үстемдік етken мемлекетте кез келген оппозиция жойылады. Бір ұлттың билігі жарияланады. Басқа аумактарды басып алуға әрекет қүшінеді. 1933-1945 жылдары фашистік Германия және сол дәуірдегі фашистер Италиясы фашистік тәртіптегі мемле- кеттерге мысал бола алады.

Жеке партияның үстемдігі, құқық пен еркіндігінің аяқасты болатын кері қасиеттерге ие болған тәртіп тоталитарлық тәртіп дейіледі. Тоталитарлық тәртіpte өзгеше пікірлеуге қарсы құрес жүргізіледі, сайлаушылардың сайлауда баламалы депутаттарды сайлау мүмкіндіктері болмайды. Тоталитарлық мемлекетке мысал ретінде Бүрінғы Кеңес Одағын келтіруге болады.

Мемлекет басқаруын жүзеге асыру арнаулы кеңселер тарапынан

жүзеге асырылады және бұл кеңселер құқықтану ғылымында мемлекет мүшелері деп енгізіледі.



Мемлекеттік мекеме – заңға сәйкес өзінің жүйесіне, әлеуметтік өмірдің белгілі саласын басқару бойынша анық бір белгіленген өкілеттікке ие болған мемлекеттік мекеме яки кеңсе.

Мемлекеттік мекемелер мына түрлерге бөлінеді:

- а) өкілдік органдар; заң шығарушы, жергілікті халық депутаттар кеңесі;
- б) атқарушы органдар; мемлекет басшылығы (президент, монарх), өкімет, министрлік және мемлекеттік комитеттер, құқықты қорғау мекемелері (прокуратура, ішкі істер министрлігі және басқалар);
- в) жергілікті мекемелер (облыс, аудан және қала әкімдері);
- г) Сот және Конституциялық бақылау мекемелері: Конституциялық сот, Жоғарғы Сот және жалпы соттар, Жоғары Шаруашылық соты және оның облыстық (қалалық бөлімдері). Мемлекет басқаруын жүзеге асыратын барлық мемлекет мекемелері тұтас жүйені құрайды және бұл жүйені мемлекет механизмі деп енгізіледі.



Мемлекет механизмі – қоғамды басқару және халық мудделерін қоргауды жүзеге асыратын мемлекет мекемелерінің тұтас құрамы.

Демек, мемлекеттік органдар мемлекет механизмінің құрамдық бөлігі болып, олар әлеуметтік өмірдің белгілі саласын басқару бойынша қажетті өкілетке ие. Әрбір мемлекеттік орган басқа мемлекеттік органдармен, яғни мемлекет механизмінің басқа құрамдық бөлімдерімен тығыз байланыста болады.



Өзбекстан Республикасында демократия жалпыадамлық қагидаттарға негізделеді, соган орай адам, оның өмірі, еркіндігі, ар-намысы, қадір-қасиеті және басқа да дербес құқықтары жоғары құндылық саналады.

Демократиялық құқық және еркіндік Конституция және заңдармен қоргалады.

13-бап

1. Конституциямыздың жоғарыда айтылған бабының мазмұнын өміршең мысалдармен түсіндіруге әрекет жаса.

2. Өзің жасаітын аумақтағы Халықты қабылдау болмелерінің қызметі, республикалық және облыстық мемлекеттік органдардың «Көшпелі қабылдауларын» ұйымдастыруының еліміздегі демократиялық реформалардың үлгісі екенін дәлелдеуге әрекет жаса.

Қанатты сөздердің асыл қазынасынан!

Патша өзін әділдікпен әрлендіруі керек, халық мұндай патшага құрмет көрсетуі керек.

(Абдуллах Мукни)

Шығармашылық жұмыс

1. Ойындағы шартты мемлекеттіңде қандай саяси тәртіп болғандарын анықта. Мұнда сыныптастарыңың ойындағы шартты мемлекеттеріндегі саяси тәртіптердің әртүрлі болуын қамтамасыз етуге әрекет ет.
2. Саяси тәртібі жасағынан бір түрлі болған шартты мемлекеттері бар топ баламалы (альтернативті) топқа өз мемлекеттіндегі саяси тәртіпті түсіндіріп бер.
3. Баламалы топ бұл мемлекеттің кемшиліктерін табуга әрекет етсін.
4. Шартты мемлекеттіңің мемлекеттік құрамына қандай мемлекет мекемелері кіруін жазып көрсөт.

Пысықтау мен қайталау үшін арналған сұрақтар және тапсырмалар

1. Саяси тәртіп деген не?
2. Саяси тәртіп түрлерін айтып бер.
3. “Демократия” сөзінің сөздіктегі мағынасы мен «демократия» атауының мәнін салыстыруға әрекет ет.
4. Демократиялық тәртіптің негізгі белгілерін атап өт.
5. Демократиялық тәртіп үстемдік еткен мемлекеттегі азаматтардың жағдайын түсіндіріп бер. Осындай мемлекеттерге мысал келтір.
6. Фашизм жөнінде не білесін?
7. Бұрынғы Кеңес Одағында азаматтардың саяси еркіндігі қандай жағдайда еді? Құқықтары ше?
8. Сен мемлекет мекемесі дегенде нені түсінесін?
9. Мемлекет механизмі мен мемлекет мекемелері ұғымдарының арасында қандай байланыс бар?
10. Мемлекет мекемелерінің түрлерін атап өт.

Тарау бойынша жалпы қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

Атауларға сай сипаттамаларды белгіле.

1. Саяси тартиб

5. Мемлекет органдар

2. Мемлекет

6. Мемлекеттің формалары

3. Қоғам

7. Мемлекеттің құрылымы

4. Мемлекет функциялары

8. Мемлекет механизмі

a) — оның әкімшилік-аумақтық құрылымы.

б) — мемлекет билігін жүзеге асыру әдістері жүйесі.

в) — белгілі аумақта тұратын, өз қажеттілігі мен мүдделеріне қарай біріккен тұлғалардың белгілі түрде құрылған үжымы.

г) — бұқаралық мемлекет билігі, оның мекемелері, халықтың бұл мекемелердің жетілдірілуінде қатысу дәрежесі.

д) — мемлекет қызметтің негізгі бағыттары болып, оларда мемлекеттің әлеуметтік жақтары іске асырылады.

е) — заңға сәйкес өз жүйесіне, әлеуметтік өмірдің белгілі саласын басқару бойынша анық белгіленген өкілеттікке ие болған мемлекеттік кеңсе немесе мекеме.

ж) — қоғамды басқару және халық мүддесін қорғауды жүзеге асыратын мемлекет мекемелерінің тұмас құрылымы.

з) — билікке ие, өз аумағындағы адамдардың мүдделерін қорғайтын, халықаралық қарым-қатынастарды жүзеге асыратын тәуелсіз саяси үйім.

Тарау бойынша ұлгі тесттер

- 1. «Адам құқықтарының жалпы әлемдік декларациясы» қашан қабылданған?**
а) 1948 жылғы 10 декабрь күні; б) 1946 жылғы 10 декабрь;
в) 1991 жылғы 18 ноябрь күні; г) 1945 жылғы 18 ноябрь.
- 2. Өзбекстан Республикасы Конституциясының кіріспе бөлімі не деп аталады?**
а) Негізгі қағидаттар; б) Кіріспе;
в) 1 Бөлім; г) Соңғы сөз.
- 3. Мемлекеттік билікті жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерінің жүйесі заң негізінде қалай аталады?**
а) Мемлекеттің басқару түрі; б) Мемлекеттың құрылутүрі;
в) Мемлекеттің қызметі; г) Саяси режим.
- 4. «Суверенитет» деген сөз қандай мағынаны білдіреді?**
а) Мемлекеттің өзінің ішкі тұрмысында басқа мемлекеттерден тәуелсіздігін;
б) Мемлекеттің өзінің ішкі тұрмысы мен сыртқы байланыстарында басқа мемлекеттерден тәуелсіздігін;
в) Мемлекеттің өзінің ішкі тұрмысында және басқа мемлекеттермен қарым-қатынасындағы тәуелділігін;
г) Мемлекеттің басқа мемлекеттің құрамына кіргендігін.
- 5. Өзбекстан Республикасының тәуелсіздігі қашан жарияланды?**
а) 1990 жылғы 20 июнь күні; б) 1991 жылғы 31 август ;
в) 1992 жылғы 10 декабрь күні; г) 1992 жылғы 8 декабрь күні.
- 6. «Демократия» деген сөз қандай мағынаны білдіреді?**
а) Халық өкіметі; б) Президенттік басқару;
в) Дара билік; г) Тәуелсізік.
- 7. Конституцияда баянды етілгендей, Өзбекстан бұл – ...**
а) егеменді демократиялық республика;
б) тәуелсіз демократиялық республика;
в) тәуелсіз халықтық-демократиялық республика;
г) егеменді және тәуелсіз демократиялық республика.
- 8. Басқару формасы бойынша мемлекеттердің қандай түрі бар?**
а) Монархия, Унитарлы; б) Республика, Федерация;
в) Монархия, Республика; г) Федерация, Конфедерация.

«Халық мемлекеттік органдарга емес, мемлекеттік органдар халықта қызмет етуі керек» деген қагидат барлық бұындағы басшылардың қызметінде негізгі ережесеге айналуы керек.

Шавкат Мирзияев

II ТАРАУ АЗАМАТТЫҚ ҚОГАМ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ



*Құқықтық мемлекет
Азаматтық қоғам*

*Өзбекстанның азаматтық қоғамның негіздері
Өзбекстан Республикасындагы құқықтық реформалар
Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті*





Әбу Насыр Фараби өзінің «Білімді адамдар қаласы» шығармасында, «Талхису навомиси Афлотун» («Афлатун зандарының мәні») атты шығармаға негізделіп былай дейді:

«Афлатунның айтуынша, ең қыын іс — занды енгізу. Заңға күмәнмен қарау және заңға қарсы шағым жасау ең оңай іс. Халық зандарға қажеттілік сезінуі және оларды зерттеуі қажет, өйткені олар кейін халықтың өзіне пайда келтіреді».

Әділетті қоғамның негізгі жолдарын Фараби төмендегідей баяндап берген:

- ◆ Білімді (12 қасиетке ие) мемлекет басшысы мен ұқімет мүшелерінің болуы.
- ◆ Заң-ережелердің болуы және оларға мемлекет басшыларының, барша халықтың мойынсұнуы.
- ◆ Гылым мен білімнің өркендеуі.
- ◆ Жақсы тәртіп және мінез-құлықтың адамдар бойында қалыптасуы.
- ◆ Мемлекеттің соғыс және басқыншылықтарға қарсы болуы, мемлекетте бейбітшілік, тұрақтылық орнатылуы.

Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Білімді адамдар қаласы» шығармасында Әбу Насыр Фарабидің әділетті қоғамның негізгі белгілері қазіргі заман қоғамында болса, мұндаи қоғамда жасаітын азаматтарды бақытты азамат деуге бола ма?
2. «Азаматтық қоғам» атауын көп естігенсің. Осы атау нені білдіретіні туралы ойлан көрдің бе? Осы атаудың мағынасын шамалап айтып бер.
3. «Азаматтық қоғам әрқандай қоғам мүшелерінің ежелгі арманы» деген ой көп айтылады. Осы пікірдің шындығын Әбу Насыр Фарабидің шығармасынан алынған үзіндіні пайдаланып дәлелде.

Қоғам және азаматтық қоғам. Азамат және азаматтық жөніндегі ұғымдар пайда болған дәуірлерден бастап азаматтардың ортақ бірлестігі ретінде қоғам түсінігі пайда болды. Бұл түсінік, ен алдымен, Шығыста, соның ішінде, ертедегі Вавилонда «Хамурапи зандары», көне Түранда «Авесто» саяси және құқықтық-ақылақтық іліміне байланысты отқа табынушылық, яғни зардыштылік дәуірінде, одан кейін ертедегі Эллада және Римде пайда болды.

Азаматтық қоғамды көз алдына елестетуді оңайлату үшін оның негізгі белгілерін санап шығу мақсатқа сай. Азаматтық қоғамның негізгі белгілерінің құрамына мыналар кіреді:

- менишіктің әртүрлі нысандарының бар болуы;
- менишіктің барлық түрлеріне бірдей қатынаста болу, яғни менишік түрлерінің заң аясында теңдігі;
- еркін еңбек ету және кәсіп таңдау үшін қолайлы жағдайлар бар;
- кәсіпкерлікпен айналысу үшін түрлі қолайлы жағдайлардың жаратылғаны;
- саяси еркіндіктердің болуы;
- пікірлердің әртүрлілігі, ақпарат алу бостандығының бар болуы;
- адамның құқықтары мен еркіндігінің қорғауға мүлтіксіз кепіл болуы;
- өзін-өзін басқару органдарының жетілгенделілігі;
- әділетті құқықтық биліктің бар болуы;
- заң үстемдігінің қамсыздандырылғаны.

Азаматтық қоғам – жетік азаматтардан, яғни тығызыз байланыста болған, сондай-ақ құлықтық, құқықтық және саяси мәдениетке ие болған адамдардан тұратын қоғам.

Демек, азаматтық қоғам –жетік азаматтардан, яғни тығызыз байланыста болған және құлықтық мәдениетке негізделетін құқықтық және саяси мәдениетке ие адамдардан құралған қоғам. Азаматтық қоғам тек қана мемлекеттің ғана күшімен емес, сонымен бірге оның мүшелері болатын азаматтарының өздері арқылы орнықсан және қалыптасқан қоғам болып табылады Мұндай қоғам өзі жоғары дәрежеде ұйымдасуымен мемлекеттің күшті ықпалын талаپ етпейді.

Керісінше, мемлекет мұндай қоғамның бақылауында болуы керек, себебі мемлекет – азаматтық қоғамның «жалданған қызметкері». Мұндай қоғам тек өзінің саяси, мәдени өмірімен бірге экономикалық, әлеуметтік өмірін де өзі басқарады.

Барлық қоғамдар да азаматтық қоғам емес. Азаматтық қоғам жоғары дәрежедегі әлеуметтік даму белгісі десек дүрыс болады.

Азаматтық қоғамды толық елестету үшін оның қасиеттерін білудің маңызы аса зор бар. Азаматтық қоғамның қасиеттері экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани салаларда айқын байқалады.

Азаматтық қоғамның қасиеттері мыналар арқылы байқалады:

Экономика саласында: беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдардың, серіктестердің, акционерлік компаниялардың, корпорациялардың, фирмалардың болуы, сондай-ақ олардың жемісті қызмет етуі үшін қолайлы жағдайлардың жаратылуы.

Әлеуметтік-саяси салада: азаматтар, жанұялар, саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар, өзін-өзі басқару органдары, беймемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік қайшылықтарды заң шенберінен шықпай жою мүмкіншілігі, жергілікті халықтың пікірін үйрену, қалыптастыру және білдіру үшін жағдайлардың бар болуы.

Рухани салада: сөз және пікір айту еркіндігі, ождан бостандығы, шығармашылық бірлестіктердің тәуелсіздігі, ғылыми бірлестіктердің тәуелсіздігі, рухани қауіп-қатерден қорғаныс табудың қамсыздырылғаны.

Қазіргі азаматтық қоғам жағдайындағы өмір міндетті түрде құқыққа сүйенген ғұмыр болуы керек. Өйткені азаматтық қоғамдағы құқық жоғары дәрежеде дамыған болуға тиісті. Сондықтан азаматтық қоғам жағдайында жеке адамның басқа адамдармен немесе мемлекетпен қарым-қатынасы заңды нормаларға негізделген болуы, яғни бұл қарым-қатынастардың құқық аясында жүзеге асырылуы керек.

Азаматтық қоғам мемлекеттің басымынсыз, заң шенберінде пайда болған белгілі азаматтық қоғамның ерікті өзін-өзі басқару деп түсініледі. Осы азаматтық қоғамды дамыту республикамызда жүзеге асырылып жатқан реформалардың негізгі мақсаты.

Өзбекстанда азаматтық қоғамның төмендегі белгілері бар:

1. Саяси партиялар және әлеуметтік-саяси әрекеттер.
2. Қоғамдық құрылымдар.
3. Беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдар.
4. Тәлім-тәрбие мекемелері.
5. Діни ұйымдар.
6. Ұлттық мәдени орталықтар.
7. Жүртшылық пікірін үйрену ұйымдары.
8. Жанұя және оның мұддесін бейнелейтін арнайы ұйымдар.
9. Азаматтардың өзін-өзі басқару органдары.
10. Бұқаралық ақпарат құралдары.
11. Демократиялық сайлау жүйесі.

Бүгінде елімізде азаматтық институттардың рөлі мен маңызын

арттыруға, азаматтардың ең маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге бағытталған заң құжаттар қабылданғаны және қабылданып жатқаны, мындаған беймемлекеттік бейкомерциялық үйымдардың жұмыс істеп жатқаны, атап айтқанда, саяси партиялар, кәсіподак үйымдары, Өзбекстан әйелдер комитеті, «Соғлом авлод учун», «Нуроний» қорлары, «Ижод» қоры, Өзбекстан жастар одағының қызметі елімізде азаматтық қоғамның дамып жатқанының айқын дәлелі. 2018 жылғы 1 шілдеде елімізде Әділет министрлігіне тіркелген азаматтық қоғам институттарының саны 9,478-ді құрады.

Өзбекстанда азаматтардың өзін-өзі басқару құрылымдары бар, бұлардың ішінде махалла ерекше маңызға ие. Жасап жатқан жеріндегі ұлттық өзін-өзі басқарудың өзіне тән моделіне ие махалла, халқымыздың сан ғасырлық дәстүрлері және әдет-ғұрпына сүйеніп, маңызды үйымдастырушылық-экономикалық тәрбиеге ие функцияны орындаиды.

Елімізде жұмыс істеп жатқан адам құқы бойынша үйымдар да азаматтық қоғам институттарына мысал болады. Олар төмендегілер: Омбудсман; Адам құқы бойынша ұлттық орталық; «Әлеуметтік пікір» жүргіштік орталығы; Қолданыстағы заң құжаттарын мониторингілеу институты, тағы басқалар.

Президентіміз Шавкат Мирзияевтың «Мемлекетті демократиялық жаңалау үдерісінде азаматтық қоғам институттарының рөлін түбекейлі арттыру іс-шаралары туралы» жарлығы негізінде Өзбекстан Республикасы құзырындағы азаматтық қоғамды дамыту бойынша мәслихат кеңесінің құрылуы «3-сектор» деп аталған азаматтық қоғам институттарын қолдап-қуаттау және елімізде азаматтық қоғам дамуын жаңа басқышқа көтеруде аса маңызға ие болды.

Соңғы жылдары азаматтық қоғам институттарын қалыптастыру және дамытуға қаратылған бір қатар заң құжаттары қабылданды. Бұл заң құжаттарының қабылдануы:

- Азаматтық қоғам институттарын құру және дамыту;
- Олардың тәуелсіздігін және толыққанды жұмыс істеуі заңдылықты жарату; олардың материалдық техникалық базасын жолға қою;
- Олардың әлеуметтік белсенділігін арттыру;
- Олардың мемлекет және билік құрылымдарының қызметіне әсер ететін бақылауын жүзеге асырудың рөлін арттыруда қызмет етеді.

Құқықтың ұstemдігі Өзбекстанда азаматтық қоғамды дамытудың маңызды элементі.

Кеңпейілділік пен ынтымақта жұмыс істеу халқымыздың менталитетіне тән. Өзбекстанда азаматтық қоғамды дамытуда міне, осы ерекшеліктер жетекшілік ететініне сенім білдіруге болады.

Өзбекстанда азаматтық қоғамның дамуын төмендегі негізгі бағыттарда жүзеге асыру мақсатқа сай:

- 1) Жеке мұлікті мемлекеттің иелігінен шығару;
- 2) Көппартиялық жүйені дамыту;
- 3) Өндірісті дамыту;
- 4) Баламалы әлеуметтік бағдарламалар жасау.

Өзбекстанда жастар азаматтық қоғамы әлеуметтік негізінің өзегін күрауы керек.

Азаматтық қоғам жағдайында мемлекет пен тұлға құқықтың тән субъектілері ретінде қызмет етеді. Бұл өз кезегінде құқықтық демократиялық мемлекет жағдайында ғана болуы мүмкін жайт.

Қорыта айтқанда, азаматтық қоғамда мемлекет тараапынан белгілі кепілдіктер жүйесі ұйымдастырылуы керек. Қазірде Өзбекстан Республикасында қабылданып жатқан заң, жарлық және өкімдер тізімі міне осындағы жүйеге мысал бола алады.

Қанатты сөздердің асыл қазынасынан!

Әділем — ақыретте қорғаныс, әлемдегі ізгіліктің басталуы (Әли ибн Абу Талиб)

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Азаматтық қоғамды қалай түсіндіруге болады?
2. Азаматтық қоғам қандай белгілерімен өзгешеленеді?
3. Азаматтық қоғамның ерекшеліктерін сана.
4. Азаматтық қоғам жағдайында мемлекеттің рөлі қандай?
5. Өзбекстанда азаматтық қоғамның қандай белгілері бар?
6. Өзбекстанда азаматтық қоғамның қандай институттары бар?
7. Өзбекстанда азаматтық қоғамды дамыту бойынша қандай істер жүзеге асырылады?

10- тақырып**Құқықтық мемлекет**

Төмендегі үш түрлі мемлекеттің сипаттамасын оқы және берілген тапсырмаларды орында.

1-мемлекетте: Бірынғай саяси және экономикалық жүйе болады. Бұл мемлекетте басқару орталықтан жіберілетін қатаң жарлық, бұйрық және жоспарлар арқылы жүзеге асырылады. Бұл құжаттарда экономикалық және әлеуметтік салаларда барлық азамат пен ұйымдардың қандай қызмет көрсетуі айқын белгіленген. Нұсқауларды бұзғаны үшін қандай жаза шаралары қолданылуы да анық көрсетілген.

2-мемлекетте: Дамыту бағдарламасының жоспарларын халық сайлаған парламентте талқыланады және бекітіледі. Жарлықтар және қаулылармен қоса сол парламент қабылдаған зандар да болады. Бірақ бұл зандардың орындалуын халық бақыламайды.

3-мемлекетте: Мемлекеттік билік үшке бөлінеді:

- 1) зан шығаруши;
- 2) атқаруши;
- 3) сот билігі;

Мемлекет өз қызметін адам және қоғам мұддесін көздең, әлеуметтік әділдік және занылық принциптері негізінде жүзеге асырады.

Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сен үші мемлекеттің ортақ жақтарын айқындаң бере аласың ба? Айырмашылықтарын ше? Оларды бөлек жазасыңдар.
2. Сен өмір сүру үшін қай мемлекетті таңдаған болар едің? Неліктен?
3. Сен, әрине, құқықтық мемлекет деген атауды көп естігендесің. Бұл атаудың мағынасы жайлы ойлан көрдің бе?
4. Құқықтық мемлекет атамысының мағынасы туралы не айтта аласың?

5. Сенің құқың бұзылмауы үшін қандай кепілдіктерге ие болуың керек дег ойласың?
6. Сайлаулар туралы ересектерден естігенсің. Қане, айтши, сайлауларға не үшін үлкен назар аударылады және үлкендер сайлауларға мәжбүрлемесе де өз қалауымен барады?

Дүниедегі барлық мемлекеттер бірінен-бірі өте көп қырларымен ерекшеленеді. Бұл айырмашылықтармен бірге олардың ұқсас жақтары да көп. Сондай ұқсас жақтары, яғни ортақ ерекшеліктеріне негізделе отырып мемлекеттерді топтарға бөлуге болады.

Мемлекетті құқық қатысына қарай төмендегі түрлерге белуге болады:

1. Эстатикалық;
2. Құқықтық мемлекет.

Эстатикалық мемлекетте:

- 1) Заңның орнында, көбінесе, шешімді бұйрық және жарлықтар басады;
- 2) Мемлекет өз азаматтарының саяси бірлестіктері мен ұйымдарының бостандығын қатаң шектеп қояды;
- 3) Мемлекет экономикалық-әлеуметтік қатынастарды және тіпті, азаматтардың жеке өмірін өз басқаруы ықпалына алуға тырысады.
- 4) Мемлекет мекемелері мен мансапты кісілерге шектен тыс көп өкілдіктер беріледі.

Эстатикалық мемлекетке мысал етіп Куба, Бұрынғы Кенес Одағын келтіруге болады. Сондай-ақ, барша тоталитарлық және авторитарлық жүйедегі мемлекеттер де мысал бола алады.

Құқықтық мемлекетте мемлекет басшылығы құқықтың жоғарылығына негізделеді. Мұнда мемлекет басқаруы азаматтар мен әлеуметтік қатынастар субъектілерінің құқықтары, бостандықтары және мұдделерін қамтамасыз етуі есепке ала отырып жүзеге асырылады.



Құқықтық мемлекет – құқықтың үстемдігі, сондай-ақ соттың тәуелсіздігі қамтамасыз етілген, адам құқы мен еркіндігі кепілденген, мемлекет билігінің бөліну принципі негізінде жүзеге асырылатын демократиялық мемлекет.

Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілері:

1. Құқықтың үстемдігі.

Мемлекеттегі барлық адамдар – азаматтар, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ жеке тұлғалар, лауазымдағы тұлғалардың барлығы заң талаптарына бағынады. Мұнда Конституция құқықтық нормалар жүйесінде жоғары занымалық күшке ие болады.

2. Адам құқықтары және бостандығының қамтамасыз етілуі және қорғалуы.

Адам, адам өмірі, нағызыны, қадірі, құқы мен еркіндігі және мұддесі жоғары құндылық екендігі;

3. Мемлекет пен азаматтың бір-бірінің алдында өзара жауапкершілігі.

4. Биліктің занымалығы.

Билік демократиялық сайлаулар жолымен жетілдіріледі. Мемлекет билігі мемлекеттің ішінде және халықаралық көлемде тән алынады;

5. Билік өкілеттіктерінің бөлінуі.

Мемлекет билігі: заң шығарушы, атқарушы және сот әкімшілігіне бөлінеді. Мемлекет билігі өкілдіктері осы үш билік арасында бөлінеді;

6. Соттың тәуелсіздігі.

Соттың қызметіне ешкім араласа алмайды. Соттар тек заң талаптарына мойынсұнады;

7. Құқық қорғайтын мекемелердің тиімді жұмыс істеуі.

Олар адам құқы және бостандығын қажетті дәрежеде қорғайды.

8. Жоғары дәрежедегі құқықтық мәдениет.

Құқықтық мәдениет іс жүзіндегі занымалдың білу, оларды құрметтеу және сактауда байқалады;

9. Демократияның дамуы және қалыптасуы.

Халық мемлекет басқаруына қатысады, саяси құқықтары және еркіндігіне кепілдік беріледі.

Корытынды жасап айтатын болсак:

– құқықтың барлық субъектілерінің, соның ішінде, мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдар мен қарапайым азаматтардың занымалығы;

– азамат пен мемлекеттің заң алдында бір-біріне өзара жауапкершілігі;

– саяси, идеологиялық және экономикалық санқырлылық мемлекет тарарапынан занымалдырылғаны және кепілденгені;

– азаматтардың құқық және еркіндігі қамтамасыз етілгені және құқықтық мемлекеттің абзалдығынан.

Міне сондықтан да әлемнің ең үздік мемлекеттерінде құқықтық

мемлекет құру үстем міндет етіп белгіленген.

Мемлекеттің үшінші аралық түрі де бар, олар осы екі мемлекет ерекшеліктерін өзінде жинақтаған. Бұл мемлекеттердің кейбіреулері өз ерекшелігі, табиғаты және бағыты бойынша этатикалық мемлекеттерге, ал кейбіреулері құқықтық мемлекетке жақын болса да, кейбір жақтарымен өзгешеленеді.



Өзбекстан Республикасының азаматтары қоғам және мемлекет істерін басқаруға тікелей, сондай-ақ өз өкілдері арқылы қатысу құқына ие. Мұндай қатысу өзін-өзі басқару, референдумдар өткізу және мемлекеттік органдарды демократиялық түрде құру, сонымен қатар мемлекеттік органдардың қызметне үстінен жүртшылық бақылауын дамыту және жетілдіру жолымен жүзеге асырылады.

32-баптан.

1. Конституцияның жоғарыдағы бабы мемлекеттің қайсы түріне сай келеді деп ойлайсың?
2. Осы баптың бірінші және екінші бөлімдері құқықтық мемлекеттің қайсы сипаттарына сай келеді?



Біздің қызметіміз ең маңызды конституциялық ережеге – әлеуметтік әділдік қаңғидатын қамтамасыз етуге қаратаулы шарт.

Қоғамда әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету бойынша негізгі міндеттіміз — әділ заңдарды қабылдаудан тұрады.

Шавкат Мирзияев

1. Президенттіміздің бұл пікірінде құқықтық мемлекеттің негізгі белгілерінің қайсысы бейнеленген?
2. Құқықтық мемлекет жағдайында әлеуметтік әділдіктің маңызы туралы өз пікірінді білдір.
3. Айналамыздың өмірден Президенттіміздің жоғарыдағы сөздерін растайтын мысалдарды айт.

Таралу бойынша жалпы сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мемлекетті құқыққа деген қатынасына қарай қандай түрлерге бөлу мүмкін?
2. Этатикалық мемлекет қандай мемлекет екендігін сипаттап бер.
3. Қандай мемлекетке құқықтық мемлекет атауын қолдануға болады?
4. Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілерін санап бер.
5. Мемлекеттің аралық түріне енген елдердің өзіне тән қандай сипаты бар?
6. «Азаматтық қоғам» атауының «қоғам» атауынан қандай айырмашылығы бар?
7. Әбу Насыр Фараби «Білімді адамдар қаласы» шығармасында әділетті қоғамды қалай сипаттайты? Осы сипаттаманы азаматтық қоғам белгілерімен салыстырып көр. Пікірінді баянда.
8. Өзбекстан Республикасында азаматтық қоғамның қандай белгілері қалыптасып келе жатыр?
9. Өзбекстанда азаматтық қоғамның қалыптасуының қандай өзіне тән ерекшеліктері бар?

Атауларға сәйкес сипаттарды белгіле.

1. Құқықтық мемлекет
2. Этатикалық мемлекет

3. Мемлекеттің аралық түрі
4. Азаматтық қоғам

а) мемлекет басқаруы бұйрық және жарлықтарға негізделген, азаматтардың және ұйымдардың еркіндіктері шектелген.

б) әрі құқықтық мемлекеттің, әрі этатикалық мемлекеттің белгілерін белгілі дәрежеде жинақтаган.

в) құқықтың үстемдігі қамтамасыз етілген, адамның құқықтары және еркіндіктері кепілденген, билік өкілеттері болінген мемлекет.

г) кемел азаматтардан, яғни тығызы байланыста болған және құлықтық, құқықтық және саяси мәдениетке ие адамдардан құралған қоғам.

Тарау бойынша ұлгі тесттер

1. Өзбекстан Республикасының «Қоғамдағы құқықтық мәдениеті көтерудің ұлттық бағдарламасы» қашан қабылданған?

- а) 1997 жылғы 29 августа; б) 2001 жылғы 4 январь күні;
в) 1998 жылғы 29 августа; г) 2001 жылғы 18 январь күні.

2. Саяси партиялар құру және олардың ісіне қатысу азаматтардың қандай құқықтарына жатады?

- а) Экономикалық құқықтарына; б) Әлеуметтік құқықтарына;
в) Саяси құқықтарына; г) Жеке құқықтарына.

3. Өзбекстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» заңы қашан қабылданған?

- а) 1991 жылғы 1 ноябрь күні; б) 1994 жылғы 18 февраль күні;
в) 1997 жылғы 26 декабрь күні; г) 1996 жылғы 26 декабрь күні.

4. Еліміздегі еңбек етіп жатқан халықтың құқын мемлекеттік ұйымдармен бірлесе қорғайтын, бүкіл бұқара қатынасқан қоғам не деп аталады?

- а) Саяси партия; б) Шығармашылық одақ;
в) Кәсіптік одақтар; г) Ардагерлер қоғамдары.

5. Мемлекеттің құқыққа деген қозқарасына қарай қандай түрлері бар?

- а) Эстатикалық түріне; б) Құқықтық түріне;
в) Аралық түріне; г) Конфедерация түріне.

6. Мемлекеттің қысымынсыз, заң шенберінен шықпай пайда болған белгілі бір адамдар қауымдастырының еркінше өзін-өзі басқаруы ... білдіреді.

- а) құқықтық мемлекетті; б) қоғамды;
в) азаматтық қоғамды; г) еркін елді.

7. Құқықтық мемлекетте мемлекет басқаруы ... негізделеді?

- а) Қатаң заңдарға; б) Парламент бақылауына;
в) Атқарушы биліктің қаулыларына; г) Құқықтың үстемдігіне.

8. Негізгі заң деген не?

- а) Конституция; б) Президент жарлығы;
в) Үкіметтің қаулысы; г) Олий Мажлистің заңы.

*Біздің мақсатымыз — халықтың билгін сөз жүзінде емес,
іс жүзінде көрініс табуын қамтамасыз ету. Бұл — біз жасап
жатқан бүгінгі қыын дәуірдің негізгі талабы.
Шавкат Мирзияев*

ІІ ТАРАУ

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТ БАСҚАРУНЫҢ ҮЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ



*Тәуелсіз Өзбекстан Республикасында мемлекет басқаруы
Өзбекстан Республикасының Президенті
Өзбекстан Республикасындагы заң шығарушы орган
Өзбекстан Республикасының атқарушы билік органы
Өзбекстан Республикасының сот билігі*



11- тақырып

Өзбекстан Республикасында мемлекет басқаруы



4

Мурожаатчининг шахсий кабинети

УЗБЕКИСТАН ОЗБЕКСКАЯ РУССКИЙ

PREZIDENTGA MUROJAAT

ЎЗБЕКИСТОН РЕСПУБЛИКАСИ ПРЕЗИДЕНТИ
ШАҲИД МИРМОНОВИЧ МИРЗИЕВИНГ
ВИРТУАЛ ҚАБУЛХОНАСИ

ҲАЛК ҚАБУЛХОНАЛАРИ КАБУЛЛАР ЖАДВАЛ СТАТИСТИКА ЙИНГИЛГАР

MIRZIYODOV MIRSAID SADIKOVICH

Фойдаланувчи кабинети

Ўзбекистон Республикаси Президенти Ш.М. Мирзиёевинг виртуал қабулхонаси
Функциялари: Узбекистон Республикаси Президентинин мурожаат кабинети бўйича



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

- 1-, 3- суреттердегі мемлекеттік кеңселер қандай қызметтепен шұғылданады деп ойлайсың?
2. Бұл кеңселер кімнің мүддесін көздең қызмет етеді?
3. Өзбекстан Республикасы Президентінің Халықты қабылдау бөлмелері және Виртуалды қабылдау бөлмелері туралы қандай мәліметке иесің? Оларға кімдер, қандай мәселелермен өтініш жасайды деп ойлайсың?
4. Егер бірер азамат алеуметтік немесе құқықтық ділгірлікке душар болса, ол бірінші кезекте қайсы мекемеге өтінішпен баруға туісті? Мұндай ділгірліктерге мысал келтіріп, әрбір жекелеген жағдайда азаматтың қай мекемеге бару керектігін талдан көріңдер.
5. Азаматтардың ділгірліктерінің шешімімен шұғылданатын

- тагы қандай мемлекеттік мекемелерді білесіңдер?
6. Егер осындаі мекемелер болмaganда азаматтар және ұйымдар қандай қынышылықтарға тап болатын еді?

Өзбекстан Республикасында «халық–біліктің бірегей қоры» екендігі оның конституцияда белгіленген. Сол мемлекеттік-құқықтық қызметтің мазмұны конституциялық принциптерге негізделеді. Мемлекет билігінің халық мүддесін көздең өз қызметін атқаруы конституцияда қатаң белгіленген, сондай-ақ мемлекет билігінің басты міндеті болып табылады.

Мемлекет билігінің қызметі халық әкімшілігін іске асырудың негізгі формаларының бірі саналады. Сол қызметті, ең алдымен, конституция және заңдармен белгіленген тәртіpte мемлекеттің Конституцияда белгіленген органдар және мансапты тұлғалар іске асырады. Сондай-ақ олар да жиі өткізілетін сайлаулар арқылы құрамы жағынан қалыптасып немесе алмасып тұрады.

Тәуелсіз Өзбекстан егемендігінің негізгі құқықтық құжаты –оның негізгі заңы Өзбекстан Республикасы Конституациясы, бұл құжат Өзбекстан Республикасы Жоғары Кеңесінің он екінші шакырылған XI сессиясында, 1992 жылғы 8 желтоқсанда қабылданған.

Өзбекстан Республикасының Конституациясы адамның құқықтары мен бостандықтарына қатысты халықаралық құжаттарды, соның ішінде «Адам құқықтарының жалпы декларациясын», алдыңғы қатарлы елдердің демократиялық құндылықтарды, ұлттық, шығыстық мемлекетті құрудың отанымыз тарихында орын алған бірнеше мың жылдық дәстүрлерін нақтылып түрде көрсетеді.

Еліміздің Конституациясы егеменді Өзбекстан Республикасының әлеуметтік түрмисының маңызды жақтарын, конституциялық тұрғыдан тәртіпке салудың жалпыға бірдей қағидаттарын нығайтып, мемлекеттік басқарудың маңызын белгілеп берді.

Конституцияда көзделмеген тәртіпте мемлекет билігі өкілеттерін игеру, әкімшілік мекемелері қызметін тоқтатып қою яки жою, әкімшіліктің жаңа тәртіптерін құру, Конституцияға қайшы саналады және заң бойынша жауапқа тартуға негіз болады.

Өзбекстан халқы атынан тек ол сайлаған республика Олий Мажлисі және Президенті қызмет атқаруы мүмкін.

Мемлекет өз қызметін адам және қоғам иғілігін көздең, әлеуметтік әділеттілік және заңдылық принциптері негізінде іске асырады.


Конституция конституциялық құрылымның негізгі шарттарының бірі болған халық әкімшілігін нығайтып береді.

Конституцияда Өзбекстан Республикасы мемлекеттік биліктің жоғары органдарының құрылымы, билікті бөлу қағидасы негізделген



**Озбекстан Республикасы мемлекет үкіметінің
жүйесі әкімшіліктің заң шығарушы, атқарушы және
сотқа жататын биліктеге сүйенеді.**

11-бап.



Әкімшілік өкілеттерінбөлу қағидасы — құқықтық мемлекеттің ең маңызды белгісі. Бұл қағида дамыған демократиялық мемлекеттердің бәрінде сактауға тиісті негізгі конституциялық ережелердің бірі . Ол әртүрлі елдердің конституцияларында әншайін белгіленіп қойылған жоқ, ол әкіметтің бір органға жиналудың болдырмауға бағытталған конституциялық ереже. Өйткені, мемлекетшіліктің көп ғасырлық даму тәжірибесінің көрсеткені сол, егер өкімет бір органға жиналса, біреудің өз билігін пайдалануға қолайлы жағдайлар туады.

Билікті үlestірген кезде, мемлекет конституциялық қағидатты қолданып, басқару жүйесінің реформасын жүзеге асырады, сондықтан елімізде мына ережелер қатаң сақталады:

1. Еліміздегі әкіметтің заң шыгаратын, атқарушы және сотқа жататын тармақтары бірыңғай мемлекеттік механизм ретінде бір-бірімен байланысты түрде әрекет етсе де, олар сол бір мезгілде тәуелсіз де болмақ.

2. Заң шыгаратын, атқарушы және сотқа жататын қызметтерін орындайтын, респубикалық қолемдегі мемлекеттік органдар арасында әкіметтің өкілеттігі жөнінде белгілі бір арақатынас бар. Яғни, олардың өкілеттіктері өзара теңdestіrlген. Осы тепе-теңдікті сақтау үшін құқықтық реформаларды жүргізіп отырады.

Мемлекеттік басқарудың жоғарғы республикалық көлемдегі органдары өздерінің ісін төменгі-жергілікті органдарымен тығыз



Өзбекстан Республикасында сот әкімшілігі заң шығаруши және атқаруышы әкімшіліктерден, саяси партиялардан және басқа қоғамдық бірлестіктерден дербес жұмыс жүргізеді.

106-бап.



Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті атқаруышы әкімшілікті іске асырады. Министрлер Кабинеті өз қызметінде Өзбекстан Республикасы Президенті және Өзбекстан Республикасы Олий Мажlisінің алдында жауапты.

98-бап.

байланыста жүргізеді. Мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары қызметінің маңыздылығы сол, олар ең алдымен азаматтармен, азаматтардың өзін-өзі басқару органдарымен, ұйымдарымен тікелей жұмыс істейді Сондықтан да мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына елімізде ерекше көңіл бөлінуде.

Конституцияның жаңа бір демократиялық жағы, қоғам және мемлекет тіршілігінің ең маңызды мәселелері халық талқылауына ұсынылады, жалпы дауысқа (референдумға) қойылады.

Өзбекстан Республикасы Конституациясы және іс жүзіндегі заңдарда мемлекет және бұқара арасындағы тұрақты саяси-құқықтық байланыс белгілеп қойылған.

Соңғы жылдары еліміздің мемлекеттік басқаруында көптеген реформалар жүзеге асырылуда. Мемлекет өміріне қатысты әрбір қаулы халықпен келісіп қабылдануда. Мұнда талдаулар тікелей байланыспен өткізіліп жатқаны аса маңызға ие.

Еліміздің мемлекеттік басқаруында мемлекет қызметкерлері, басшылардан бастап өз бөлмесінде отырмай, жер-жерлерде тұрғындардың қиналған мәселесінің және ділгірліктерінің шешімін табумен айналысада.

Елімізде халықпен байланыс жасау, олардың өмірлік ділгірліктерін шешу бойынша түбебейлі жаңа жүйе жаратылды, бұл жүйе мемлекет басқаруының маңызды буыны саналады. Бұл жүйенің негізі Өзбекстан Республикасы Президентінің Халықты қабылдау

бөлмелері және Виртуалды қабылдау бөлмелері қызмет етеді.

Қанатты сөздердің асыл қазынасынан!

Басы жоқ ел — жансыз тән сияқты. Жансыз тәннің жағдайы күйреуге жақын..

(Әмір Темір)

Шығармашылық жұмыс


Өзің құрган шартты мемлекетіңің мемлекеттік басқару жүйесін үкіметтердің бөлінуі қағидаттарына негіздей отырып, схемалы түрде кескінде. Мұнда мемлекеттік басқарудың жоғары мекемелерімен бірге жергілікті мекемелермен өзара байланыстылығын көрсет. Өзіңің шартты мемлекетіңің басқару жүйесін сыныптастарыңмен шартты мемлекеттік басқару жүйелерімен салыстыр.

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Мемлекеттік басқару дегеніміз не?
2. Мемлекетті басқарудың елдегі азаматтар үшін қандай маңызы бар?
3. Өзбекстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік басқаруы жөнінде не деп жазылған?
4. Биліктер бөлінісінің конституциялық қафидаты жөнінде не біле-сің?
5. Еліміздегі мемлекеттік басқару жүйесін реформалаған кезде қандай ережелерді сақтау керек?
6. Заң шығарушы әкімшілігіне нелер енеді? Атқарушы әкімшілігіне ше? Сот әкімшілігіне ше?
7. Олардың негізгі міндеттерін айтып бер.
8. Өзбекстан мемлекет басқаруы жағынан құқықтық мемлекет талаптарына жауап бере алады ма? Жауабынды негізdep бер.

12- тақырып

Өзбекстан Республикасының Президенті



1. Мемлекетке басшы неліктен қажет деп ойлайсың? Егер белгілі бір мемлекетте мемлекет басшысы мүлдем болмаса бұл мемлекетте қандай жағдай тууы мүмкін екендігін елестете аласың ба? Мұндай жағдайды достарыңмен талқылап, айттылған пікірлерден пайдаланып, «Мемлекет

үшін үкімет басшысы не үшін қажет?» деген сұраққа жауап беруге әрекет жаса.

2. Жоғарыда Президенттіміздің кітаптың суреті берілген. Кітаптардың атын зейінмен оқы. Бұл кітаптардың атынан-ақ Президенттіміздің сені мен бізге, бүкіл халыққа, Отанға деген көзқарасы, ізгі-тілектері, ұмтылысын аңғару қыын емес. Айтыши, Президенттіміздің ізгі әрекеті, қызметі бойынша қандай мәліметке иесін?
3. Президенттің өз қызметін сені мен біздің көз алдымында, ашық-айдын жүзеге асыруда. Міне осыны пайдаланып оның қызметінің аясы еліміз өмірінің қайсы салаларын қамтитынын сана. Мұнда бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған мәліметтерді пайдалан.
4. Сен Президент сайлауы туралы нелерді білесін? Білгендерінді сыныптастарыңмен ортақтас.
5. Президент өз қызметін қандай құқықтық құжаттар негізінде атқарады деп ойлайсың?

Біздің елімізде Президент мемлекеттік басшысы болып саналады. Президентті халқымыз тікелей сайланғандықтан мемлекеттің атынан, халықтың атынан жұмыс жүргізу Президенттің бірінші өкілеті саналады.



«Президент» деген сөз латын тілінен алынған, оның мағынасы, алдыңғы қатарда отыруыш.

Өзбекстан Республикасының Президенті Өзбекстан Республикасының азаматтары тарапынан жалпы, тең және тікелей сайлау құқы негізінде жасырын дауыс беру жолымен бес жыл мерзімге сайланады. Президентті сайлау тәртібі Өзбекстан Республикасының занымен белгіленеді.

Өзбекстан Республикасының Президенті мемлекет басшысы және мемлекет үкіметі органдарының келісіліп қызмет атқаруын, сондай-ақ ынтымақтастығын қамтамасыз етеді. Президент Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі жиналысында ант қабылдаған кезден бастап, өз лауазымына кіріскең саналады.

Озбекстан Республикасы Президенті лауазымына сайлануы мүмкін азаматтар үшін мына шарттар орындалуы қажет

- Отыз бестен кіші болмауы керек
- мемлекет тілін жақсы білуі керек
- тікелей сайлауға дейін кемінде 10 жыл Өзбекстан аумағында тиянақты жасап жатқан болуы керек
- Өзбекстан азаматы болуы қажет



**Президент Өзбекстан Республикасы Олий
Мажlisінің жиналысында төмендегі антты қабылдаған
кезден бастап өз лауазымын бастаған саналады:**

**«Өзбекстан халқына адал еңбек етуге,
республиканың Конституциясы мен заңдарына қатаң
мойынсұнуға, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктеріне
кеңілдік беруге, Өзбекстан Республикасы Президентіне
жүктелген міндеттерді ожданмен орындауға салтанатты түрде
ант етемін».**

92- бап.

Президенттің тұлғасы дербес және заңмен қорғалады. Өзбекстан Республикасының Президенті Конституцияға және заңдарға негізделіп, сондай-ақ оларды атқару бойынша республиканың бүкіл аумағында міндетті болған жарлықтар, қаулылар және бұйрықтар шығарады.

Өзбекстан Республикасы Президентінің өкілеттері:

- азаматтардың құқық және еркіндіктері қамтамасыз етілуі және Өзбекстан Республикасы заңдылығының кепілі;
- мемлекеттің тәуелсіздігі және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды атқарады;
- Өзбекстан Республикасының атынан мемлекеттің ішінде және халықаралық қолемде келіссөздер жасайды, келісімшарттар мен келісімдерге қол қояды, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

- Премьер-министрдің кандидатын Олий Мажлиске бекітуге ұсынады, Министрлер Кабинетінің құрамын бекітеді;
- Бас прокурор және оның орынбасарларын лауазымға қояды және лауазымынан босатады;
- Олий Мажлис Сенатына Конституциялық, Жоғары соттардың төрағаларын, олардың орынбасарлары, Орталық банк төрағалығына үміткерлерды ұсынады;
- Өзбекстан Республикасы азаматтығына қабылдау және одан шығару мәселелерін шешеді;
- Мемлекеттық сыйлықтармен және құрметті атақтармен марапаттайтыды;
- Өзбекстан Республикасы Президенті, сонымен қатар, Конституция және зандарда белгіленген бірқатар маңызды өкілеттерді жүзеге асырады.

Өкілеттің аяқталуымен отставкаға шыққан Президент өмір бойы Сенат мүшесін лауазымын иелейді.

Президент Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғары Бас Қолбасшысы саналады. Ол Қарулы Күштердің қолбасшыларын міндетке тағайындауды және міндеттінен босатады, әскери атақтар береді.

Президент қажет болғанда бүкіл мемлекет бойынша немесе кейбір аумақтарда төтенше жағдай немесе соғысты жариялау құқына да ие. Мұнда З күн мерзімде мұндай шешім Олий Мажлиске бекіту үшін ұсынылады.

Заң шығару палатасы немесе Сенат құрамында олардың қалыпты қызметіне қауіп төндіретін, шешімі табылмайтын келіспеушіліктер туғанда немесе олар бірнеше рет Өзбекстан Республикасының Конституациясына қайши қаулылар қабылдаған жағдайда, Өзбекстан Республикасы Президенттің Өзбекстан Республикасы Конституциялық сотымен кеңесіп қабылдаған қаулысы негізінде Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығару палатасы, Сенаты таратылуы мүмкін.



Президент өз міндеттін орындан жатқан дәуірінде басқа ақы төленетін лауазымды иеленуі, өкілдік органының депутаты болуы, іскерлік қызметімен айналысу мүмкін емес.

91-бап.

Қанатты сөздердің асыл қазынасынан!

**Егер құш-қуатымыз құдік тұғызытын болса, біз құрған
ғимараттарға қараңыздар.**

(Әмір Темір)

Шығармашылық жұмыс

Өзбекстан Республикасының Конституциясын пайдаланып кестені толтыр:

Өзбекстан Республикасы Президенті өкілеттері	Өзбекстан Республикасының Президентті болуга қандай тұлғалар сайланана алады?

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Өзбекстан Республикасы Президенті өз қызметін қашаннан бастап атқаруы мүмкін?
2. Өзбекстан Президенті лауазымына қандай азаматтар сайланады?
3. Республикамызда Президенттікке сайлау қалай өткізіледі?
4. Өзбекстан Республикасы Президентінің өкілеттерін санап бер.
5. Өзбекстан Республикасының Президенті қандай занды құжжаттар шығарады?
6. Өкілеті аяқталған Президент қандай қызметпен айналысады?
7. Президент Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінде қандай дәрежеге ие?
8. Төтенше жағдайлар туындағанда Президент қандай өкілеттерін пайдаланады?
9. Қандай жағдайларда және қандай тәртіппен Олий Мажлистің Заң шығару палатасы және Сенаты таратылып жіберіледі?

13- тақырып

Өзбекстан Республикасындағы заң шығаруышы органы



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Парламент, парламентаризм сияқты атауларды көп естігенсің. Олар туралы білгендеріңді баяндауға әрекет жаса.
2. АҚШ Конгресі және Сенаты, Ресей Федерациясының Мемлекеттік Думасы және Федерация Кеңесі сияқты атаулардың нени білдіруі туралы ойлан көрдің бе? Бұл атаулар бойынша білгендеріңді немесе түсінгеніңді сыйынпастарыңмен ортақтас.
3. Сенің пікіріңше, қажетті заңдарды негізгі жұмысы заң әзірлеу болған профессионал депутаттар жазуы керек не немесе негізгі жұмыс орнынан бір жылда бірнеше рет заң шыгару үшін уақыт беліл, уақытша заң шыгарумен шұғылданушы депутаттар ма?
4. Еліміздің Олий Мажлисіне ең соңғы сайлаулар қашан болғанын естей аласың ба? Оған отбасыңнан кім қатысқан? Олар кімді депутат етіп сайланған?

Мемлекет және қоғам басқаруының сайлау арқылы демократиялық негізде ұйымдастырылуы, халықтық сайлау жолымен өкілдік мекемелер орнатып, оларға өз өкілдерін сайлау, сайланатын мекемелер қызметтінің бағыттарын белгілеу мүмкіндігіне азаматтық қоғамның шынайы мән-мазмұны жинақталған. Өзбекстан Республикасының Олий Мажлисі – мемлекет әкімшілігінің жоғары өкілдік мекемесі, ол заң шығаратын әкімшілікті іске асырады.

Заң шығаруышы билігі жүзеге асыруши Олий Мажлисті екі палаталы негізінде — Заң шығару палатасы және Сенаттан құраудан көзделген басты мақсаттар мыналар:

- Олий Мажлис әрекеті барысындағы өзара қарым-қатынаста болу және мұдделердің терең-тендігі жүйесін қалыптастыру;
- Заң саласындағы ізденимпаздықтың сапасын елеулі дәрежеде арттыру;



Өзбекстан Республикасының Олий Мажлисі – жоғары өкілдік мекемесі, заң шығаратын билікті іске асырады.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі еki палатадан – Заң шығару палатасы (төменгі палата) және Сенаттан (жоғары палатадан) құралады.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы және Сенатының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

76-бап.

— жалпы мемлекеттік пен аумақтық мұдделердің үйлесімділігіне жету.

Парламенттің Заң шығарушы палатасы мен Сенатының мэртебелері, өкілеттері мен әрекеттері сәйкесінше «Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығаратын палатасы туралы» конституциялық заңында және «Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Сенаты туралы» конституциялық заңында анық белгіленіп қойылған.

Бұл палаталардың құрамын қалыптастыру олардың алдына қойылған мақсаттар мен мәселелерге сәйкестендіріп, заңнамада көзделген жолмен белгіленген.

Сенат аумактар мұдделерін қамтиды, сондықтан мұнда оның құрамына негізінен жергілікті Халық депутаттары Кеңестерінің өкілдері кіреді. Сенат – **парламенттің жоғарғы палатасы** деп те аталады. **Заң шығарушы палата** өзінің қызметін тәжірибе негізінде жүзеге асырады да, оның құрамына заңдар мен зандық құжаттар жасауға біліктілігі, тәжірибесі мен дағдысы бар, жоғары санатты мамандар кіреді. Заң шығарушы палата **парламенттің төменгі палатасы** деп те аталады.

Мемлекетіміз Конституциясының 77-бабы бойынша, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің заң шығару палатасы заңға сәйкес сайланатын бір жұз елу депутаттан құралған. Сондай-ақ заң шығару

палатасының бір жұз елу депутатынан – бір жұз отыз бесі аумақтық бір мандатты сайлау округтары бойынша көппартиялық негізінде жалпы, тең және тікелей сайлау құқы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Сенаты аумақтық өкілдік палатасы, ол 100 Сенат мүшелерінен (сенаторлардан) құралады. Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының мүшелері, Қарақалпақстан Республикасы Жоқарғы Кеңесі, облыстар, аудандар және қалалар мемлекет әкімшілігі өкілдік мекемелері депутаттарының тиісті құрама мәжілістерінде сол депутаттар арасынан жасырын дауыс беру жолымен Қарақалпақстан Республикасы, облыстар және Ташкент қаласынан тең мөлшерде – алты адамнан сайланады. Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының он алты мүшесі ғылым, өнер, әдебиет, өндіріс саласында және мемлекет пен қоғам қызметінің басқа салаларында үлкен іс жүзіндік тәжірибеге ие болған, сондай-ақ ерекше қызмет көрсеткен ең абырайлы азаматтар арасынан Өзбекстан Республикасы Президенті тағайындалады.

Сайлау күні жиырма бес жасқа толған және кем дегенде бес жыл Өзбекстан Республикасы аумағында тиянақты жасап жатқан Өзбекстан Республикасы азаматы Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығару палатасы депутаты, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Сенаты мүшесі болуы мүмкін. Депутаттық кандидаттыққа қойылатын талаптар заңмен белгіленеді.

Белгілі бір тұлға бір мезгілдің өзінде Заң шығару палатасы депутаты және Сенат мүшесі болуы мүмкін емес.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығару палатасы өз құрамынан Заң шығару палатасының Спикері және оның орынбасарларын сайлады. Сенат өз құрамынан Сенат Төрағасы және оның орынбасарларын сайлады. Сенат Төрағасы Өзбекстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша сайланады.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығару палатасы депутаты және Сенаты мүшесі дербес құқынан пайдаланады. Олар Заң шығару палатасы немесе Сенаттың разылығының қылмыстық жауапқа тартылуы, тұтқында ұсталуы, қамауға алынуы немесе сот тәртібінде

берілетін әкімшілік шараларына тартылуы мүмкін емес.

Олий Мажлис қызметінің ұйымдастыру формасы — сессия. Олий Мажлис сессиясының негізін оның мәжілістері құрайды. Сессия мәжілістерінің арасында Олий Мажлистің комитеттері, комиссиялары тағы басқа да органдарының мәжілістері өткізіледі. Олий Мажлис сессиясы бір жылда екі реттен кем шақырылмайды.

Олий Мажлистің депутаттары заңдылық негізінде фракцияларға, блоктарға басқа депутаттық топтарға бірігуі, Олий Мажлиске ұсынып жатқан мәселелерді алдын ала талқылауы және ұсыныстар енгізуі мүмкін.

Олий Мажлис төмендегі істерді атқарады:

- Өзбекстан Республикасы Президентінің жарлықтарын бекіту;
- Конституциялық және жоғарғы соттарды сайлау;
- Орталық банктің төрағасын сайлау;
- Өзбекстан Республикасының заңдарын қарau және қабылдау;
- Өзбекстан Республикасы мемлекеттік бюджетін және мемлекеттің басқа да стратегиялық бағдарламаларын қабылдау.

Заңдар Олий Мажлиске заңдылық бастамасы құқына ие болған органдар тараپынан ұсынылады. Содан соң Олий Мажлис бұл заңдарды қарайды, түзетулер енгізеді және қабылдайды.



Заңдылық бастамасы құқына Өзбекстан Республикасы

Президенті, өзінің мемлекет билігінің жоғары өкілдік органы арқылы Қарақалпақстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасының депутаттары, Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті, Өзбекстан Республикасының Конституциялық соты, Жоғарғы соты, Бас прокуроры ие және бұл құқықты заңдылық бастамасы құқы субъектілері тараپынан заң жобасын Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығару палатасына енгізу арқылы жүзеге асырады.

83-бап.

Олий Мажлис, сонымен қатар мемлекеттік органдар және басқа да органдар, ұйым, кәсіпорын, мекемелер тараپынан Өзбекстан

Республикасы Конституциясы және зандардың, Олий Мажлис қаулыларының орындалуы бойынша бақылау жасау өкілетіне ие.

Шолу жаса!

Олий Мажлис – Өзбекстан Республикасының жоғары өкілдік және заң шығаратын органы. Онда қоғамның негізгі саяси партиялары, барлық әлеуметтік қабаттары мен әлеуметтік – саяси күштердің мүдделері баяндалады. Жалпы алғанда, Парламент Өзбекстан халқының мүддесін кескіндейді.

Шығармашылық жұмыс

Өзің құрған шартты мемлекетіңің парламентін жаса. Парламенттің неше палаталы болуы, сайланатын депутаттардың саны (мемлекет халқының санына қарай), оларға жүктелген міндеттер мен берілген өкілеттерді жаз.

Парламент қабылдаған ең маңызды зандардың тізімін жаса.

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Олий Мажлис қандай билікті жүзеге асырады?
2. Неге Олий Мажлис екі палаталы етіп ұйымдастырылған?
3. «Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығару палатасы туралы» Конституциялық занда нелер белгіленген?
4. «Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Сенаты туралы» Конституциялық занда нелер белгіленген?
5. Заң шығару палатасының құрамына кімдер енеді?
6. Сенаттың құрамына кімдер енеді?
7. Заң шығару палатасы қандай тәртіппен сайланады?
8. Олий Мажлистің қызметі қалай ұйымдастырылады?
9. Сессиялар мәжілістерінің аралығында қандай қызмет жүзеге асырылады?
10. Олий Мажлис қандай істерді жүзеге асырады?
11. Олий Мажлис нені бақылайды?

14- тақырып

Өзбекстан Республикасының атқарушы
білік органдары



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1-2 суреттерде Өзбекстан Республикасының атқарушы үкіметінің орталық (республика деңгейіндегі) мекемелердің гимараттары, 3-суретте аудан әкімдігі, ал 4-суретте азаматтардың өзін-өзі басқару органы бейнеленген.

1. Сен осы мекемелердің қызметі туралы не білесін? Білгендерінді сыныптастарыңмен ортақтас.
2. Сен үлкендердің үкімет атауын жиі айттып бер? «Үкімет» сөзі сagan нені білдіреді?
3. Шығарылған заңдар, қабылданған қауулылардың орындалуын ұйымдастыру қажет не немесе шарт емес не?
4. Сен қандай министрліктердің аттарын білесін? Олардың қандай қызметпен шұғылданғанын хабарың бар ма?

5. Сенің жсанұя мүшелеріңің махалла азаматтары жиынына ісі түскен бе? Түскен болса, бұл органның қызметі және екілеттері бойынша қандай мәліметтермен таныссың?
6. Жергілікті әкімшілік органдары дегенді қалай түсінесің, олар қандай міндеттерді атқарады деп ойлайсың?

Өзбекстан Республикасының үкіметі басшылығында атқарушы әкімшіліктің бірегей жүйесі қолданылады. Ол жүйеге:

- 1) Министрлер Кабинеті;
- 2) министрліктер;
- 3) мемлекеттік комитеттер;
- 4) басқару функциясын іске асыратын концерн және бірлестіктер;
- 5) облыс, аудан және қала әкімшіліктері енеді.

Өзбекстан Республикасы Конституациясына сәйкес Өзбекстанда атқарушы билікті Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті атқарады. Министрлер Кабинетінің құрамы Премьер-министр ұсынған кандидаттар ішінен таңдал алынады және Өзбекстан Республикасы Президенті тарапынан бекітіледі. Өзбекстан Республикасы Премьер-министр кандидаты Өзбекстан Республикасы Президентінің ұсынымен Өзбекстан Республикасы Олий Мажlisінің палаталары талқылайды және бекітеді. Министрлер Кабинетінің мүшелері Өзбекстан Республикасы Премьер-министрі ұсынысы бойынша Өзбекстан Республикасы Президенті бекітіледі.

Өзбекстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Өзбекстан Республикасы Премьер-министрі, оның орынбасары, министрлер, мемлекеттік комитеттердің төрағалары, Қарақалпақстан Республикасы үкіметінің басшысыкіреді.

Министрлер Кабинеті бірнеше міндеттерді өз жауапкершілігіне алады, яғни экономиканың, әлеуметтік және рухани саланың тиімді қызметіне басшылықты, Өзбекстан Республикасы заңдары, Олий Мажlis қаулылары, Өзбекстан Республикасы Президентінің жарлықтары, қаулылары және бұйрықтарының атқарылуын қамтамасыз етеді.

Министрлер Кабинеті іс жүзіндегі заң құжаттарына сәйкес Өзбекстан Республикасының бүкіл аумағындағы барлық органдар, өнеркәсіптер, мекемелер, ұйымдар, мансапты тұлғалар және азаматтардың орындауы міндетті болған қаулылар және бұйрықтар шығарады.

Министрлер Кабинеті өз қызметінде Өзбекстан Республикасы

Президенті және Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі алдында жауапты.

Министрлер Кабинеті жаңа сайланған Олий Мажлис алдында өз екілеттерін міндептін азат етеді.

Министрлер Кабинетінің қызметін ұйымдастыру тәртібі және екілеттік шеңбері заңмен белгіленеді.



...Өзбекстан Республикасы Премьер-министрі:

1) Министрлер Кабинеті қызметін ұйымдастырады және оған басшылық етеді, оның нәтижелі жұмыс істейі үшін жауапты саналады;

2) Министрлер Кабинетінің мәжілістерінегерагалық етеді, оның қаулыларын бекітеді;

3) Өзбекстан Республикасы Президентінің тапсыруы бойынша қаралық-қарастыраста Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті атынан жұмыс істейді;

4) Өзбекстан Республикасы заңдарында, Өзбекстан Республикасы Президентінің жарлықтары және бұйрықтарында көзделген басқа міндептерді орындауды...

98-баптан.

Министрлер Кабинеті төмендегі міндептерді орындауды:

- Мемлекет бюджетін жасайды және Олий Мажлiske ұсынады, сондай-ақ, оның орындалуын қамтамасыз етеді;
- Олий Мажлiske мемлекет бюджетінің орындалуы туралы есеп береді;

- бірегей қаржы, ақша-кредит саясатының жүргізуін қамтамасыз етеді;
- мәдениет, ғылым, ағарту, әлемеуметтік қамсыздық, экология саласында бірегей мемлекет саясатының жүргізуін қамтамасыз етеді;
- мемлекетті қорғау, мемлекет қауіпсіздігі, сыртқы саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ету іс-шараларын қарастырады;
- заңдылық, азаматтардың құқықтары және бостандығын қамтамасыз ету, жеке меншік және қоғамдық тәртіпті қорғау, қылмыстыққа қарсы құрес бойынша шараларды іске асырады.

Үкімет Өзбекстан Республикасының Конституциясы, заңдары, Президент жарлықтары, басқа нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде жіне оларды орындау мақсатында Өзбекстан Республикасының бүкіл аумағында барлық органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар лауазымды тұлғалар және азаматтар үшін орындалуы шарт қаулылар

және бұйрықтар шығарады. Президент үкімет мәжілісінде төрағалық жасау құқына ие.



Ұлы ойшыл Ибн Сина кез келген қоғам, мемлекет белгілі дәрежеде әділеттікті қорғаушы, құқықтық заңдар негізінде басқарылатын, әділетсіздікке жол қойылмайтын заң үстем болған әділетті қоғам білімін жасауға, оны дамытуға үлкен қосқан.

Орталық атқаруышы үкімет өкілеттерін базар қафидаттарына сәйкестендіру, экономиканы басқаруда мемлекеттің басқару мекемелерінің қатысуын азайту Орталық атқаруышы үкімет басқару жүйелері мен әкімшілік органдары міндеттерін қайта қарауды талап етеді.

Орталық атқаруышы үкіметтің басқару жүйелері мен әкімшілік мекемелерінің міндеттерін өзгерту:

- Олардың басқару бойынша өкілеттерін қысқарту;
- Олардың реттеу бойынша өкілеттерін қысқарту;
- Олардың бөлу бойынша өкілеттерін қысқарту;
- Олардың шаруашылық жүйелері ісіне тікелей араласуын қысқарту.
- Мемлекет басқаруында **вертикаль басқару** мекемелерінің өкілеттерін қысқарту есебіне **горизонталь басқару** мекемелерінің өкілеттерін кеңейту мемлекет басқару саласында орталықтандыруды шектеуге мүмкіндік жаратады. Мұнда басқару бойынша міндеттердің бір бөлігін **республика** дәрежесінен **жергілікті (облыс, аудан, қала)** деңгейінде өткізудің маңызы үлкен болды. Жергілікті өзін-өзі басқарудың тәжайып формасы – **махалла жүйесі** тек қана Өзбекстанда қолданылатын ерекше жаңалық болып, мемлекет басқаруы практикасына енді.

Қанатты сөздердің асыл қазынасынан!

Өкімет – сөйлейтін заң. Ал заң – сақау өкімет.

(Цицерон Марк Туллий)

Шығармашылық жұмыс

Ойыңдағы шартты мемлекетіңде атқаруышы органдар жүйесін жаса. Онда сен үкімет мүшелерінің лауазымдарын, олардың өкілеттерін, оларға жүктелген функцияларды жазабаша баянда. Сен өзінді өзін құрған үкіметтің басшысы деп сезініп, қол астыңдағыларға берілетін ең бастапқы ең маңызды нұсқауларды жаз. Үкіметтің біреуден қаулы және бүйрығын жаз.

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Өзбекстан Республикасында атқаруышы әкімшілікті кім жүзеге асырады?
2. Министрлер Кабинетінің негізгі міндеттері нелерден құралған?
3. Министрлер Кабинеті қандай тәртіpte құрылады?
4. Министрлер Кабинетінің құрамына кімдер енеді?
5. Министрлер Кабинетінің негізгі өкілеттері нелерден құралған?
6. Үкімет өз қызметін атқаруда қандай нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделеді?
7. Үкіметтің қандай нормативтік-құқықтық құжаттар шығару өкілеттері бар? Бұл құжаттар қандай заңды құшке ие?
8. Үкіметсіз мемлекетті елеестет. Онда қандай жағдай туындейды?
9. Орталық атқаруышы үкіметтің жұмысын базар қағидаттарына сәйкестендір неліктен маңызды болып қалды?
10. Конституцияда олардың міндеттерін қалай өзгерту ұсынылған?
11. Мемлекет басқару міндеттерінің бір бөлігін республика деңгейіндегі облыс, аудан, қала деңгейінде өткізуін маңызы зор екенін негіздеуге әрекет ет.
12. Махалланың басқару органы құрылышын, оның қандай міндеттерді орындаудынын үйрен. Үйренгендерінді дәптеріңе жаз. Махалла азаматтар жиыны бойынша пікірінді сыныптастарынмен талқыла.

Өзбекстан Республикасының Конституциясынан баптар

106-бап. Өзбекстан Республикасында сот әкімшілігі заң шығарушы және атқарушы әкімшіліктерден, саяси партиялардан, басқа қоғамдық бірлестіктерден дербес түрде жұмыс жүргізеді.

112-бап. Судьялар тәуелсіз, олар тек заңға ғана бағынаады. Судьялардың әділетті соттауды іске асыру барысындағы қызметке қандай түрде болса да арапасуга жол қойылмайды және мұндай арапасу заңға сәйкес жауап- кершилікке себеп болады.

113-бап. Барлық соттарда жұмыстар ашық түрде қаралады. Истерді жабық мәжілісте тыңдауга заңда белгіленген жағдайларда ғана жол қойылады.

116-бап. Айыппалуши қорғану құқымен камтамасыз етіледі. Тергеу және соттың ісін жүргізуідің кез келген басқышында квалификациялық заңдық көмек алу құқына кепілдік беріледі. Азаматтарга, кәсіпорын, мекеме және ұйымдарга заңды көмек көрсету үшін адвокатура қызмет етеді. Адвокатураны ұйымдастыру және оның жұмыс тәртібі заңмен белгіленеді.

Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мемлекет әкімшілігін осы жүйесіз елестетіп көр. Қандай жағдайлар пайда болуы мүмкін?
2. Сот жүйесімен байланысты жағдайларға сен немесе жанұя мүшелерің кез болған ба? Өзіңнің пікіріңмен ортақтас.
3. Азаматтар арасындағы дау-дамайларды әр түрлі соттар шешеді. Неліктен соттар әр түрлі? Барлық дау-дамайларды бір түрлі сот мекемелері шешсе болмай ма? Пікіріңді негізден бер.
4. Конституцияның 106 және 112-баптарында соттардың тәуелсіздігі шарты Конституцияның арнағы баптарында атап өтілмегендігіне себеп не деп ойлайсың? Бұл сонша-лықты маңызды ма? Керісінше не болады?

5. Конституцияның 113-бабының мәні неде деп ойлайсың? Мұндай болуы неге әсер етуі мүмкін?
6. Айыпталушылардың Конституцияның 116-бабы арқылы кепілдік берілген құқықтары болмагандан қандай жайттар болатын еди?

Сотқа билігі – мемлекет үкіметінің бір буыны.

Өзбекстан Республикасының Сот жүйесі төмендегілерден тұрады:

— Өзбекстан Республикасының Конституциялық соты;

— Өзбекстан Республикасы Жоғарғы соты;

— Әскери соттар;

— Қарақалпақстан Республикасының азаматтық және қылмыстық істер бойынша соттары;

— Азаматтық және қылмыстық істер бойынша облыстар мен Ташкент қаласының соттары;

— Азаматтық істер бойынша ауданарапық, аудан (қала) соттары, қылмыстық істер бойынша аудан (қала) соттары;

— Қарақалпақстан Республикасының облыстар және Ташкент қаласының экономика және нормативтік соттары;

— Ауданарапық, аудан, қала экономикалық соттары;

— Аудан, қала әкімшілік соттары.

Сотқа жататын билік соттарда қылмыстық, азаматтық, шаруашылық істерін және әкімшілік құқықбұзуышылық туралы істерді Өзбекстан Республикасының заңы негізінде қарau бойынша қажетті өкілетпен қамтамасыз етеді. Сот үкіметі құжаттарының талаптарын орындау, меншік формаларынан тыс барша ұйым, кәсіпорын, мекемелер мен азаматтар үшін міндетті саналады.

Мемлекет міндеттінде сот мекемелері міндеттерінің тиімді орындалуы үшін қажетті жағдайларды жасау міндеттемесі бар. Сот мекемелерінің тәуелсіздігіне мемлекет тарапынан кепілдік берілуі, конституция және заңдарда белгіленген БҮҮ қабылдаған «Сот мекемелерінің тәуелсіздігіне тиісті негізгі принциптер» атты халықаралық құқықтық құжатта да өз көрінісін тапқан.

**Өзбекстан Республикасы Конституциялық соты
заң шығаруышы және атқаруыш биліктердің құжаттары
Конституцияға қаншалықты сәйкес болуын
қарастырады.**



108-бап.

Әділетті соттың нәтижесі, шұбәсіз, соттар тарапынан қабылданған күжаттардың міндеттілігімен тікелей байланысты.

Осы арада соттың қаулыларын мемлекет міндетті түрде қамтамасыз ететіндігін атап өткен жөн.

Жариялыштық қағидаты әділетті сот қызметінің құқықтық негізін белгілейтін маңызды конституциялық қағидаттардың бірі. Өзбекстан Республикасы сот жүйесіне енуші барша соттарда істер ашық қаралады.

Әділ соттауды іске асыруда тіл туралы конституциялық принцип үлкен мәнге ие. Конституциямыздын 115-бабына негізделіп Өзбекстан Республикасында сот істерін жүргізу өзбек тілінде, қарақалпақ немесе белгілі жердегі көпшілік халық сөйлесетін тілде жүргізіледі

Өзбекстан Республикасы сот жүйесінің халықаралық үлгілерге үйлесімділігін қамтамасыз етуші алғышарттардың бірі – бұл айыпсыздық презумпциясы ережесінің заңдағы көрінісі. Бұл – ұлттық құқықтық жүйенің табысы және азаматтық қоғамның маңызды қағидаты.

Елімізде барша судьялар бірдей статусқа ие. Судьялардың әділетті соттауды іске асыру барысындағы қызметіне араласуға жол қойылмайды.

Занда судьялардың өкілеттік мерзімі бес жыл етіп белгіленген.

Елімізде сот жүйесін реформалау және оны жетілдіру бойынша жүргізілген істер алдымен, әкімшіліктер бөлінуіне қатысты конституциялық принципті дәйекті жүзеге асыруға қызмет етті. Соның нәтижесінде сот жүйесінің атқарушы биліктен тәуелсіз жұмыс істеуіне мүмкіндік жаратылды.

Сот-құқық жүйесін дәйекті деморраттыру және либералдандыру бойынша соңғы жылдары жүргізілген істер:

- сот-тергеу қызметінде тергеу үдерісінде, жәбірленуші, күе, күмәнданушы, айыпталуышы немесе сотталушының мәліметі бойынша (егер нақты дәлел болмаса) қаулы қабылдау тоқтатылды;
- Жоғары сот және Жоғары шаруашылық соттары біріктірілді және олар негізінде азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және экономикалық салаларда сот істерін жүргізу бойынша сот билігінің біріккен органы жаратылды;
- Жоғары соттың алдында соттар қызметін қамтамасыз ету бойынша

департамент үйімдастырылды;

- Өзбекстан Республикасы Судьялар жоғары кеңесі ұйымдастырылды және оның міндеттегі пайдалануынан көмектесу белгіленді;
 - Конституциялық сот өкілеттері кеңейтілді және оның шеңберіне Президенттің қаулы және жарлықтарының конституцияға сай екенін анықтау өкілеті енгізілді;
 - Өзбекстан Республикасы Президентінің "Сот-құқық жүйесін одан әрі реформалау, азаматтардың құқық және еркіндігін сенімді қорғау кепілдіктерін қүшешту іс-шаралары туралы" жарлығы қабылданды. Онда сот-құқық жүйесін реформалау бойынша үстем міндеттер белгіленді. Жарлықта сот билігінің шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқық және еркіндігін қорғау, әділ соттауға қол жеткізу мүмкіндігін арттыру сияқты мәселелер сот-құқық жүйесі реформаларының негізгі мақсаты ретінде белгіленді. Бұл мақсатқа жету жолында сот, құқықты қорғаушы және бақылау органдарына нақтыміндеттер жүктелді..

Қанаттың сөздердің асыл қазынасынан!

Егер сот билігі атқарушы билікпен біріксе, онда сот алқасы ситамгарға айналуына мүмкіндік туылады. (Монтееско)



 Эмір Темір мемлекетінде әділ сотты жүзеге асыру үшін терен ойластырылған жүйедегі сот жүйесі болып, олар төмендегі 4 салаға бөлінген және қазылар тарапынан басқарылған.

1. Азаматтық сот (тұрғындардың қазысы);
 2. Әскери сот (әскер қазысы);
 3. Шарифат соты (Ислам қазысы);
 4. Лауазымдылар соты (қызметшілер қазысы).

Қала, өлке және облыс тұрғындары қылмыс және азаматтар жұмысы бойынша сottалатын. Бұл істе шаригат әскерилерге әскери сот (трибунал) қолданылса да, түзіктер негізінде үкім оқылған. Так мұрагерлері үшін үкімді әмірдің өзі шығарған.

Шолу жаса!

Сот – әділетті соттауды іске асыратын мемлекет үкіметінің мекемесі. Судьялар қабылдаған қаулылармен үкімдерді мемлекет атынан шығарады. Бұл ереже қаулылар және үкімдер, мемлекет мекемелерінің сөзсіз орындалы қажеттігін білдіреді.

Шығармашылық жұмыс

Ойыңдағы шартты мемлекетіңің сот жүйесі тарихын сыйз. Мұнда әр түрлі бағыттардағы соттардың өкілеттері, олардың міндеттерін, жауапкершілігін белгілең жаз. Екі азаматпен екі үйым арасындағы дау-дамайлы жағдайларды көлтіріп, оларды сот жүйесі арқылы шешімін табуға әрекет жаса. Әрбір жағдай бойынша сот үкімінің мәтінін жаз.

Пысықтау және қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сот әкімшілігі дсгенде нені түсінесін?
2. Сот әкімшілігі мекемелері қандай міндеттерді орындаиды?
3. Соттардың тәуелсіздігіне қалай кепілдік беріледі?
4. Өзбекстан Республикасы сот жүйесіне қай мекемелер енеді?
5. Өзбекстан Республикасы Конституциялық соты қандай мекеме бол есептеледі? Оның қандай өкілеттіктері бар?
6. Соттардың және судьялардың тәуелсіздігі қалай қамтылады?
7. Сот жүйесін атқарушы билік органдарының қадағалауы мен ықпалынан шығарудың қандай маңызы болғаны жөнінде өз пікірінді айт.
8. Сотты реформалау және тәуелсіз мемлекеттік институтқа айналдыру бойынша жүзеге асырылған іс-шаралар қандай нәтижелерді берді?
9. Жаңадан үйымдастырылған Өзбекстан Республикасы Судьялар жоғары кеңесі қандай мақсатта үйымдастырылды
10. Конституциялық соттың өкілеттері қалай өзгертулді?
11. Президенттің Шавкат Мирзияевтың сот-құқық жүйесін реформалау бойынша жарлығының маңызы туралы айт.

Тарау бойынша қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өзбекстан Республикасы тәуелсіздікке қалай жетті?
2. Өзбекстан Республикасының Конституциясы қабылдануының мәні мен оның өзіне тән ерекшеліктерін айтып бер.
3. Өзбекстан Республикасы Конституациясына негізінен мемлекет басқаруы өкілеттері қалай үlestірледі?
4. Заң шығарушы әкімшіліктің құрамын айтып бер.
5. Олий Мажлистің Заң шығару палатасы қандай міндеттерді орындауды?
6. Сенат деген не? Оның қандай өкілеттері бар?
7. Атқарушы әкімшілік құрамына нелер енеді?
8. Өзбекстан Республикасының атқарушы әкімшілігінің құрамында қандай өзіне тән ерекшеліктер бар?
9. Өзбекстан Республикасы Президентінің қандай өкілеттері бар?
10. Өзбекстан Республикасында Сот әкімшілігіне арнайы әкімшілік ретінде қаралуына себеп не деп ойлайсың?

Атауларға сәйкес анықтамаларды белгіле:

- | | |
|---|----------------------------------|
| <u>1. Конституция</u> | <u>5. Сот билігі</u> |
| <u>2. Заң шығару палатасы</u> | <u>6. Министрлер Кабинеті</u> |
| <u>4. Өзбекстан Республикасы Президенті</u> | <u>7. Заң шығарушы әкімшілік</u> |

a) мемлекет басшысы.

б) Тәуелсіз мемлекетіміздің Негізгі заңы.

в) Олий Мажлистің жоғары палатасы.

г) Олий Мажлис: 1. Сенат; 2. Заң шығару палаталарынан құралады.

д) Конституциялық сот, Жоғары сот, Жоғары шаруашылық соты, соттарды, қамтиды.

е) атқарушы әкімшілікті іске асырады.

з) Олий Мажлистің төменгі палатасы.

Тарау бойынша үлгі тесттер

1. Қандай орган Өзбекстан Республикасының Конституциясына түсінік беруге құқылышы?

- а) Жоғарғы сот; б) Конституциялық сот;
в) Жоғарғы шаруашылық сот; г) Прокуратура.

2. Өзбекстан Республикасындағы мемлекет билігінің өкілеттерін бөлу былайша жүзеге асырылады:

а) Олий Мажлистің депутаттары арасында;
б) Қарақалпақстан Республикасы мен облыстар арасында;
в) Заң шығарушы өкімет, атқарушы билік және сотқа жататын өкімет арасында;
г) Олий Мажлистің Заң шығарушы палатасы мен Сенаты арасында.

3. Мемлекет билігінің өкілеттері мына органдардың арасында болінеді:

а) Прокуратура, ішкі істер, сыртқы байланыстар, ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс органдары арасында;
б) заң шығаратын өкімет, атқарушы билік және сотқа жататын билік арасында;
в) мемлекеттің күкүйк сақтау органдарының арасында;
г) сот, прокуратура, Қарулы күштер арасында.

4. Өзбекстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдарының келісіліп жасалған қызметі мен ынтымақтастырылған кім қамтамасыз етеді?

а) Өзбекстан Республикасының Президенті;
б) Өзбекстан Республикасының Премьер-министрі;
в) Өзбекстан Республикасының Судьясы;
г) Өзбекстан Республикасының Олий Мажлисі.

5. Төменде келтірілген конституциялық ереженің жоқ сөздерін анықтандар.

«**Өзбекстан Республикасындағы барлық азаматтардың ... бірдей, олар жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, әлеуметтік тегіне, сеніміне, жеке басына және қоғамдағы орнына қарамастан заң алдында тен».**

а) күкүйктық қабілеттері; б) борыштары;

- в) құқықтары мен бостандықтары;
г) құқықтары мен міндеттемелері.

6. Өзбекстан Республикасының Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы кім?

- а) Президент; б) Министрлер Кабинеті;
в) Премьер министр; г) Прокурор.

**7. Мына сойлемде түсіп қалған сөздерді орнына қойындар.
Президент өзінің міндеттін атқарып отырған кезде оған
басқа ... орналасуға, ..., кәсіпкерлікпен шұғылдануға
болмайды.**

- а) ақылы лауазым орнына орналасуға; сайланып қойылған
органның депутаты болуға;
б) ақылы лауазым орнына орналасуға; Олий Мажлис депутаты
булуға;
в) ақылы лауазым орнына орналасуға; әскери қолбасшы болуға;
г) ақылы лауазым орнына орналасуға; Министрлер Кабинетінің
Төрағасы болуға.

**8. Өзбекстан Республикасы мемлекеттік басқару формасына
қарай қандай мемлекет болып табылады?**

- а) Президенттік республика; б) Парламенттік республика;
в) Арапас түрдегі республика; г) Монархиялық.

**9. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын
қорғалуына, Конституция мен заңдардың сақталуына кім
кеңіл болады?**

- а) Олий Мажлис; б) Мемлекет;
в) Президент; г) Прокурор.

10. Мемлекет билігінің бірден-бір қайнар көзі – бұл ...

- а) халық; б) мемлекеттік органдар;
в) мемлекет; г) заң шығару өкіметі, атқарушы билік, сот.

**11. Адамдардың әдеп-құлқына, олардың іс-әрекетіне және
әдептеріне әсер ету не деп аталады?**

- а) қофам; б) билік;
в) мемлекет; г) ұжым.

12. Өзбекстан Республикасының Конституциясына сәйкес заңдылық бастамашылық құқы кімдерге берілген?

- а) Өзбекстан Республикасы Президентіне, Олий Мажлис депутатына;
- б) Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетіне, Өзбекстан Республикасы Конституциялық сотына;
- в) Өзбекстан Республикасы жоғары сотына, Өзбекстан Республикасы Бас прокурорына;
- г) Жоғарыдағылардың барлығы дұрыс.

13. Өзбекстан Республикасы Конституциясына сәйкес Өзбекстанда атқарушы билікті ... жүзеге асырады.

- а) Өзбекстан Республикасының Президенті;
- б) Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті;
- в) Жергілікті әкімдіктер;
- г) Министрліктер мен комитеттер.

14. Сот органдарының өз міндетін нәтижелі орындауды үшін қажетті жағдайды жаратып беру міндеті ... жүктелген.

- а) Конституциялық сот;
- б) Министрлер Кабинеті;
- в) Мемлекет;
- г) Халықаралық ұйымдар.

Қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру заң үстемдігін қамтамасыз етү және заңдылықты нығайтудың ең маңызды шарттарының бірі саналады.

Шавкат Мирзияев

IV ТАРАУ

ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ. ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР



**Құлыш және құқық
Құқық нормалары
Құқықтың салалары
Құқықтық қатынастар**

**Өзбекстан Республикасы заңының дереккөздері
Құқықтық сана мен құқықтық мәдениет**



16- тақырып

Құлық және құқық



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сенің мектебіңде сақтауга тиісті болған қандай талаптар мен ережелер бар?
2. Бұл талаптар мен ережелердің қайсысы оқушыларға арналған да, қайсысы оқытушыларға арналған? Сенің жанұяңда қандай талаптар мен ережелер бар?
3. Сен мектебіңде төлеусіз білім аласың. Бұл құқыққа ие болуга саған кім қолайлы жағдай жасайды? Бұл құқықты кім және қалайша орнатқан? Сенің осынау құқығын қайда жазып қойылған?
4. Сен көшемен жүріп келе жатқанда «Жол журу ережелерін» қатаң сақтауга міндеттісің. Қош, сен мектепте немесе жанұяңда сақтауга міндетті болған ережелердің «Жол журу ережелерінен» қандай елеулі айырмашылығы бар? Жауап берген кезде бұл ережелерді кім орнатқанын және олардың орындалуын кім қадағалайтынын есепке ал.
5. Жоғарыдағы мысалдардың қайсы біріне сеннен көбірек

- жасаудар көрсетілген талап етіледі? Не үшін?
6. Жоғарыда атапталған ережелердің орындалуын бақылау кімнің міндетті деп ойлайсың?
 7. Осы ережелердің бұзбаган күйде мектепте, отбасында және достарың арасында қандай құқықтарға ие екендігінді санап бер.
 8. Бұл құқықтарыңды неліктен «құқық» деп атапталуы жайлышты ойлан көргенсің бе? Пікіріңді негізден бер.

Адамның қоғамдағы мінез-құлқын тәртіпке салатын нәрсе, бұл құлыштық болып табылады. Өзбекстанда мың жылдар бойы қалыптасқан ұлттық мінез-құлыштық нормалары және тәуелсіздіктен кейінгі жылдар ішінде дүниеге келген құқықтық нормалар шешуші мәнге ие болады. Құқық түсінігін түсіндіруді оқылату үшін оның белгілері мен қасиеттерін санап шығу мақсатқа сай.



Құлыш – адамның қоғамдағы мінез-құлқын тәртіпке салуышы талап және ережелер жиынтығы.

Құқықтың мазмұнын мінез-құлыштық нормаларының (ережелерінің) жиынтығы түзеді. Бірақ бұл нормалар немесе ережелер біртұтастай, тәртіпке салынған жүйе көрінісінде білінеді.

Құқық әлбетте мемлекеттің еркіндігін білдіреді. Құқықтық мемлекетте мемлекеттің еркі қоғам мен халықтың қалауымен бірдей болады, сондықтан мұндай мемлекеттегі құқық қоғамның я халықтың қалауын білдіреді деп айтуда болады.

Құқыққа қатысы бар қағидалар мен ережелерде көрсетілген талаптарды қоғамның барша мүшелері орындауға тиісті. Басқаша сөзбен, құқыққа жататын нормалар мен мінез-құлыштық ережелері жалпыға міндетті талаптар болып табылады.




Құқық дегеніміз – мемлекет жағынан орнатылған және қорғалатын, бүкіл жұртқа міндетті болған мінез-құлыштық ережелерінің жүйесі.

Егерде құқыққа жататын нормалар мен мінез-құлыштық ережелері бұзылған болса, мемлекет құқық бұзушыларға қарсы жазалау және мәжбүрлеу шараларын қолданады. Яғни мемлекет құқықты қорғайды

да, сондай-ақ мемлекеттің пайда болуымен бір уақытта құқық та пайда болады. Құқық алғашқыда әдепке жататын көзқарастар мен құндылықтар негізінде пайда болған. Кейінректе, құқықтық мемлекет орнатып, мақұлдаған және оның күшімен қорғануға алынған соң, олбүкіл жұртқа міндетті мінез-құлық ережелерінің жүйесіне айналып кеткен.

“Құқық” термині екі объективтік және субъективтік құқық мағынасында қолданылады. Объективтік құқық бұл — мінез-құлық ережелерінің жиынтығы. Субъективтік құқық белгілі бір жеке тұлғаға ғана тиісті болған құқық. Мысалы, біреудің үй-жайына болған яки әлдеқандай мүлікке қатысы болған құқығы. Субъективтік құқық объективтік құқықсыз болмайды. Ал құқықтың өзі мемлекетпен тығыз байланысты. Олар бір-бірінсіз болуы мүмкін емес.

Құқық төмендегі міндеттерді орындаиды, тәртіпке салады, корғайды және тәрбиелейді. Ал бұл сонымен қатар құқық функцияларында көрінеді.



Халықтың көпшілігінің дүниетанымы және ұғымдары әрі құлық, әрі құқықта көрінеді.

Құлық және құқық арасындағы негізгі айырмашылықтар:

1) құқықтарды мемлекеттің өзі белгілейді, ал құлық (ізгілік және жауыздық, әділеттік пен әділетсіздік сияқтылар) мемлекеттің көмегінсіз өзі қалыптасады;

2) құқық мемлекет еркін, ал құлық қоғамдық пікірі, түсі-ніктерін көрсетеді;

3) құқықтық нормалар, қажетті жағдайларда, мемлекеттің мәжбүр ету қүші арқылы, ал құлықтық нормалары қоғамдық пікірі арқылы орнатылады;

4) құлықтық нормалары әлеуметтік қарым-қатынастардың кең шенберін (достық, жолдастық және тіпті, махаббатты да) ретке келтіреді.

5) құқықта мінез-құлықты бағалау өлшемі «занды-заңсыз», ал құлықта «жақсы-жаманнан» құралады;

6) құқықтық құжаттар да анық көрініске ие.

Құқық және құлық бір бағытта әрекет етеді. Кейде құқық қоғамның ескірген құлықтық нормаларынан құтылуына көмектеседі (мәселен, қанды кек алу). Сонымен бірге, құқықты құлық («ізгілік» және «әділеттік» ұғымдары) негізінде қалыптасады. Көбінесе, сот «намыс» пен қадір-құрметіне тіл тигізу», «дөрекілік» және басқа сол сияқты ұғымдарды дұрыс түсіну мақсатында құлықтық ережелерге сүйенеді.

Құлық пен құқық жеке ұғымдар, олар жалпы қасиеттерге де ие.



Төмендегілерден құлық және құқықты айыра біл және кестені толтыр.

- сәлем беру;
- үлкендерге орын беру;
- тәжірибелі емдік қызметтен пайдалану;
- білім алу;
- табиғатты қорғау;
- кішілерге ізетті болу;
- үлкендерді құрметтеу;
- сайлауларда катысу;
- салықтарды дер кезінде төлеу;
- қоғамдық орындарда тәртіпті сақтау;
- ата-аналарға қамқорлық жасау;
- оқытушыны құрмет ету;
- мектеп ережелерін сақтау..

Құлық	Құқық

Шолу жаса!

Құқық және құлық бір бағытта әрекеттенеді.

Шығармашылық жұмыс

1. Ойындағы шартты мемлекетіңің азаматтарының «Құлық кодексін» жаз.
2. Бұл «кодекте» баяндалған ережелерді бұзғандығы үшін қандай жсауапкершіліктерді талап еткен болар едің?
3. Бұл ережелер қай дәрежеде «құқық» анықтамасына сай келеді және оларда құқықтың қандай белгілері бар?
4. Өткен тақырыптардан алған біліміңді пайдаланып, мына мәтінге шолу жаса.



Оз құқық мен міндеттеріңді білу еліміздің әрбір азаматы үшін өте маңызды. Егер біз өз құқықтарымызды білсек, оларды дұрыс пайдалансақ, оларды қорғасақ, бұл біздің құқықтық мәдениетті болуымызды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ бұл басқа азаматтардың құқықтарын бұзбауга да қызмет етеді. Өйткені олар да біз сияқты Конституциямыз береншеңдерге сәйкес бірдей құқық пен еркіндікті пайдаланады.

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Құлық деген сөзді қалай түсінесін?
2. Құлық түсінігін сипаттап бер.
3. Құқық қалай пайда болған?
4. Обектив құқық деген не? Мысал айт.
5. Субектив құқық деген не? Мысал айт.
6. Құқықтың белгілері мен қасиеттерін сана.
7. Құқықтың функцияларын сана.
8. Құқықтың тіртіпке салу функциясының маңызын айт.
9. Құқықтың қорғау функциясының маңызын айт.
10. Құқықтың тәрбиелеу функциясының маңызын түсінір.
11. Құлық адамға қажет пе, әлде қоғамға ма?
12. Құлық пен құқық түсінігінің қандай қатысы бар деп ойлайсың?
13. Егер бұл екітүсініктің арасында қарама қайшылық туындаған жағдайда не өзгереді, құқық па әлде ақылақ па?
14. Құлық пен құқық арасындағы айырмашылықты сана.

17- тақырып

Құқық нормалары



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Суреттерде көлтірілген заңды құжаттардың қайсысымен таныссың? Бұл заңды құжаттардың ішінде не жазылғынын білесің бе?
2. Саған әлі бейтаныс болған құжаттардың ішінде не жазылғанын да шамалап айт. Мұнда осы заңды құжаттардың атауларына назар аудар.
3. Бұл заңдық құжаттарды мемлекет бастырып шығарады, сонда мұның мақсаты не деп ойлайсың?
4. Сені айнала қоршаган өмірде болған, бірер құқықтық діргірлік жағдайга мысал келтір. Осы мысалдағы келелі мәселені шешу үшін заң жолына қайши келмейтін шешім қабылдауға әрекет жаса. Шешіміңдің жазбаша түрде дәптеріңе жаз. Сонда:
 - 1) осы құқықтық ділгірліктің өзін, яғни заң ережелері бұзылған жағдайды сипаттап бер;
 - 2) заңның осынау ережелері бұзылған жағдайдың қандай нәтижеге әкеп согатынын білдіріп жаз;

3) Осы ереже бұзушылықты істеген адамдарға қандай жазалау шарасы қолданылғанын жүйелеп жаз;

5. Сенің мысалга алған құқықтық мәселеңді шешу үшін жогарыда кескінделген заңдық құжаттардың қайсысы сagan керек болады деп ойлайсың?

Біз құқық пен құқықбұзушылықты, заңдылық пен заңбұзушылықты бір-бірінен айырып алуымыз үшін белгілі өлшемдер, тәсілдер, құралдар және құжаттар қажет болады.

Мұндай мүмкіншілікті бізге құқық нормалары береді.

Құқық нормасы – бұл құқық жүйесінің ең негізгі бастапқы элементі. Құқық нормалары қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саяси құрылышымен белгіленетін, халық еркін көрсететін мемлекет тарапынан орнатылған, орындалуы қоғамның барлық мүшелері үшін жалпы мәжбүри болған, әлеуметтік қарым-қатынастарды тәртіпке салатын ережелер.



Мемлекет тарапынан белгіленетін кепілдік берілетін және қоргалатын барша үшін міндетті мінез-құлық ережесі – құқық нормасы дегінеді.

Құқық нормасының негізгі міндеті – әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеу. Құқық арнайы нормалар, мінез-құлық ережелерінен құралған.

Құқық нормасы құрылышына қарай бір-бірімен байланысты болған төмендегі үш құрамдық бөлшектен (элементтен): гипотеза, диспозиция, санкциялардан құралады.

Гипотеза нормада іске асуы үшін қажетті болған жағдайлар баяндалады.

Диспозицияда мінез-құлық ережелерінің өзі көрсетіліп, құқық субъектілерінің құқық және міндеттері белгілеп беріледі.

Санкцияда құқық нормалары орындалмағаны үшін мемлекеттің қолданатын мәжбүрлеу шарасы баяндалады. Қылмыстық кодекстің 203-бабын мысал етіп алайық: “Су немесе су қоймаларын пайдалану шарттарын бұзу ауыр салдарға себеп болса, ең аз жалақының елу есесінен жүз есесіне дейінгі мөлшерде айыпақы яки үш жылға дейін құлық түзету жұмыстары, яки алты айға дейін тұтқынға алу немесе

үш жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады”.

Жоғарыдағы баптың “Су яки су қоймаларын пайдалану шарттарын



«Норма» сөзі латыншадан аударылғанда «ереже», «ұлгі» магынасын білдіреді.

Гипотеза – грекше сөз, елестету, пікірлеу деген магынаны білдіреді.

Диспозиция – латын тілінен алынған сөз, баяндау деген магынаны білдіреді.

Санкция – латын тілінен алынған, мәжбүри шара деген магынаны білдіреді.

бұзу” бөлігі гипотезага мысал бола алады. “Ауыр салдарға себеп болса” бөлімі диспозиция, ал «ең аз жалақының елу есесінен жүз есесіне дейін мөлшерде айыпақы яки үш жылға дейін құлық түзету жұмыстары, яки алты айға дейін тұтқынға алу, я болмаса үш жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады” бөлімі санкцияға мысал бола алады.

Кейбір заң құжаттарында құқық нормасы құрамдық элементтен емес, 2 құрамдық элементтен құралған болуы да мүмкін. Мәселен, кез келген мемлекеттің Конституациясындағы баптар негізінен гипотеза мен диспозициядан құралған болады да, санкция элементіне дерлік тоқталмайды.

Өзбекстан Конституациясының 6-бабын алатын болсақ, онда Өзбекстан Республикасының астанасы – Ташкент қаласы болып тән алынған. Бұл бап құқық нормасына мысал бола алады және бұл бап тек қана диспозициядан ғана құралған.

Құқық нормасының төмендегі белгілері бар:

- мемлекеттің (халықтың) еріктілігін көрсетеді;
- мемлекет тарапынан нормативтік құжаттарда көрсетіледі;
- мемлекет тарапынан қорғауға алынады, қажет болған жағдайда мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етіледі;
- қоғам және мемлекет үшін ең маңызды болған әлеуметтік қарым-қатынастарды нығайтады.



1



2



3

Осындағы құқық тармақтарына келтірген мысалдарың:

- 1) гипотеза, санкция бөлімдерінен құралған болсын;
- 2) тек қана гипотеза және диспозициядан құралған болсын;
- 3) үш суреттің әрқайсысына тиісті болсын;
- 4) тек қана 1- және 3-суреттерге тиісті болсын;
- 5) тек қана 2-суретке тиісті болсын.

Құқықтық нормаларға мысал ретінде халықаралық құқықтық құжаттарды да енгізуге болады. Өзбекстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері көптеген халықаралық құқықтық құжаттарға қосылды. Төменде күнделікті өмірімізге әсер ететін кейір маңызды халықаралық құқықтық құжаттардың тізімін ұсынамыз:

- Адам құқықтары бүкіләлемдік деклорациясы;
- Бала құқықтары туралы конвенция;
- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық факт;
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық факт;
- Техникалық және кәсіптік білім алу бойынша конвенция;
- Даму құқы туралы деклорация;
- Халықаралық мәдени ынтымақтастық принципі туралы деклорация;
- Жұмысқа қабылдаудың минималды жасы туралы конвенция.

Қанатты сөздердің асыл қазынасынан!

Азат болу үшін заңдардың құлыша айналуға тура келеді.

(Цицерон Марк Туллий)

Шолу жаса!

Құқық нормасының негізгі қызметі – әлеуметтік қарым-қатынастарды тәртіпке салу.

Шығармашылық жұмыс

1. «Бахт банкінің» лауазымды тұлғалары кәсіпкер Г.Хамраевамен ауыз біріктіріп, «Чақон» фермерлік шаруашылығының «Бахт банкіндегі» 2 миллион сум қаржыны 2014 жылғы 11 февраль күні Г.Хамраеваның есеп шотына жалған құжаттармен өткізген, яғни күндіз талан-тараж жасаған.

Қазір осы жағдай бойынша «Бахт банк» өкілдеріне ҚҚ-нің 167- бабындағы 2-бөлімінің «в», «г» пункттерімен қылмыстық іс қозғатылып, тергеу басталған.

- 1) Жоғарыда айтылған жағдайға құқықтық баға бер.
- 2) Бұл жағдайдага қатысты құқықтық нормаларды қолдан.
- 3) Қолданылған құқықтық нормалардың гипотеза, диспозиция, санкция делінетін болімдерін ажыратып көрсет.

2. Шартты мемлекетіңде "орын алған" жоғарыдағы масалда берілгенге үксас шартты құқықбұзуыштық жағдайын баянда. Бұл құқықбұзуыштық жағдайы бойынша да жоғарыдағы айтылған тапсырмаларды орында

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Құқық нормасы ұғымын сипаттап бер.
2. Құқық нормасының қажеттігін негізден бер. Мұнда егер құқық нормасы болмаса қоғам қандай қыншылықтарға душар болуы мүмкіндігіне назар аудар.
3. Құқық нормасының негізгі міндеті неден қурадады?
4. Құқық нормасының құрамдық элементтерін санап бер.
5. Гипотеза деген не? Мысал келтір.
6. Диспозиция деген не? Мысал келтір.
7. Санкция деген не? Мысал келтір.
8. Кез келген құқық нормасында да бұл үш элемент бар ма? Мысал келтір. Құқық нормасының қандай белгілері бар?

18- тақырып

Құқық салалары



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

- Суреттерге қара. Бұл суреттерде бейнеленген адамдар да әр түрлі құқықтық қажеттілікке ие. Оларды айтып бер.
- Бұл құқықтарды қамтамасыз ету үшін қабылданған заң құжаттарынан қайсысы туралы естігендің?
- 1-суреттегі оқушы мен 6-суреттегі фермер құқықтары арасында қандай ұқсастық және айырмашылықтар бар?
- 3 және 2-суреттегілердің ше, 4 және 2 - суреттердің ше?
- 5-суретте бейнеленген табиғаттың да құқықтары бар ма? Бұл құқықтар нелерде бейнеленуі мүмкін деп ойлайсың?

Кез келген қоғамда сол қоғам мүшелерінің құқық пен еріктілігін қамтамасыз ету үшін белгілі бір құқық жүйесі қажет. Бұл жүйе сан қылыш, бірақ өзара берік байланысқан құқық нормаларының жиынтығынан құралған болады.



Құқық жүйесі — бұл қоғамда қалыптасқан құқықтық нормалардың біртұтас болмыс ретінде әрекеттенуі, құқық нормалары мен тармақтарының анық жүйлілікте, өзара байланыстылықта жайгасуы.

Қай құқық нормасын қай объектіге қолдану қажеттілігін анықтау үшін оларды түрлерге бөлу керек. Құқық жүйесі, ең алдымен, құқық тармақтары (салалары) деп аталушы жеке тармақтарға бөлінеді. Мұнда, мемлекеттегі әлеуметтік қарым-қатынастардың әртүрлілігі ескеріледі. Осы катынастар құқықтық тәртіпке салудың (басқарудың) предметін құрайды. Ал құқықтық тәртіпке салу (басқару) тәсілі, құқықтың әлеуметтік қатынастарға ықпал етуге жәрдемдесетін жолдары, тәсілдері, өлшемдерінің жиынтығы болып табылады.

Әлеуметтік қарым-қатынастардың еңбек қатынастары, әлеуметтік қамтамасыз ету, қаржы және т.б. сияқты түрлері арнайы құқықтық нормалар арқылы ретке келтіріледі.

Өзбекстан Республикасы құқық жүйесі мына жоба арқылы бейнеленеді:



Осы құқық тармақтарынан кейбіреулерін сипаттайық:

— Конституциялық құқық саласы – бұл құқық тармағы құқық жүйесіндегі ең негізгі құқық саласы. Себебі мұнда құқықтың басты принциптері, мемлекеттің құқықтық бейнесі белгілеп беріледі. Конституциялық құқық тараپынан мемлекет, қоғам және адамдар арасындағы қарым-қатынастар тәртіпке салынады. Мұнда мемлекет егемендігі, мемлекеттің саяси, басқару түрі, әкімшілік-аумақтық құрылышы, мемлекет мекемелерінің құқықтық статусы, адамдардың негізгі құқығы және еріктілігі, қоғамның өзіне тән ерекшеліктері сияқты маңызды мәселелер нығайтылған.

— Еңбек құқығы саласы – кәсіпорындар, ұйымдар және олардың қызметкерлері арасындағы еңбек қарым-қатынастарын реттейді.

— Азаматтық құқық саласы – мүлікке байланысты және мүліктік емес қатынастар ретке келтіріледі.

— Отбасы құқығы саласы – жанұядагы, жанұя және некемен байланысты қарым-қатынастар ретке келтіріледі.

— Экологиялық құқық саласы – табигатты қорғау барысында пайда болатын қарым-қатынастар ретке келтіріледі.

— Қылмыстық құқық саласы – қандай іс-әрекеттер қоғам үшін қауіпті екендігін, оларды жасағандар қалай жазалануы және бұл салада пайда болатын барша қарым-қатынастар ретке келтіріледі.

— Халықаралық құқық саласы – халықаралық қарым-қатынастар, мемлекеттер арасындағы байланыстар барысында пайда болатын қарым-қатынастар ретке келтіріледі.

Процессуалдық құқықтар соттардың қызметін тәртіпке салады және қай тармаққа тиісті құқықтық мәселелерді қарастырып отырғанына қарай жоғарыдағыдан келтірілген З түрге бөлінеді.

— Азаматтық-процессуалдық құқық нормалары соттардың азаматтық, жанұялық, еңбек, жермен байланысты және қаржылық қатынастар сияқты бірнеше салалардағы қызметін ретке келтіреді.

— Шаруашылық процессуалдық құқықта да жер, аграр, қаржылық, экологиялық салаларына тиісті қылмыстық қатынастарды соттар арқылы шешу көзделген. Шаруашылық процессуалдық құқықта шаруашылықтар аралық мүліктік дау-дамайларын шешу ескерілген.

— Қылмыстық процессуалдық құқық соттау, тергеу, прокуратура

мекемелерінің қылмыстық істерін тергеу және сотта көріп шығу қызметі ретке келтіріледі.

Жоғарыдағы тармақтар мемлекеттің ішкі құқық жүйесінде жатады. Бұдан басқа халықаралық құқық жүйесі де бар, бұл құқық жүйесінің нормалары мемлекеттер, халықаралық ұйымдар және басқа субъектілер арасындағы құқықтық қарым-қатынастарды реттейді.

Халықаралық құқық жүйесі төмендегі тармақтарды қамтиды: халықаралық ұйымдар құқық, халықаралық қауіпсіздік құқық, дипломатия және консулдық құқық, халықаралық теңіз құқық, тағы басқалар.

Құқықтық институттар – бұл өзара байланысқан, бір түрдегі әлеуметтік қатынастарды ретке келтіретін құқықтық нормалар тобы. Конституциялық құқық саласында президенттік, азаматтардың құқықтық және еркіндіктері институты, қылмыстық құқық саласында

– жауапкершілік институты, жанұя құқында – неке институты және басқалар. Бұл құқық институттары құқық саласының ішкі құрамдық бөлігі, ол құқық саласын құрайды. Яғни құқық институттары құқық салаларының құрамдық бөлігі болып табылады.

Шолу жаса!

Құқық саласы (тармағы) құқықтық нормалар тарапынан ретке келтіретін қарым-қатынастар жинағы деуге болады.

Шығармашылық жұмыс

Ойындағы шартты мемлекетінде:

1. Жеке тұлғаларың кірісуі мүмкін болған әлеуметтік қарым-қатынастарда құқықтың қайсы тармақтары қажсет болуы мүмкіндігін бөліп көрсөт.
2. Егер олардың арасындағы құқықтық қатынастар сом арқылы шешілуіне тұра келсе, қайсы процессуалдық құқық салаларына сүйенуіңе тұра келуін айт.
3. Егер жоғарыдағы жеке тұлғалардың орнында зандық тұлғалар (ұйымдар) болса ше?



Сөздерді дұрыс орналастырып, халықаралық құқықтық құжаттардың аттарын ата. Онда не баяндалған?

серіктес	Азамат	минимал	деклорация	конвенция
Ic	құқық	факт	мәдени	етудің
алеует	кәсіп	бүкіләлем	туралы	және
туралы	Бала	құқықтар	білім	Даму
туралы	және	конвенция	мәдени	конвенция
Адам	бойынша	экономика	конвенция	саяси
халықаралық	құқықтары	жасы	деклорация	техникалық
туралы	Халықаралық	құқықтары	туралы	
құқықтар	және	халықаралық	қабылдау	факт
	қағидалары		туралы	

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Құқық жүйесін салаларға бөлу не үшін қажет?
2. Құқықтық ретке келтіру предметі деген не?
3. Құқықтық ретке келтіру тәсілі деген не?
4. Құқықтық салалардың негізгі түрлерін санап бер.
5. Ең негізгі Конституциялық құқық саласын қысқаша сипаттап бер.
6. Азаматтық құқықтық саласын қысқаша сипаттап бер.
7. Егер қылмыстық құқық саласы болмағанда қоғамда қандай жағдай туындайтын еді?
8. Процессуалдық құқықтық салалар арқылы қандай қызмет ретке келтіріледі?
9. Азаматтық және шаруашылық процессуалдық-құқықтық салаларының негізгі айырмашылықтары неде?
10. Қылмыстық процессуалдық-құқықтық саласы қандай міндеттерді орындаиды?
11. Құқық институттарына мысал келтір.
12. Халықаралық құқықтың құрамдық салаларына мысалдар келтір.

19- тақырып

Құқықтық қатынастар



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

- 1-суреттегі Ішкі істер қызметкери балаларға жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін ескерту беріп тұр, олардың ереже бойынша жүргүй талап етуде. Ойлан көр, бұл жағдайда құқық нормалары бұзылып жатыр ма әлде жоқ па?
- 2-суреттегі сатушы мен сатып алушы арасындағы алу-сату қатынастарының құқыққа байланысы бар ма әлде жоқ па? Олардың арасындағы қатынасты құқықтық қатынас деуге болады ма? Сұраққа жауап беруде құқық және құқықтық нормалар туралы білгендеріңді есіңе түсір, логикалық пікрлеуге әрекет ет.
- 3- суреттегі жас балалар өз құқықтарын тәуелсіз пайдалануы мүмкін бе? Жауабыңды дәлелде.
- 4- суреттегі балалар өз құқықтарын тәуелсіз пайдалана алады ма? Жауабыңды дәлелде.

Құқық нормаларымен ретке келтірілетін әлеуметтік қарым-қатынастар құқықтық қатынастар делінеді. Олардың пайда болуы үшін зандық факт –оқиғаның (мәселен, адамның туылуы яки өлімі, өрт) яки қимыл-әрекеттің (мәселен, құқықбұзушылық) пайда болуы кажет болады.



Кейбір жеке тұлғалар арасында пайда болатын және құқық нормаларымен ретке келтірілетін әлеуметтік қарым-қатынас құқықтық қарым-қатынас делінеді.

Әлеуметтік қатынастар қоғамның материалдық және рухани өмірінде болатын қатынастар болғандықтан осы әлеуметтік қатынастарды құқықтық мазмұнмен сәйкестендіріп толтырылады. Мысалы, жеке және занды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметі кезінде табиғатқа деген материалдық байланыстары экологиялық құқық тарапынан, экономикалық байланыстар кей жағдайда занды мүлік құқы немесе кәсіпкерлікке қатыста құқықтық нормалар арқылы, ал саяси қатынастар Конституция арқылы реттеледі.

Ұлттық, діни, жанұялық және мемлекетаралық қатынастар сияқты әлеуметтік қатынастар да құқық арқылы реттеледі.

Құқықтық қатынас, құрылышына қарай **объект, субъект** сияқты элементтерді қамтиды.

Мысалы, Раушан дүкеннен жалпы дәптер және түсті калам сатып алмақшы болды. Мұндағы жалпы дәптер мен түсті қалам құқықты қатынастың объекті бол есептеледі. Ал Раушан құқықтық қатынастың субъекті болады.

Құқықтық қарым-қатынастың тағы да бір құрамдық элементі бұл құқықтық қатынастың мазмұны болып саналады.

Мазмұн өз кезегінде субъективтік құқық және зандық міндетті қамтиды және құқықтық қатынас субъектілерінің өз құқық және міндеттерін іске асыру бойынша нақты әрекеттерді білдіреді. Мәселен: дүкенде шай сатып алу кезіндегі құқықтық қарым-қатынас мазмұны – бұл сатушының шайды беруі және сатып алушының ақша төлеуі болып, мұнда сатушы шай беру арқылы өз міндетін орындауды және ақша алу құқына ие болды және керісінше, сатып алушы шайды сатып алу арқылы өзінің шай алуға болған құқынан пайдалануды және ақша беру міндетіне ие болды.

Демек, құқықтық қарым-қатынастардың элементтері 4-еу екен: **объект, субъект, субъективтік құқық және заңдық міндет.**

Құқықтық қарым-қатынастар субъектілер арасындағы қатынастардың заңдық көрінісі болып табылады, оның көмегінде мемлекет және заң талаптары бойынша әлеуметтік қатынас қатысуышыларының мінез-құлықтарын белгілеп береді.

Құқықтық қатынастарда қатысуышылар, яғни субъектілер **құқық қабілетіне** және **қолдану қабілетіне** ие болуы талап етіледі.



Құқықтық қарым-қатынас – оның қатысуышылары арасындағы құқықтық (заңдық) байланыстар болып, олардың өзара құқық және міндеттеріндегі көрінеді.

Жаңа дүниеге келген сәби де әр түрлі құқықтарға, мәселен, медициналық жәрдем алу, түрғын мекенге, өз есіміне, фамилиясына ие болу құқықтарына ие. Ақыл-есі нашар және рухани аурулар да құқықтық қабілетке ие. Олар да өмір сүру, емделу, жәрдемақы алу, мұлік иесі болу құқына ие. Кей кезде әлі туылмаған бала да құқықтық қабілетке ие болады. Ол мұрагер бола алады.



Құқықтық қарым-қатынас қатысуышыларының әрекеті неге бағытталған болса, сол нәрсе құқықты қатынастардың объекти болып саналады.

Құқықтық қарым-қатынастардың қатысуышылары яғни құқық және міндет иелері құқықтық қатынастарының субъектілері саналады.

Құқықтық қабілеті, негізінен, адамның туылышымен пайда болады және қаза табуымен аяқталады.

Қолдану қабілеті өз әрекеттері негізінде құқықтарды іске асыру және заңдық міндеттерді орындаі алу мүмкіндігі бол табылады.

Қолдану қабілеті жас және рухани денсаулыққа байланысты. Өзбекстан заңдары бойынша, толық қолдану қабілеті азамат 18 жасқа толғаннан соң басталады. Бірақ бұл ережеде ерекшеліктер де бар. Мәселен, адам қылмысты жауапкершілікке 16 жастан, кейбір қылмыстар үшін 14 жастан тартылуы мүмкін. Басқа бір мысал: Жанұя кодексі кей жағдайларда 18 жасқа толмай жатып некеден өтүге рұқсат береді. Мұндай азамат некеден өткен мерзімнен бастап толық қолдану

қабілетіне ие болады.

Құқық қоры үкімет жігерін белгілі құқықтық - норматив тік құжаттар, заң актілерінде көрсету, баяндау әдісі және формасы Құқықтану ғылымында құқық қорларының төмендегі формасы енгізілген:

Құқықтық әдет деп қоғам мүшелері тарапынан ұзак уақыт қолданылуы, тұрақты қайталануы нәтижесінде қоғам тарапынан қабылданған мінез-құлық нормасына айналған және мемлекет тарапынан бекітілген ережені айтады. Құқықтық әдет көне дәуірлерде негізгі құқықтық қайнар көз болып саналған. Қазіргі күнде де кей елдерде бар. Мәселен, Ұлыбритания.

Зандық прецедент сottың жалпы мәнге ие болған анық бір іс бойынша қаулысы болып табылады. Зандық прецеденттің өзіне тән жақтары, ол қабылданған соң, сол мәселе бойынша жалпы мәжбүри ережеге айналады. Құқықтық прецедент кейір мемлекеттерде, мәселен, Ұлыбритания, АҚШ, Канада және Австралияда құқықтық қайнар көзі боп есептеледі. Бірақ Өзбекстан Республикасының құқықтық жүйесінде қолданылмайды.

Нормативтік-құқықтық құжат – қазіргі күнде ең маңызды болған құқықтың қайнар көзі: Нормативтік-құқықтық акт өкілетті мемлекеттің мекемесінің белгіленген тәртіпте қабылдаған зандық құқықтық құжаты болып, жалпы мәжбүри мінез-құлық ережелерін қамтиды.



Заңдылық бұл – өкілетті мемлекет мекемелерінің заң шығару қызметі және әрбір өкілетті мемлекет мекемесінің қатаң белгіленген құқықтық-нормативтік құжаттарды шығару құбына ие екендігі болып саналады.

Нормативтік-құқықтық құжаттардың төмендегі түрлері бар:

1. Заң, соның ішінде Негізгі Заң боп есептелген – Конституция. Олар жалпыхалықтық дауыс беру жолымен яки парламент тарапынан қабылданады;
2. Жарлық – мемлекет басшысының нормативтік-құқықтық құжаты;
3. Үкімет қаулылары және үкімдері;
4. Министрліктер және басқа мемлекеттік кенселердің бүйрық

пен нұсқаулары;

5. Жергілікті атқару органдарының қаулылары.

Халықаралық келісім-шарт халықаралық құқықтың екі немесе бірнеше субъекті тарапынан қабылданған бітім болып, құқық және міндеттерді белгілеуші, өзгертуші яки жоққа шыгарушы құжат бол саналады.

Халықаралық келісім-шарт және басқа халықаралық нормативтік-

Шолу жаса!

Мемлекеттің құқық шығармашылығы қызметінің нәтижесінде заң шыгарушы мекеменің еркі орындалуы мәжбүри болған белгілі құқықтық құжат пайда болады.

Шығармашылық жұмыс

Ойындағы шартты мемлекеттің пайда болуы мүмкін болған құқықтық жағдайларға 4 мысал келтір. Бұл жағдайларда:

- 1) Қандай тұлғалар қандай құқықтық қарым-қатынастарға еніп бара жатқанын көрсет.
- 2) Бұл құқықтық қарым-қатынастардың обьектілерін және субъектілерін айырып бер.
- 3) Құқықтық қарым-қатынастар субъектілерінің құқықтық және қолдану қабілеттері жөнінде не дей аласың?
- 4) Жоғарыдағы жағдайларды пайдаланып жасаган нормативтік құқықтық құжастарың сол жағдайларды шешетін болсын.

Пысықтау және қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Құқықтық қатынастар дегенде нені түсінесің? Мысалдар келтір.
2. Құқықтық қатынастар обьекті деген не? Субъекті деген ше? Мысалдар келтір.
3. Құқықтық қабілет және қолдану қабілеті арасында қандай айырмашылық бар?
4. Құқықтық әдет деген не? Құқықтық прецедент ше?
5. Жалпы мәжбүри мінез-құлық нормаларын қамтитын құжаттар қалай аталады? Олар не үшін керек?
6. Жалпы міндетті мінез-құлық нормаларды өз ішіне алатын құжаттарды қалай атауга болады? Олар не үшін керек?

1

Өзбекстан Республикасының «Өзбекстан Республикасының кейбір заң құжаттарына экономикалық қатынастар және кәсіпкерлікті дамытуға қаратылған өзгерту мен қосымшалар енгізу туралы» заңынан: Заңға сәйкес Өзбекстан Республикасының «Банк және банк қызметі туралы» (25.05.2000 ж.), «Микроқаржылау туралы» (15.09.2016 ж.), «Микронесие үйымдары туралы» (20.09.2006 ж.) заңдарына, Өзбекстан Республикасының Кеден кодексіне (20.01.2016 ж.) қажетті өзгерту мен қосымшалар енгізілген.

«Халқ сузи», 04.10.2018 ж.

2

Өзбекстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік органдар және үйымдарында еңбек тәртібін одан әрі нығайту іс-шаралары туралы" қаулысынан: Өзбекстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 9 августегі «Еңбек тәртібі кеңсеаралық жалғыз электронды жүйені енгізу іс-шаралары туралы» Ф-5017 санды жарлығына сәйкес министрліктер, кенселер, жергілікті атқарушы органдар мен тағы басқа да үйымдардың «Іjgo.gov.uz» атқарушы тәртібі кеңсеаралық жалғыз электронды жүйесіне қосылуы қамтамасыз етілді.

«Халқ сузи», 06.10.2018 ж.

3

Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің «Жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы құқықбұзушылықтарға қарсы құрнесудің нәтижелілігін арттыруға қатысты қосымша іс-шаралар туралы» қаулысы қабылданды.

«Халқ сузи» (Online), 23.05.2019 ж.

Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жоғарыдағы үзінділердекелтірілген Құқықтық-нормативтік құжаттарды бөліп көрсет.
2. 1-үзіндідегі заң жобасы қайта талқыланып жатқанына себеп не дең ойлайсың?
3. Келтірілген құқықтық-нормативтік құжаттардың қоғамымыз өмірі үшін қаншалықты қажет екенін негізден беруге әрекет жаса.

4. Бұл Заң, Жарлық және Қаулыларды орындау жер-жерде іске асырылуын ескере отырып, оларды орындау үшін мемлекеттің жергілікті мекемелері тағы да қандай құжаттар дайындауды көректігін жобалап көр.

Зандар және зандылық құжаттар, ең алдымен, әлеуметтік қарым-қатынастарды ретке келтіріп тұратын негізгі өлшемдер. Соның үшін де Өзбекстан Республикасының құқықтық қорларын зерттеуде бірінші болып зандардан бастау қисыны жағынан тұра келетін еді.

Бірақ, Өзбекстан Республикасы зандылығы бойынша заңын мемлекет ішіндегі және халықаралық ережелер арасында айырмашылық болған кезде, халықаралық келісім-шарт яки бітімдер үстем бол есептеледі.

Сондықтан да Өзбекстанның құқықтық қорларын зерттеуді халықаралық құқық құжаттарынан бастауымыз табиғи.

Халықаралық құқықтың жалпы тән алған принциптері мен нормалары және Өзбекстан Республикасының халықаралық келісім-шарттары Өзбекстанның ең бірінші құқықтық қорлары болып табылады.

Халықаралық құқықтың жалпы тән алған принциптері мен нормалары – халықаралық құқықтың негізгі ережелері болады, оларды халықаралық құқықтың барша субъектілері тән алған және орындауға мәжбүр. Мемлекет егемендігін құрметтеу, зорлық-зомбылық жасамау, мемлекеттік аумақтық тұтастығын тән алу, қарама-қайшылықтарды бейбіт жолмен шешу, ішкі істерге араласпауы, халықтардың тәң құқықтығы, адамның құқық және еріктілігін құрмет ету, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық, халықаралық құқық бойынша міндеттерді орындау осылардың қатарына жатады.

1995 жылы "Өзбекстан Республикасының халықаралық келісім-шарттары туралы" заңы қабылданды.

Халықаралық келісім-шарт – халықаралық құқықтың екі яки одан астам субъекті қабылдаган бітім болып табылады. Ол екі жақтың құқық және міндеттемелерін белгілейтін, өзгереттін яки жоққа шығаратын құжат саналады. Өзбекстан Республикасы саяси, экономикалық, құқықтық және арнаулы мәселелер бойынша бірнеше мың келісім-шарт жасаған.

Өзбекстан Республикасы заңдары мына топтарға бөлінді:

- 1) Негізгі заң – Конституция;
- 2) конституциялық заң;
- 3) заң.

4) Қарақалпақстан Республикасының Конституясы және заңдары.

Озбекстан Республикасы Конституясы мемлекет әкімшілігінің ұйымдастырылуын белгілейді, конституциялық жүйе негіздерін, адамдар мен азаматтардың құқық және еріктілігін нығайтады. Конституя іс жүзіндегі заңдар үшін заңдық негіз болып табылады. Конституя ережелері басқа нормативтік құжаттарда дамытылады және айқындастырылады. Қарақалпақстан Республикасы Өзбекстан Республикасы құрамында өз Конституясына ие болып, оның ережелері Өзбекстан Конституясына қайшы келмейді атап өту керек.

Конституциялық заңдар – Конституяға өзгерістер және қосымшалар енгізуши заңдар. Ол үшін Олий Мажлисте қарапайым заңдарға қарағанда оларды қабылдаудың күрделі тәртіп-ережелері белгіленген. Олар парламент мүшелері жалпы құрамының 2/3 бөлігімен қабылданады.

Заңдар, сонымен қатар, кодекстендірілген және енгізілген заңдарға бөлінеді. Кодекстендірілген заңдарға кодекстер кіреді. Кодекс – қисынды жүйелендіру ерекшелігіне ие заң болып, өзінде әлеуметтік қарым-қатынастардың белгілі бір саласын толық ретке келтіретін нормаларды біріктіреді. Мәселен, Азаматтық кодексі, Қылмыстық кодексі, Еңбек кодексі, Салық кодексі, Кеден кодексі және т.б.

Қарақалпақстан Республикасы заңдары Қарақалпақстанның аумағында атқарылуы шарт.

Заң мерзімі бойынша төмендегі тәртіpte күшке енеді:

- 1) ресми жарияланғаннан он күн өткен соң;
- 2) заңда яки арнаулы құжатта көрсетілген уақыттан бастап.

Заң уақыт бойынша төмендегі тәртіpte күшін жоғалтады:

- 1) заңың өзінде көрсетілген мерзім аяқталған болса;
- 2) осы заң жарамсыз деп жариялануының нәтижесінде.

Заңың артқа қайту күші іс жүзінде кем қолданылады. Өзбекстанда қылмыстық яки әкімшілік жауапкершілікті жеңілдетуші заңдар артқа қайту күшіне ие.

Қарақалпақстан Республикасының заңдары оның аумағында ғана іске асады.

Заң жеке адамдарға қатысты қолданылады, яғни зандар осы аумақтағы барлық субъектілер, яғни азаматтар, зандық тұлғалар, мемлекет мекемелері, кәсіпорындар, кеңселер және ұйымдар үшін міндettі болып саналады.

Бірақ ерекшеліктер де бар. Мәселен, «Сайлаулар туралы» зандардың талаптары тек Өзбекстан азаматтарына ғана тиісті.



Заң заманында қолданылады, яғни белгілі мерзімде жұмыс істейді. Бұл мерзім заңда көрсетілген күннен басталады.

Заң белгілі жерде қызмет етеді. Яғни, заңдарга мемлекеттің барлық ауамағында мойынсұнылады.

Өзбекстан Республикасы Президенті мемлекет басшысы ретінде жарлықтар, қаулылар және үкімдер шығарады. Олар Өзбекстан Республикасының Конституциясы және зандарына қайши келмеуі керек.

Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары шаруашылық және әлеуметтік өмірд ең маңызды мәселелері бойынша қабылданады. Олар құқық қорлары болып саналады.

Кей жағдайларда атқарушы әкімшілік мекемелерінің құжаттары осы мекемелері жүйесінен тыс әлеуметтік қатынастарды ретке келтіреді. Мұндай өкілеттер Қаржы министрлігі, Заң Министрлігі, Орталық банк және басқа ұйымдардың қызметінде көрінеді.



Заңдылық құжаттары заңдар негізінде қабылданады:

- 1) Президент жарлықтары;
- 2) Үкімет қаулылары;
- 3) Басқа атқару мекемелерінің нормативтік құжаттары;

Өзбекстанда министрліктер және ұйымдардың, азаматтардың құқықтары және занды мүдделеріне тиісті нормативтік құжаттарды белгілеу мемлекеттік жүйесі енгізілген. Бұл міндеп Өзбекстан Республикасы Заң министрлігінің міндестіне жүктетілген.

Шолу жаса!

Зандар және басқа нормативтік құжаттар арасында Өзбекстан Республикасының Конституциясы негізгі орын алады. Конституация іс жүзіндегі зандар үшін зандық негіз болып табылады.

Шығармашылық жұмыс

Ойыңдағы шартты мемлекетіңде болған құқықтық-нормативтік құжаттарды Өзбекстан Республикасы құқық қорларымен салыстырып көр.

- 1) Мұны мәселен, Конституция мысалында қарастыруға болады. Сенің ойыңдағы құқықтық нормативтік құжаттардың аттары Өзбекстан Республикасы құқық қорларының аттарынан қандай айырмашылығы бар?
- 2) Қайсы құжаттардың мәтіні осылайша біркелкі, қайсыларының айырмашылығы болуы мүмкін?
- 3) Өзбекстан Республикасы құқықтық қорларын өзгертуken соң сен өзіңнің шартты мемлекетіңнің қорларын қалай өзгертуken болар едің?

Пысықтау мен қайталауға арналған сұрақ және тапсырмалар

1. Өзбекстанда құқықтың қорлары нелерден құралған?
2. Халықаралық құқық қорлары нелерді қамтиды? Олар неге керек?
3. Өзбекстан Республикасы зандары қандай негізгі топтарға бөлінеді?
4. Өзбекстан Республикасы Конституциясының қандай айрықша мәні бар? Оның себебі не?
5. Конституциялық зандар және қарапайым зандар арасында қандай ұқсастық және айырмашылықтар бар?
6. Қарақалпақстан Республикасының зандары қай аумакта іске асады?
7. Заң қайсы мерзімнен бастап күшке енеді және қандай жағдайларда өз күшін жоя?
8. Заңсол уақытта және аумакта іске асады дегенді сен қалай түсінесін?
9. Барлық зандар да Өзбекстан аумағындағы барша жеке тұлғалар үшін міндettі ме? Заңнан тыс ерекшеліктерге мысал келтір.
10. Сен заң асты құжаттары дегенде нелерді түсінесін? Оларға мысалдар келтір.

21- тақырып

Құқықтық сана мен құқықтық мәдениет



Қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру заң үстемдігін қамтамасыз ету және заңдылықты нығайтудың ең маңызды шарттарының бірі саналады.

Шавкат Мирзияев

Белсенділікті арттырушы сұрақтар мен тапсырмалар

1. Біздің тыныши және бейбіт өмір сүруімізді, білім алушымызды, бойымыздагы қабілетімізді дамытуға жасадай жарату және оны кепілдеуде мемлекетіміздің заңдылығының қандай маңызы бар?

2. Бұл заңдылықты тұрақты дамытып отыруга қандай сұраныс бар деп ойлайсың?
3. Сен күнделікті өміріңде пайдаланып жатқан құқық және еркіндіктерге мысал келтіре аласың ба?
4. Жоғарыдағы пікірлерге шолу жаса.

Елімізде құқықтық демократиялық мемлекет құру және азаматтық қоғамды қалыптастыру үдерісіндегі жетістіктер тұрғындардың, әрбір азаматтың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің дәрежесіне байланысты. Себебі бұл бойынша жасалынып жатқан барлық жұмыстар адам үшін және бұл жұмыстарды атқарып жатқандар да адамдар.

Ендеше, құқықтық мәдениет деген не? Бұл сұраққа жауап беру және құқықтық мәдениет түсінігінің мән-мазмұнын терең түсіну үшін біз, алдымен құқықтық сана түсінігіне тоқталуымыз керек. Құқықтық сана адамның білімі мен рухани дәрежесіне сүйеніп қоғамда мойынсунылып жатқан құқықтық талаптар мен нормалардың мазмұнын түсіну және мәнін аңғару.

Демек қоғам мүшелерінің құқықтық санасы жоғары болуы үшін олар білім мен жоғары руханиятқа ие болуы керек. Құқықтық сананың жоғары болуы тұлғаның азаматтық қоғамның толыққанды мүшесі және құқықтық демократиялық мемлекеттің құқықтық азаматы болуы үшін аздық етеді. Ол үшін адам құқықтық тұрғыдан мәдениетті болуы керек.

Тұлғаның **құқықтық мәдениеті** дегенде азаматтың өз құқын құқықтық санаға сүйене отырып басқалардың мұддесіне қайшы келмейтіндей етіп жүзеге асыру түсініледі.

Мұндай мәдениетті қалыптастыру үшін тұлға:

- өз құқықтық білімін тұрақты жетілдіріп отыруы;
- қолданыстағы заң ды құжаттарымен таныс болуы;
- құқықтық қызметте бабаларымыздан мұра болып келген әлеуметтік ережелерді ескере алуы;
- билік органдарының функциялары мен міндеттерін білуі және олармен өзара қатынастарға кіре алуы;
- құқықтық-тәртіп саласының қоғамдағы орнын дұрыс

пайымдау және олардың міндеттерін дұрыс түсінуі қажет;

Жоғары құқықтық мәдениетке ие адамды тәрбиелеу қандай ұралдар арқылы жүзеге асырылады, адамның құқықтық мәдениетіне қандай факторлар әсер ете алады деген сияқты сұрақтарға жауап құқықтық білім және ағартуды күшейту, құқықтық насиҳатты одан әрі жақсартудың астарында жатыр.

2019 жылдың 9 январында Президенттің «Қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру жүйесін түбекейлі жетілдіру туралы» жарлықта қол қойды.

Онда әрбір адам елімізде жасап жатқаннан соң оның мұддесі осы қоғамның басқа мүшелері тарапынан құрметтелуіне қол жеткізу керек екені айттылған. Қазір бұлай емес. Себебі бұлай болуы үшін тұрғынның құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеті жоғары дәрежеде болуы талап етіледі. Өкінішке орай, азаматтардың құқықтық сауаттылық дәрежесі жоғары болуы керек. Өкінішке орай азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, олардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін жоғары дәрежеге көтеруге кедергі жасайтын бірқатар ділгірліктер мен кемшіліктердің бар екені де жарлықта айттылған.

Жарлықта азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеттің арттыру бойынша істердің жүйелі және тұрақты жүргізілуі жолға қойылмағаны айттылады. Тұрғындардың, бірінші орында жастардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеттің арттыру мақсатында жүзеге асырылуы қажет міндеттер жарлықта белгілеп берілген. Атап айтқанда: қоғамда заңдарға құрметпен қарау рухын қалыптастыру; мектепке дейінгі жүйеден бастап, тұрғындардың барлық бөліктеріне құқықтық сана мен борыш, адалдық пен пәктік түсініктірін бала кезінен бастап сіңдіру, мемлекетке қатыстылық, отансүйгіштік сезімін күшейту бойынша іс-шараларды жүзеге асыру. Мемлекеттік органдар, қоғам және азаматтық қоғам институттары ынтымақтастықта қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру бойынша жүзеге асырылуы қажет істер де жарлықта белгіленген.

Жарлықта кең ауқымды құқықтық насиҳат шараларын ұйымдастыру мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ұstem міндеті екені айттылған.

Қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру «тұлға — махалла — білім беретін мекеме — үйым — қоғам» қағидалары бойынша жүйелі және үздіксіз үйымдастырылуы да жарлықта белгіленген.

Жарлыққа сәйкес: Қоғамда құқықтық мәдениетті арттыру концепциясы мен осы Концепцияны 2019 жылы нәтижелі жүзеге асыру бойынша «Жол картасы» да бекітілген.

Қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру саласында үйлестіруші мемлекеттік орган етіп Өзбекстан Республикасы Әділет министрлігі белгіленген.

Жарлықта Өзбекстан Республикасы Әділет министрлігі қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру бойынша бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру, атқарушылардың қызметін сәйкестендіру, қажетті ұсыныстарды дайындау, қажетті пікірлерді жасау бойынша қосымша міндеттер жүктелген.

Жарлықта Өзбекстан Республикасы Әділет министрлігінің Өзбекстан Республикасының ұлттық құқықтық интернет порталын жарату, Advice.uz құқықтық ақпарат жүйесін жарату, жалпы білім беретін мектептер мен академиялық лицейлерде құқықтық білімдерге қатысты оқу-жаттығулардың көлемін одан әрі кеңейту құқықтық қолданбаларды жарату және тұргындарға тарату, «Құқықтық насиҳат істерінің үздігі» төсбелгісін жарату туралы ұсыныстар мақұлданған.

Жарлықта Өзбекстан Республикасы Мектепке дейінгі тәлім-тәрбие беру, Халыққа білім беру, Жоғары және орта арнаулы білім беру министрліктері Әділет министрлігімен бірге тәрбиеленушілердің, окушылар мен студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыруға қарата ылған механизмдер енгізу барысындағы іс-шаралар да белгіленген.

Қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру жалпыхалықтық іс, жалпыұлттық міндет екенін ескеріп Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті, бірқатар министрліктер мен комитеттер, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдары, жергілікті мемлекеттік билік органдары, агенттіктер, Өзбекстан ұлттық телерадиокомпаниясы, басқа үйымдар мен мекемелер кәсіпорындарға жарлықта белгіленген міндеттерді, Концепция және «Жол картасынан» туындастырылуы мәселелерді орындау бойынша мерзімді тапсырмаларды жазған.

Құқықтық білім, тәрбие, насихат, үгіт барысындағы мемлекет тарапынан жаратылған жағдайларды тиімді пайдалану және өз құқының санасын көтеріп, құқықтық мәдениетін қалыптастыру еліміздің әрбір азаматының борышы.

Шолу жаса!

Қоғамның демократиялық бағытымен жедел дамуы және бұл бойынша жүзеге асырылып жатқан реформалардың жетістігі, көптүрғыдан адамдардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетіне байланысты. Жоғары құқықтық мәдениет — демократиялық қоғамның тірегі және құқықтық жүйенің жетілген көрсеткіші.

Шығармашылық жұмыс

Сенің құқықтық мәдениетінді арттыруға қызмет ететін факторлардың тізімін дәптеріңе жаз.

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Құқықтық сана деген не?
2. Құқықтық мәдениет дегенде нені түсінесін? Оның адам өмірінде қандай маңызы бар?
3. Құқықтық мәдениетті қалыптастыруды Конституциямыздың рөлі қандай?
4. Құқықтық мәдениетті арттыруды маңызды саналған тағы қандай құқықтық құжаттарды білесін?
5. «Қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру жүйесін түбебейлі жетілдіру туралы» Президент жарлығында қандай мәселелер келтірілген?
6. Жарлықта қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру бойынша кімдерге, қандай міндеттер жүктелген?
7. Жарлықта сәйкес қандай іс-шараларды жүзеге асыру көзделген?
8. Жарлықта айтылған Концепция және «Жол картасы» не туралы?
9. Жарлықтың маңызы туралы не айта аласын?

Тарау бойынша жалпы қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Құқық деген не? Біз «адамның құқығы» дегендеге нені тусланылған?
2. Объективтік, субъективтік құқықтардың айырмашылықтарын айт.
3. Құқықтың негізгі функцияларын санап бер және оларды сипатта.
4. Құлық пен құқықтың негізгі айырмашылықтарын атап бер.
5. Құқық нормасы деген не?
6. Құқық нормаларының құрамдық бөліктерін санап бер. Мысалдар келтір.
7. Құқықтың норманың белгілерін айтып бер.
8. Құқық жүйесі деген не?
9. Құқық жүйесі қалай болінеді?
10. Ішкі және сырткы құқық тармақтарына нелер енеді?
11. Құқықтың қатынастар және олардың қатысуышылары жөнінде нелерді білесің?
12. Өзбекстан Республикасының қандай құқықтық қорлары бар?
13. Өзбекстан Республикасы Конституциясының құқықтық қорлары ретінде мәніне тусланылған?
14. Өзбекстан Республикасы заңдары қалай бекітіледі?
15. Заң асты құжаттар деген не?

Атауларға сәйкес анықтамаларды белгіле..

- 1. Құқық жүйесі 2. Құқық 3. Құлық
4. Құқық нормалары 5. Құқықтық қарым-қатынас**

а) мемлекет тарапынан орнатылған, жалпы мәжбүри мінезд-құлық ережелері.

б) адамның қоғамдағы мінезд-құлықтың ретке келтіретін талап және ережелер жиынтығы.

в) қоғамдағы құқық нормалары және салаларының жиынтығы.

г) мемлекет орнатқан және оның тарапынан қоргалатын баршага міндетті мінезд-құлық ережелерінің жүйесі.

д) оның қатысуышылары арасындағы заңдық байланыстар, олардың өзара құқық және міндеттемелерінде көрінеді.

Тарау бойынша үлгі тесттер

1. Құқық дегеніміз — ...

- а) мемлекет орнатып, қорғайтын, жалпыға бірдей жауапкершілік;
- б) мемлекеттің жәрдемімен өзінен-өзі қалыптасады;
- в) әлеуметтік қатынастар тобы (сүйіспеншілік, достық, мейірбандық);
- г) ұлттық құндылықтарды негіз тұтқан, мемлекет жағынан орнатылған, жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелері.

2. Кәсіпорындар, ұйымдар және олардың қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастарын тәртіпке салатын құқық саласын көрсетіндер.

- а) Әкімшілік құқық; б) Конституциялық құқық; в) Еңбек құқығы; г) Азаматтық құқық.

3. Тек құқыққа ғана жататын белгіні көрсет.

- а) Азаматтар келісім негізінде жасайды;
- б) Мейрамдар мен әдет-ғұрыптарды тәртіпке салады; в) Жалпыға бірдей міндетті болады;
- г) Мінез-құлық ережелерін, ұттық құндылықтарды қамтиды.

4. Ақылақ қалайша жарыққа шыққан?

- а) Оны қоғам мүшелері орнатқан;
- б) Оны мемлекет орнатқан;
- в) Құқық және мемлекет бірге пайда болған;
- г) Мемлекеттік аппараттың құрамында пайда болған.

5. Ақылақ нормаларына қатысты түсініктерді табындар.

- а) Жақсылық, ұждан, заң, норма;
- б) Бақыт, борыш, мемлекет, заң, қылмыс пен жаза;
- в) Жақсылық, ұждан, бақыт, борыш, әділет, сүйіспеншілік;
- г) Жақсылық, әділет, заң, жаза.

6. Тек құқыққа ғана тән белгіні көрсетіндер.

- а) Шарт негізінде азаматтар жағынан жаратылады;
- б) Мейрам-мерекелер мен әдет-ғұрыптарды тәртіпке салады;
- в) Жалпыға міндетті болады;
- г) Ақылақ пен әдеп ережелердің, ұлттық құндылықтарды қамтиды.

7. Құқықтық сана адамның өз білім және рухани дәрежесіне сүйене отырып қоғамда қолданыстағы .

... мазмұнын түсіну және мәнін аңғару.

- а) құқықтық талап және нормалардың;
- б) зандардың;
- в) әдеп ережелерінің;
- г) Конституция және зандардың.

8. Тұлғаның құқықтық мәдениеті дегенде азаматтың өз құқықтарын құқықтық санаға сүйене отырып ... түрде жүзеге асыру түсініледі.

- а) заң талаптарына қайшы келмейтін;
- б) өзгелердің мұддесіне қайшы келмейтін;
- в) өз талабын қанағаттандыруда ақылақ ережелеріне мойынсұнған;
- г) Конституция баптарына мойынсұнған.

9. Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияевтың «Қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру жүйесін түбебейлі жетілдіру туралы» жарлығында қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру қағидасты бойынша жүйелі және үздіксіз ұйымдастырылуы белгіленген.

- а) «тұлға — қоғам — мемлекет»;
- б) «мемлекеттік органдар — беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдар — жекеменшік кәсіпорындар»;
- в) «тұлға — жанұя — махалла — білім беретін мекеме — ұйым — қоғам»;
- г) «мектепке дейінгі тәлім-тәрбие мекемесі — жалпы орта білім беретін мектептер — лицей және колледждер — жоғары оқу орындары».

10. Өзбекстан Республикасы Президентінің жарлығына сәйкес қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру саласында үйлестіруші мемлекеттік орган деп ... белгіленген.

- а) Өзбекстан Республикасының Бас прокуратурасы;
- б) Өзбекстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
- в) Өзбекстан Республикасының Халықта білім беру министрлігі;
- г) Өзбекстан Республикасының Әділет министрлігі.

Қогамымызда “Заң және әділет – үстем, қылмыс — жазасыз емес” деген принципті қалыптастыру үшін бар күш және мүмкіндігімізді жүмылдырамыз.

Шавкат Мирзияев

V ТАРАУ

ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРЛІК



**Құқықбұзушилық
Заңды жауапкерлік**

**Құқықты қоргайтын мемлекеттік органдар
Әділет министрлігі**

**Адвокатура және нотариалдық кеңселер
Карулы Күштер және жастарды әскери отансуýгіштік
рухында тәрбиелеу**



Ташкент қалалық ПББ хабарына орай, 2019 жылғы 4 май күніне өтетін түнде Ташкент облысында жасайтын, бұрын сottалған, 24 жастағы С.Ш, 24 жастағы Б.Т, И.лар және Әндіжан облысында жасайтын, 23 жастағы Х.О. 100 мың сумдық ұлттық валютанының жасанды купюраларын өткізу мақсатында Шыланзар ауданына келген.

Қарастырылған іс шаралардың нәтижесінде жоғарыда айтылған жігіттер келген автокөлік анықталды, сондай-ақ 4 май күні сағат шамамен 03.30 да автокөлік табылып, тоқтатылды. Машина толық тексерілгенде 100 мың сумдық номиналдағы 51 купюра, баспадан шығарылған шетел валютасы купюраларының А 4 форматтағы 25 дана қағаз, сондай-ақ жасанды акшалар даярлағанда пайдаланылатын «Conan» принтерінің бар екені анықталған.

Сот-криминалистика экспертизасының қорытындысына бойынша, 100 мың сумдық 58 купюра жасанды болған.

Жоғарыда аты аталған жігіттерге Өзбекстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 176-бабы, 2-бөлімі бойынша қылмыстық іс көзғалды.

Адолат, 2019 жыл, №19

Үйші ауданы, Әлішер Науай атындағы махаллада жасайтын Зәкіржан Абдуллаев (аты-жөні өзгертілген) биыл жазда 16 жасқа толады. Әкесі мезгілсіз қайтыс болып, жасөспірім анасының тәрбиесінде болды. Өкінішке орай кәмелет жасындағы бозбала күтпеген жағдайда қылмысқа қол үрді: үстіміздегі жылдың басында көрші үйдегі құрдасымен ойнап жүріп, бағалы заттарды көріп, ешкімге білдірмей оларды үйден алғып шықты. Сұрамастан, жасырып алғып кетілген зат үрлік саналады! Сол қыңыр ісінің нәтижесінде өзінің де, жанұясының да жүртшылықтың, көрші-қолаңың алдында басын иді. Қазірге дейін махаллада үлгілі деген отбасының абыройын төкті.

Махалла, 2019 жыл, №23

Өзбекстан Республикасы ПМ Жұртшылық және БАҚ-пен байланыстар басқармасының хабарында, 2019 жылғы 9 май күні Ташкент қаласының Яkkасарай аудандық ПБ келген құжатқа орай, онда осы жылы 4 апрель күні Мырза Ұлықбек ауданында жасайтын 28 жасар Б.Д. Самарқант облысында жасайтын 23 жастағы М.Р.ны Жапонияға жұмысқа жіберемін деп алдап, оның сеніміне кіріп, 6220 AQSH долларын және 4 500 000 сум ақшасын алғып, берген уәдесін орындамастан, ақшаны өзінің қажетіне жаратып жібергені көрсетілген. Қарастырылған шаралардың нәтижесінде Б.Д. қолға түсті. Жағдай бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу әрекеттері жүргізілуде.

Адолат, 2019 жыл, №20

Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Үзінділерді зер салып оқы және оларға өз көзқарасынды білдір.
2. Сен тұрмыста жиі-жиі есітетін құқық бұзушылық, құқыққа қайши әлеуметтік қауіпті, айыпты, кешірім жасауды, қылмыс, жаза, тәртіп атауларының қайсысын осы жағдайлардың қайсы біріне қолданған болар едің?
3. Сенің пікіріңше, жоғарыдағы үзінділердегі тұлғалардың қимыл-әрекеттерінен қайсы бірі айналаңдағыларға және олардың өздеріне көбірек қауіп тудырады?
4. Құқықтық нормалар өзгерген кезде бұрын құқықтық қылмыс саналмаганы енді бұрыс болып қалуы мүмкін бе? Жоғарыдағы үзінділерден мұндай жағдайға мысал бар ма? Егер жоқ болса, өз білімдерің мен өмірдегі тәжірибелеріңді пайдаланып осындай жағдайды сипатта.

Жеке тұлғалар белгілі құқықтық ережелерге, құқық нормаларына сүйенеді. Егер ережелер бұзылса, орнатылған құқықтық нормалардың бұзылуына алғып келеді. Ал бұл құқықбұзушылық деп аталады.

Құқықбұзушылық дегенде қоғамда орнатылған және заңдылықпен белгіленген тәртіпті немесе, қоғам ережелерін бұзу түсініледі.

Құқықбұзушылық әртүрлі көріністе байқалады. Оның не ол, не бұл көрінісінде байқалуы оның сипаттарына байланысты. Құқық-бұзушылықтың түрлері ретінде қылмыс, орынсыз қылыш, тәртіпті бұзу сияқты іс-әрекеттерді келтіруге болады.



Құқықбұзушылық — өз іс-әрекеттің түсінетін және оған жауап берे алатын заңды тұлғаның заңға қайшы іс-әрекеттінен туындастын айыбы.

Құқықбұзушылықтың мынадай белгілері бар: әлеуметтік қауіп-катер, құқыққа қарсы әрекет жасау, айыптылық, қылмыс жасауға бейімділік.

Әлеуметтік қауіптілік дегенде құқықбұзушы қоғамның құндылықтарына озбырлық жасайды, адам өміріне қастандық етеді, мемлекет және басқа жеке тұлғаларға зиян келтіреді, олардың мал-мұлқін құртады және көңілсіз салдарлар туғызып, қоғам мүшелері мұддесіне зиян келтіреді. Өзінің отбасы, ата-анасы, туған-туысқандарын қыын, ұятын жағдайға душар етеді. Ең өкініштісі, ол өз келешегін жоққа шығарады.

Құқыққа қайшылық — құқық бұзушының заң яки құқық нормалары белгілеп қойған мәжбүри талаптарын бұзыу.

Айыптылық, өз іс-әрекеттің түсінетін және оған жауап бере алатын адамның құқыққа қайшы, заң талаптарына қарсы іс-әрекеттінен туындастын айыбы. Айыптылық әдейі яки ықтиятсыздық салдарынан жасалады. Жеке тұлға реттінде дүниеге келген соң, оның алдында әрқашан екі жол — құқықтық нормаларға, заң талаптарына ерікті яки мәжбүри мойынсұнып өз келешегін жасау, қоғам, өз халқы үшін әлеуметтік пайда келтіру. Ал екінші жол тіршілік барысында құқыққа қайшы, құқықтық норма және заң талаптарын менсінбей, мойынсұнбай өмір сұру. Айыпты әрекет жасау, қоғамға зиян келтіру дегені.

Жазаға лайықтылық — бұл кез келген құқықбұзушылық жасаған жеке тұлғаның өкілетті мемлекет мекемесі тарапынан **жауапқа** тартылуы, ал **жаза** құқықбұзушылықты жасауда айыпты деп табылған жеке тұлғаға қолданатын, құқықбұзушыны тікелей құқық және бостандығынан айыратын міндettі шарасы.

Қоғам үшін қауіпті болған кез келген қылмыс құқықбұзушылық делінеді. Құқық нормалары барша әлеуметтік қарым-қатынастарды реттейді. Құқықбұзушылық 4 топқа бөлінеді: тәртіптік құқықбұзушылық; азаматтық құқықбұзушылық; әкімшілік құқықбұзушылық; қылмыстық құқықбұзушылық.

Тәртіптік құқықбұзушылық — қызмет борышын орындау кезінде кез келген еңбекке мәжбүри болған еңбек тәртіп-ережелерінің және басшыға мойынсұну принциplerінің бұзылуы. Мәселен, жарысқа,

окуға кешігу, жұмысқа яки окуға себепсіз келмеу, яки себепсіз кетіп қалу; жұмысқа мас күйде, алкогольді ішімдіктер, есірткі заттар пайдаланған күйде келу, тағы баскалар.



Қылмыс — қоғам үшін қауіпті болған қылмыс (әрекет яки әрекетсіздік)



Осы Кодекспен тыым салынған, айыпты әлеуметтік қауіпті қылмыс (әрекет яки әрекетсіздік) жаза қолдану арқылы қылмыс деп табылады.

14-бап.

Азаматтық құқықбұзушылық — жеке тұлғалардың мүлкіне яки жеке басына қарсы заңға қайшы әрекет (яки әрекетсіздік) нәтижесінде жеткізілген шығын. Мәселен, біреуден қарыз алып, оны дер кезінде қайтармау, келісімшарттарды, міндеттемелерді орындау т.б.

Қылмыстық құқықбұзушылық — қылмыс жасау, яғни ұрлық, талан-тараждық, адам өлтіру, ішкі істер қызметкеріне қарсылық көрсету т.б.

Әкімшілік құқықбұзушылық — заң бойынша әкімшілік жауапкерлікке тарту көзделген азаматтарға, табиғи ортаға (әдейі яки ықтиятсыздықтан) жасалған әрекет яки әрекетсіздік. Мәселен, ұсақ бұзакылық, жол ережелері, көлік түрлерін пайдалану ережелері, паспорт жүйесі және тіркеуден өткізу ережесі, (әскери және паспортты тіркеуден өткізу ережелері), электр энергиясын пайдалану ережелерін бұзыу, қоршаған ортаны, тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау саласындағы құқықбұзушылықтарды атауға болады.

Құқық бұзушылық деген түсінікті тереңдете үйрену үшін құқық бұзушылықтың нысанын (объектін) оны жасаған адамнан (субъектін) ажыратада болады.

Құқықбұзушылықтың нысаны — құқықтың панасында реттеліп, қорғалатын әлеуметтік қатынастар. Әлеуметтік қатынастар деген не деген сұрақта мынадай жауап беруге болады. Адамдар әлеуметтік өмірде жасаған іс-әрекеттері үшін жауап беруге міндетті. Олар әлеуметтік өмірінде бір-бірімен қарым-қатынасқа кіріседі. Осы қарым-қатынастар — әлеуметтік өзара қатынастар болып табылады.

Ал құқықбұзушылықтың субъекті — құқыққа қарсы жазықты

әрекет жасаған адам. Дәл осы адам құқықбұзушы деп аталады.

Әрқандай жеке тұлға құқықбұзушы деп атала бермейді. Құқық бұзушылық субъекті деп мойынсынуы үшін жеке тұлға өз қылмысына жауап бере алатын, ақылы жетік болуы керек.

Шолу жаса!

Әрдайым адам алдында құқыққа сәйкес яки құқыққа қайшы әрекет етуді таңдау мүмкіндігі болады. Егер ол екінші жолды таңдаса, бұл бірінші кезекте оның өзіне, қоғамға зиянын тигізеді.

Шығармашылық жұмыс

Шагын бір әңгіме құрастыр. Бұл әңгіменде құқықбұзушылық ұғымын, құқықбұзушылықтың негізгі белгілерін, құқықбұзушылық түрлерін бейнелеуши жайларды сипатта.

Мұнда сыныбыңдағы жолдастарыңмен 4 топқа бөлініп, бір тобың тәртіптік, екінші тобың азаматтық құқықтық, үшінші тобың қылмыстық, төртінші тобың әкімшілік құқықбұзушылыққа тиісті жағдайларды көрсетсін.

Әңгімелеріңді сыныптастарыңа оқып бер. Басқа топтар әңгімесін ұсынған топқа сұрақтар беріп, пікірталас жүргізсін.

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Құқықбұзушылық ұғымына анықтама жаса.
2. Құқықбұзушылықтың қандай белгілері бар?
3. Өлеуметтік қауіптілік қандай жағдайларда пайда болуы мүмкін?
4. Құқыққа қарама-қайшылық дегенді қалай түсінесің?
5. Айыптылық деген не?
6. Жазалану, жауапкершілік және жаза ұғымдарына анықтама бер.
7. Құқықбұзушылықтың қандай түрлері бар?
8. Тәртіптік құқықбұзушылық пен азаматтық құқықбұзушылық, әкімшілік құқықбұзушылық пен қылмыстық құқықбұзушылық арасындағы айырмашылықтарды баянда.
9. Сенің ше, құқықбұзушылықтың қайсы түрлері ең ауыры?
10. Құқықбұзушылықтарды болғызбау үшін қандай шаралар қолданылуы керек деп есептейсің?

23- тақырып

Занды жауапкерлік

Ташкент қалалық экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасының күндік бақылауының нәтижесіне орай, 2017 жылғы октябрь айынан 2018 жылдың октябрь айына дейінгі болған кезеңде Ташкент қаласында заң талаптары бұзылған 14 мың 733 жағдай анықталған. 2017 жылы лауазымды тұлғалар тарарапынан өндірістік қоқыстар тасу мәселесінде 48 рет, жою мәселесі бойынша 7 рет заңбұзушылық жағдайы орын алғаны анықталған. Тұрмыстық қоқысты тасуда азаматтардың арасында 90 рет заңбұзушылық жағдайы орын алған.

Сонымен қатар 2017 жылдың декабрь — 2018 жылдың май айлары аралығында қоқыстармен жұмыс істеуде занды бұзған 517 азамат жауапкерлікке тартылып, оларға 93,1 миллион айыппұл салынған.

"Жамият", 2018 жыл, №41

Өзбекстан Республикасының Әкімшілік жауапкерлік туралы кодексінің 128-бабына сәйкес, жүргізушілердің сыртқы жарыту қондырғыларды пайдалану ережелерін бұзу, сонымен қатар жолаушыларға лай су шашырату ең төмен жалақының екіден бір болігі мөлшерінде айыппұл салуга себеп болады (101 365 сум)

Міне, осындай құқықбұзушылықты әкімшілік жаза қолданғаннан кейін бір жыл мерзімнің ішінде тағы да қайталаса — ең төмен жалақының бір есесі мөлшерінде (202 730 сум), осындай құқықбұзушылықты екі рет нормативтік жаза қолданғанан соң қайта жасаса — ең төмен жалақының үш есесіне дейін (608 190 сум), егер мұндай жағдай бір жылдың ішінде төрт рет жасалса — ең төмен жалақының төрт есесі (810 920 сум) көлемінде айыппұл салуға немесе алты ай мерзімге транспортты басқару құқынан мақрұм етуге себеп болады.

«Адолат кузгуси», 2019 жыл, №20

Нияз Мұстафаев пен Асыл Базаров (аты-жөні өзгертілген) Учтепа ауданы, Лутфий көшесінде орналасқан дәмхананың айналасында 8 мың АҚШ долларын заңға қайшы түрде 68 400 000 сумға айырбастап жатқан кезде «қақпанға» түсті. Шетел валютасын заңсыз түрде алды-сатты жасағандарға қылмыстық іс қозгалады.

Олар «Әттең, мұндай болатынын білмедім» деп өкінді Осы орайда құқықбұзушылар оңай табыс табу мақсатында занды бұзды. Доллар саудасымен айналысып, пайда көремін дегендердің ісі «алға баспады».

Шетел валютасы саудасымен айналысатын тұлғаларға құжат ресмилендіріліді. Олардың екеуіде жазаға тартылды. 8 мың АҚШ доллары мемлекеттік есебіне өткізілетін болды.

Ташкент ақшамы, 2019 жыл, №83

Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жоғарыда айтылған үзінділерде құқықбұзушылықтар, пайымдағанымыздай әртүрлі салада. Сен олардың жалпылама үқсастығы бар екенін айт?
2. Айтылған үзінділерге қандай жаза шараларын жасау керек деп ойлайсың?
3. Мұндай жаза шараларын қолдану құқықбұзушылықты жасаған тұлғалардың алдағы уақытта мұны қайталамауының алдын алуға бола ма?
4. Үзінділерде бір уақыттың өзінде бірнеше түрдегі жазага лайықты құқықбұзушылыққа мысал бар ма? Жауабыңды негізде.

Құқықбұзушылық үшін жазаның бар екені, әрқандай құқықбұзушылықбелгілі бір жауапкерлікпен байланысты екені табиғи жағдай. Бірақ әлеуметтік жауапкерліктің барлық формалары да әрдайым құқықтық жауапкерлікпен бірдей емес.

Құқықтық нормаларға негізделген және мемлекеттің мәжбүрлеу нормаларымен байланысты болған занды жауапкерлікті құрайды және осы жауапкерлікті орнату құқықтану пәнінің міндеттерінің бірі.

Занды жауапкерлікке негіз болып құқықбұзушылық, яғни құқықтық нормаларды бұзу саналады.



Заңды жауапкерлік — құқықбұзушылықты жасаған тұлғаның құқық нормаларына негізделген, өз қылмысына жауап беруі, мемлекет мәжбүрлеу шаралары көрінісінжегі салдарларга тап болуы және оларды бастан өткізу

Құқықбұзушылықтың түрлері құқықтық жауапкершілік түрлеріне сай келеді:

- ◆ азаматтық құқықбұзушылық — азаматтық (материалдық) құқықтық жауапкершілік;
- ◆ әкімшілік құқықбұзушылық — әкімшілік жауапкершілікті;
- ◆ тәртіптік құқықбұзушылық — әлеуметтік жауапкершілікті;
- ◆ қылмыстық құқықбұзушылық — қылмыстық жауап-кершілікті туғызады.

Заңды жауапкершілік сот тәртібінде, әкімшілік тәртіпте яки тәртіптік тәртіпте іске асырылады.

Құқықтық жауапкершіліктің екі түрі бар:

- 1) Айыппұл яки жаза;
- 2) Құқықты қалпына келтіруші жауапкершілік.

Айыппұл яки жаза түрі төмендегілерден құралады:

Өкілетті орган заң негізінде құқықбұзушыға заңды жауапкерлік шараларын қолдайды. Бұл шаралар әлеуметтік қатынастарды нығайту, реттеу және қорғауға қаратылған.

Заңды жауапкерлік төмендегі қағидаларға негізделеді: заңдылық; әділдік; жазаның бар екені; мақсатқа сай болу; кеңпейілділік; жауапкерлік; құқықбұзушының қылмысы үшін бірнеше жауапкерлікке тартылуына жол бермеу.

Тәртіптік жаза — Өзбекстан Республикасы Еңбек Кодексінің 181-бабына сәйкес мыналардан құралады:

- ◆ сөгіс; айыппұл төлеу; еңбек келісім-шартын жоққа шығару.

Тәртіптік жазалар жұмысқа қабылдау құқына ие болған жеке тұлғалар (мекемелер) тараапынан қолданылады.

Азаматтық — азаматтық құқықбұзушылық үшін айыпталушы тұлғаның толық материалдық және рухани жауап беруі.

Әкімшілік жазалар төмендегілер:

- ◆ айыппұл төлеу; ақысын төлеу шартымен зат-бүйымдарын алып қою; бүйымдарын тәркілеу; арнаулы құқықтан (көлік түрлерін басқару құқықан, аң аулау құқынан) мақрұм ету; әкімшілік тутқынға алу; 3

тәуліктен 15 тәулікке дейін, кей жағдайларда 30 тәулікке дейін.

Қылмыстық — Қылмыстық Кодекстің 43-бабына сәйкес:

◆ айыппұл төлеу; белгілі құқықтан макрұм ету; құлық түзету жұмыстары; қызметі бойынша шектелу; тәртіптік бөлімге жөнелту; бостандықтан макрұм ету.

Тұтқындарға негізгі жазалардан тыс төмендегі қосымша жаза да беріледі:

◆ әскери және арнаулы атақтардан айыру.
◆ Құқықты қайта қалпына келтіру жауапкершілігі әділетсіз бұзылған құқықтарды қайта қалпына келтіру, орындалмаған міндеттемелерді мәжбүри орындаудан құралады.

Мұнда құқықбұзушылық жасаған жеке тұлға мемлекеттік мекемелерді араластырмай, өз бастамасымен, бұзылған құқықтарды өзі қайта қалпына келтіру мүмкін. Бірақ сонда да оған қосымша жазалау шаралары қолданылуы мүмкін.

Қанагатты сөздердің асыл қазынасынан!

Қатал жаза шараларын қолданып, қылмыс үшін өзара жауапкершилік жүйесін енгізген кезде адамдардың заң күшін сынап көруге батылы бармайды.

(Шань Янь)

Шолу жаса!

Заңдар дәүірлер талқысы, замана сұрауының арқасында дүниеге келеді, қажеттілік негізінде жасалады. Ал қажеттілік жетілгендеған пайда болады. Осы жағдайда қылмысына қарай жаза тәсілін тағайындау тәжірибесі жетілдіріліп баруы табиғи.

Шығармашылық жұмыс

“Құқықбұзушылық ұғымы” тақырыбының соңында берілген шығармашылық қызметі бойынша құраган әңгімеңдегі құқықбұзушылық үшін сен ойыңдағы шартты мемлекетіңің заңдылығына негізделіп жазалау шараларын белгіле.

Мұнда құқықбұзушылық үшін жазаның болмай қалмаушылығы. принципімен бірге “кеңпейілділік” принципін де естен шығарма!



2008 жылдың 1 январынан бастап Өзбекстан Республикасында өлім жазасы жойылып, оның орнына өмір бақылыққа немесе ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын енгізу белгіленген.



Қоғам өмірін басқаруда белгілі бір құқықтық әдістердің бар екені осы қоғамдағы мәдени-рухани жағдай, әлеуметтік әділдік дәрежесінің бар екенінен дерек береді. Осы мағынада тарихимәдени дамуыдың дәстүрлі заңдылықтың жасалған формасы ежелгі заманнан бастап әлеуметтік өмірде өз орнына ие болған. Қытай тарихшыларының мәліметтеріне жүгінер болсақ, хақандық ерекше қорғалатын «Түрік тұзіктері» (заңдардың жиындысы) негізінде реттелген және әрбір жасалған заңбұзушылықтар, қылмыстар үшін жазалар белгіленген.

Тұзікшілік — заңдылық іс жүзіндік өмірге байланысты қалыптасқан. Мысалы, қылмыскер бірер адамның көзіне зиянын тигізсе белгіленген жауапкерлікке сәйкес айыпталушы жәбірленгенге өз қызын, қызы болмаса әйелінің мал-мұлқін беруі шарт етіп белгіленген.

Сонымен, қоғам және мемлекетті заңдар негізінде басқару, сондай-ақ мемлекет тұрғындарының заңдарға сөзсіз мойынсұну дәстүрі өз кезеңіне тән жалғасып, жетілген.

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Құқықтық жауапкершілік дегенде нені түсінесің?
2. Құқықтық жауапкершіліктің қандай түрлері бар?
3. Құқықтық жауапкершілікке не негіз болып қызмет етеді?
4. Құқықтық жауапкершілік қандай тәртіpte іске асырылады?
5. Тәртіптік жаза қандай жағдайларда белгіленеді? Оның қандай түрлері бар?
6. Азаматтық жауапкершілік қандай жағдайларда қолданылуын айт.
7. Әкімшілік жауапкершілікке қандай түрдегі жазалар енеді?
8. Қылмыстық жауапкершіліктің ең негізгі ерекшеліктері қандай?
9. Құқықтық жауапкершілікке тарту кім тарағынан іске асырылыды?
10. Құқықтық жауапкершілік қандай қағидалары негізделеді?

24- тақырып

Құқықты қорғайтын мемлекеттік органдар

Прокуратура

Әділет министрлігі

Ішкі Істер
министрлігі

Мемлекеттік
қауіпсіздік қызметі

Мемлекеттік
салық комитеті

Мемлекеттік
Кеден комитеті

Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Атапган құқық қорғауши мекемелердің қайсы бірі бойынша сенде мәліметтер бар? Сыныптастардыңмен ортақтас.
2. Егер сен өз велосипетінді үрлатып алсаң, сен дереу кімге барып шағым жасайсың?
3. Қылмыскерді сол кезінде кім айыптайды («қаралайды»)?
4. Қылмыскердің өзін кім қоргайды («ақтайды»)?
5. Экең автокөлігін сатпақшы болса қай мекемеге барады?
6. Атапган мекемелерді не себептен жалпы «құқықты қорғауши мекемелер» деп атайдыз?

Құқықты қорғаушы мемлекеттік мекеме — заң жолымен ұйым-дастырылатын, өз күрылышына, әлеуметтік тұрмыста занылық және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша анық белгіленген өкілдікке ие болған мемлекеттік мекеме.

Заң бойынша, Өзбекстан Республикасында құқықты қорғаушы мемлекеттік мекемелер жүйесі төмендегілер:

- ◆ Прокуратура және оның мекемелері;
- ◆ Әділет министрлігі және оның органдары;
- ◆ Ішкі Істер министрлігі және оның мекемелері;
- ◆ Мемлекеттік қауіпсіздік қызметі;
- ◆ Мемлекеттік салық комитеті және оның органдары;
- ◆ Мемлекеттік кеден комитеті және оның органдары



Прокуратура органдары құқықтың қорғау кеңселері жүйесінде жетекші орынды алады. Прокуратура органдары және олардың қызметкерлері — прокурорлардың міндеттері төмендегілер:

- азаматтардың құқықтары мен мұddeлерін, Конституциялық тізімді қорғау;
- қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз ету;
- құқықбұзушылықтың алдын алу, анықтау және қарсы күресу;
- жеке мүлік және кәсіпкерлікті қолданап қуаттау;



"Прокурор" французша сөз, ол «қаралаушы» деген мағынаны білдіреді. Бірақ латын тіліндегі бұл сөз «қамқорлық ету» деген мағынаны білдіреді.

Прокуратураның басты міндеті — заң үстемділігін орнату, азаматтардың құқық және бостандығын, мемлекет құрылымын, мемлекет және азаматтардың мүліктерін түрлі қылмыскерлер, құқықбұзушылардан қорғау. Прокурор бақылауы мемлекет атынан, мемлекеттің жоғары мекемесі болған Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі атынан іске асырылады.

Өз бағыттары бойынша жұмыс жүргізетін прокуратураның бүгтінгі күндегі құрамына Өзбекстан Республикасы Бас прокуратуrasesы, Қарақалпақстан Республикасы Бас прокуратуrasesы, Ташкент қалалық прокуратуrasesы, Облыс прокуратуралары, қалалық пен аудандық прокуратуралары, басқа мамандандырылған прокуратуралар кіреді.

Сонғы жылдары елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалардың шенберінде прократура жүйесінде де түбегейлі жаңауулар болды. Атап айтқанда, Президентіміз Шавкат Мирзияев прокуратура органдарының зандастықты нығайту, зандарға сөзсіз мойынсұнуды қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтың мәдениетін арттыру, демократиялық құқықтың мемлекетті қалыптастыру, жекеменшік және кәсіпкерліктің дамуын қолдан-қуаттау, қорғау бойынша жауапты екені ерекше белгіленді.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 29 майдағы жарлығына негізделіп Бас прократура жаңында Мәжбүрлі атқару бюросы үйымдастырылды және оның міндеттіне энергия ресурстары үшін төлемдерді дер кезінде және толық өндіру, электр және газ

тармақтарына заңсыз қосылуы, сондай-ақ талан-тараждың алдын алу, сот құжаттары мен басқа да құжаттардың орындалуын сөзсіз қамтамасыз ету жүктетілді.

Мәжбүрлі атқару бюросы тарапынан өндірілген қаржылар электр және газ тармақтарын жаңғырту, жаңа өндіріс және қызмет көрсету нысандарын іске қосу, тұрғындардың тұрмыс деңгейін арттыру сияқты мақсаттарға бағытталатыны көзделген.



Өзбекстан Республикасының аумағындағы зандардың анық және бірдей орындалуын бақылауды Өзбекстан Республикасының Бас Прокуроры мен оған мойынсұнатын прокурорлар қадағалайды.

118-бап.

Прокуратура органдарын құру, олардың әрекет ету тәртібі мен өкілеттігі Өзбекстан Республикасының Конституциясымен және «Прокуратура туралы» Заңымен және басқа да зандақ құжжаттармен белгіленген.



Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік қауіпсіздік қызметі құқықты қорғайтын органдар тізімінің маңызды буыны. Ол Өзбекстан Республикасының Конституциялық жүйесі, суверенитеті, аумақтық дербестігі, мұддесін сыртқы және ішкі қатерлерден қорғайтын өкілетті орган ретінде жұмыс істейді.

Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтың 2018 жылғы 14 мартағы «Өзбекстан Республикасының мемлекеттік қауіпсіздік жүйесін жетілдіру іс-шаралары туралы» жарлығымен Өзбекстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік қызметі Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік қауіпсіздік қызметіне айналдырылды. Мұнда әрқандай, тіпті кіші ділгірлік те мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қатысы бардай бұл арнайы қызмет мәселелері шенберіне енгізілуі және оның өкілеттерін шамадан тыс кеңейтуге жол бермеу жарлықта назар аударылған жақтардың бірі. Мемлекеттік қауіпсіздік қызметі мемлекеттік маңыздығы шынайы қатерлерді өз өкілет аясында деп қарауы, сондай-ақ олардың алдын алу, анықтау және оларға қарсы құресуді өзінің мақсат-міндеттіне айналдыруы жарлықта белгіленген. Яғни осы жарлық қауіпсіздік қызметі саласындағы түбегейлі реформаларға негіз қалады десе болады.

Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік қауіпсіздік қызметі 2018 жылғы 5 апельде қабылданған «Мемлекет қауіпсіздігі туралы» заң негізінде жұмыс істейді.

Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік қауіпсіздік қызметі төмендегі міндеттерді орындауды:

— елдің мемлекет қауіпсіздігі мен мұддесін сыртқы және ішкі қатерлерден қорғау. Бұл саладағы заңбұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жою. Мұнда разведка және контрразведка қызметтің жүзеге асыру;

— мемлекет шекараларын қорғау;

— мемлекет қауіпсіздігіне және мұддесіне қатер төндіруі мүмкін ұлтаралық және діни келіспеушілікке себеп болатын бұзғыншылық қызметтің алдын алу, анықтау және жою;

— терроризм, экстремизм, ұйымдастырылған қылмыскерлік сияқты індеттердің алдын алу, анықтау және жою;

— қару-жарақ, есірткі заттары мен психотропты заттардың заңсыз айналуына қарсы қарес;

— мемлекеттік сырлармен байланысты жерлерде сырлардың сақталуы, арнағы байланыс және ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бақылауды жүзеге асыру;

— мемлекет мұддесі мен қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін коррупцияға қарсы қаресу;

— экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, тарихи-мәдени, рухани салаларда мемлекет мұддесімен және қауіпсіздігімен байланысты, сондай-ақ өз өкілеті шенберінде болған қызметпен айналысу.



Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік салық комитеті мемлекеттік басқару органы болып, салық саласындағы заң құжатарына мойынсұнылуды, мемлекеттің экономикалық мұддесі мен мұліктік құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету бойынша бақылауды жолға қою оның негізгі қызметіндегі мақсаты.

Мемлекеттік салық комитетінің негізгі міндеттері төмендегілер:

— салық саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

— салықтардың дұрыс және дер кезінде есептелуі, төленуі және

мемлекеттік бюджет, сондай-ақ мемлекеттің мақсатты қорларына түсірілуін қамтамасыз ету;

— салық салу нысандары және субъектілерінің толық және нақты есебін жүргізу;

— салық салынатын базаны кеңейту, салықтардың жиналудын арттыру, салық саласындағы құқықбұзушылықтарға қарсы құрес бойынша іс-шараларды жүзеге асыру.

Осы және осыған ұқсас міндеттерді жүзеге асыруда мемлекеттік салық комитеті салық кодексінен ұстанады.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан салық реформаларының нәтижесінде 2019 жылғы 1 январьдан жаңартылған, халықаралық тәжірибелі ескеріп жаратылған салық жүйесі қолданысқа енгізілді. Мұнда салықтардың саны азайтылды, оңтайландырылды. Салық төлеушілер үшін салық жүгі бірқанша жеңілдетілді.



Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті, Мемлекеттік кеден комитетінің Қарақалпақстан Республикасы, облыстар, Ташкент қаласы бойынша басқармалары, кеден кешендері және кеден постарынан тұратын кеден органдары құқықты қорғайтын органдар саналады. Олар Өзбекстан

Республикасының бірінгай кеден саясатын жүзеге асыруға жауапты. Кеден органдарының негізгі мақсаты — еліміздың экономикалық мұддесін қорғау.

Кеден органдары өз қызметін Өзбекстан Республикасының Конституциясына, «Мемлекеттік кеден қызметі туралы» заңына, басқа да заң құжаттарына және халықаралық келісімшарттарға мойынсұнып атқарады.

Кеден органдарының негізгі міндетінің Кеден туралы заң құжаттарына мойынсұнуды бақылау, кеден төлемдерін өндіру, кеден саласындағы құқықбұзушылқтардың алдын алу, анықтау және оған шек қою сияқтыларды бөліп көрсетуге болады.

Соңғы жылдары жүзеге асырылып жатқан реформалар кеден саласын да шеттеп өткен жоқ. Нәтижеде елімізде түбекейлі жаңартылған, заманалық, халықаралық стандарттарға жауап беретін кеден жүйесі жаратылуда.

Қанатты сөздердің асыл қазынасынан!

Өз орнына қарай, кейде қаталдықпен, ал кейде мейірімділікпен іс жүргізетін уәзір ғана дана! Мұндай уәзір артықша қаталдық көрсетпейді де, көп мейірімділіктен жұмсарып кетпейді. Егер көп мейірімділік жасаса, дүниекор адамдар оны жұтып қояды. Егер артық қатаандық істесе, одан қашады да онымен мәміле жасаспайды. Демек, патшалық құру істеріне ең дұрыс шаралар қолданып, жақсы түсініп, жүзеге асырып, мемлекетті тәртіпке келтіретін уәзір ғана дана болмақ.

Әмір Темір

Шығармашылық жұмыс

Ойындағы шартты мемлекетіңде:

1. Құқықты қорғаушы мекемелердің қайсысын қажетті деп тапсан, соны ұйымдастырып.
2. Прокуратурага қандай міндеттер артасың?
3. Ішкі істер органдарына ше?
4. Мемлекеттік Қауіпсіздік қызметіне ше?
5. Мемлекеттік салық органдарына ше?
6. Мемлекеттік кеден органдарына ше?

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Қандай мекемелерді біз құқықты қорғаушы мекеме деп атайды?
2. Құқық қорғау мемлекеттік мекемелер жүйесіне қай мекемелер енеді?
3. Прокуратураның бұл жүйедегі орны қандай?
4. Мемлекет тараپынан Прокуратураға қандай міндеттер жүктелген?
5. Ішкі істер органдары қандай міндетті атқарады?
6. Ішкі істер органдары қандай өкілеттерге ие?
7. Мемлекеттік қауіпсіздік қызметі қандай орган?
8. Мемлекеттік қауіпсіздік қызметі қандай міндет атқарады?
9. Мемлекеттік қауіпсіздік қызметі жүйесіндегі реформалар туралы не білесің?
10. Мемлекеттік салық жүйесіндегі реформалар туралы нені білесін?
11. Мемлекеттік кеден органдары туралы білгендерінді айт.

25-тақырып

Әділет министрлігі. Адвокатура және нотариалдық кеңселер



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. Сен Әділет министрлігі туралы қандай мәліметке иесің?
2. Ауданыңда (қалаңда) аудандық (қалалық) әділет министрлігі бөлімінің ашылғаны туралы хабарың бар ма? Бұл бөлім қандай қызметпен айналысадынын білесің бе? Білгендерің туралы сыйынпастарыңа айтып бер?
3. Мемлекеттік қызметтер орталығы туралы нелерді білесің??
4. Бұл орталықтың тұрғындарға жаратқан қолайлылықтары туралы пікіріңді білдір.
5. Адвокатура немесе адвокаттар туралы нені білесің?
6. Нотариалдық кеңселер немесе нотариустар туралы ше?



Елімізде құқықты қорғайтын органдардың көштегінде қаралып жатқан қызметтердің реформаларынан кейін деңгээлде қаралып жатқан құқықтық реформалардың нәтижесінде әділет органдарының мемлекеттік мәндерінің жағдайларында өзгөрілік болып келеді. Әділет министрлігінде қаралып жатқан қызметтердің реформаларынан кейін деңгээлде қаралып жатқан құқықтық реформалардың нәтижесінде әділет органдарының мемлекеттік мәндерінің жағдайларында өзгөрілік болып келеді.



«Әділет» сөзі арабшада «әділдік, тұрылық, шындық» деген мағыналарды білдіреді.

Өзбекстан Республикасы Президентің «Мемлекеттің құқықтық саясатын жүзеге асыруда әділет органдары мен мекемелерінің қызметін түбекейлі жетілдіру іс-шаралары туралы» жарлығы негізінде әділет саласында вертикалды басқаруды жетілдіру мақсатында аудандар (қалалар) әділет бөлімдерінің ұйымдастырылуы белгіленеді. Нәтижеде елімізде әділет органдары жүйесі төмендегідей көрініске ие болды:

- Өзбекстан Республикасы Әділет министрлігі;
- Қарақалпақстан Республикасы Әділет министрлігі;
- облыстық әділет басқармалары;
- Ташкент қалалық әділет басқармасы;
- аудандық (қалалық) әділет бөлімдері.

Әділет министрлігі — құқықтық демократиялық мемлекет және азаматтық қоғам құруда мемлекет саясатын, заңдарды жасауды сапалы ұйымдастыру, құқықтық нормаларды өмірде дұрыс және бірдей қолдануды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Әділет органдары қызметінде Әділет министрі басшылық етеді. Ол Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ұсынысымен Өзбекстан Республикасы Президенті тарапынан тағайындалып, үкіметтің мүшесі саналады.

Әділет министрі құқықты жасау, қабылдау сапасы мен құқықтық нормаларды (ережелер) өмірге енгізу туралы жылда Олий Мажлистың Сенатына ақпарат береді.

Әділет органдарының негізгі міндеттері төмендегілер:

- Қабылданған заңдар, басқа нормативтік-құқықтық құжаттардың мазмұнын, маңызын орындаушыларға жеткізу, «республика — облыс — аудан — махалла» қағидасты бойынша құқықты корғайтын және сот органдарымен бірге құқықтық насиҳатты жүзеге асыру және тұрғындардың құқықтық сауатсыздығына шек қою;
- Конституция және заңдармен нығайтылған адамның құқық және еркіндіктерін қорғауды қамтамасыз ету;
- Құқықтық ділгірліктерді үйрену және құқықтық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету;
- Саяси партияларды тіркеуге алу;
- Жеке және заңды тұлғаларға құқықтық қызмет көрсетуді

қамтамасыз ету, нотариалдық кеңселерді, нотариус лауазымын ұйымдастыру және тоқтату, нотариустардың білімін жетілдіру, оларды аттестациядан өткізу тәртібін белгілеу;

- адвокаттық құрылымдар және Өзбекстан Республикасы Адвокаттар палатасы қызметін ұйымдастыру, адвокаттарға лицензия беру;
- заң саласында кадрлар даярлау, қайта даярлау мен білімін жетілдіруді ұйымдастыру істерін жүзеге асыру.

Әділет министрлігі ұлттық интернет порталына ие, онда құқықтық мәліметтер, яғни заңды терминдер, электронды құқықтық қолданбалар, заң құжаттарының талдауының онлайн формасы бар.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 9 январдағы «Қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру жүйесін түбебейлі жетілдіру туралы» жарлығында Өзбекстан Республикасы Әділет министрлігі қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру саласында үйлестіруші мемлекеттік орган етіп белгіленген.

Сендердің құқықтық тәлім-тәрбиелерінді жүзеге асыруда да әділет органдарының үлесі үлкен. Атап айтқанда, окушы және студенттердің құқықтық білімін үздіксіз арттырып отыру үшін оқу бағдарламалар, оқулықтар, оқу материалдары даярлануын қамтамасыз етуді әділет органдары жүзеге асырады.

Президентіміз тарапынан алға тартылған «Халық мемлекеттік кеңселерге емес, мемлекеттік кеңселер халыққа қызмет етуі керек» деген ұлы идеяны жүзеге асыру үшін Өзбекстан республикасы Әділет министрлігінің құзырында мемлекеттік қызметтер агенттігі және оның аумақтық бөлімдері құрылған.

«Бір терезе» қағидасы негізінде тұрғын үйлерді сумен қамту, коализация, жылыту жүйесі, жеке тіртіппен тұрғынүй құру үшін рұқсат алу, жасайтын жері бойынша тіркеуге алу (прописка), тіркеуден шығару, тұрлі мұрағат анықтамалар (патенттер), күәліктер және реєсти құжаттардың дубликаттарын алу сиякты қызметтер көрсетілуде. Нәтижеде мемлекеттік қызметтердің орталықтары тұрғындардың уақыты мен қаражатын үнемдеу мақсатында жалғыз орын ретінде ұйымдастырылды.

Адвокатура — құқықтық институт болып, ол адвокаттық қызметпен айналысатын заңды тұлғалар және жекеменшік адвокаттық қызметпен айналысатын кейбір жеке тұлғалардың тәуелсіз, еркімен, кәсіптік жиындысын қамтиды. Адвокатура Өзбекстан Республикасы Конституциясы және «Адвокатура туралы» заңға сәйкес Өзбекстан

Республикасы азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғаларға, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдарға заңды көмек көрсетеді.

Адвокаттар басқа түрдегі заңды көмек көрсетуі де мүмкін. Кейбір жағдайларда тұрғындарға тегін қызмет көрсетеді.



"Адвокат" латынша сөз, "қорғаушы", "ақтаушы" деген мазынаны білдіреді.

Жоғары заңды білімге ие және адвокаттық қызметмен айналысу құқын беретін лицензияны белгіленген тәртіппен алған Өзбекстан



Адвокатура — құқықтық институт (жеке топ) болып, ол адвокаттық қызметтімен шұғылданушы жеке тұлғалар және жеке адвокаттықпен шұғылданушы кей тұлғалардың дербес, ерікті, кәсіптік бірлестігі.

Республикасының азаматы Өзбекстан республикасында адвокат болуы мүмкін. Белгілеген тәртіpte мәмілеге қабілетсіz немесе мәміле қабілеті шектеулі деп табылған, сонымен қатар сотталған мерзімі аяқталмаған яки сотталғаны алып тасталмаған тұлғалардың адвокаттық қызметпен айналысуына рұқсат етілмейді.

Адвокат қазылық соттарда да жұмыс істейді.

Адвокаттық қызметті лицензиялау тәртібі Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті тараپынан белгіленеді.

Заң бойынша, адвокаттар төмендегі түрдегі заңдық қызметтерді орындаиды:

- заңды мәселелер бойынша кеңес және түсінік беру, заңдар бойынша ауызша және жазбаша мәліметтер беру;
- азаматтық және әкімшілік құқықбұзушылық жұмыстары бойынша сот және мемлекеттік мекемелерде өкілдегі міндептің орындау;
- бастапқы тергеу және сотта қылмыстық істер бойынша қорғаушы, жәбірленушілер, азаматтық істері бойынша талапкер (арыз беруші) мен жауапкерлердің өкілдері ретінде қатысу және тағы басқалар.

Белгіленген тәртіппен лицензия алған тұлға адвокаттық қызметтің өзінің адвокаттық бюросын ашып, жеке тәртіппен жүзеге асыруға немесе басқа адвокаттармен (серіктермен) адвокаттар фирмасы немесе

мүшелік негізделген адвокаттар алқасын құруға, яки қызмет көрсетіп жатқан осындай адвокаттар құрылымдарының біріне кіруге, заңды кенес кеңселерінде істеп адвокаттық қызметті атқаруға құқылы. Адвокат өз қызметін тек бір адвокаттық құрылымда жүзеге асыруға құқылы.

Адвокатура өз қызметін заң үстемдігі, тәуелсіздік және басқа да демократиялық қағидалар негізінде жүзеге асырады.

Өзбекстан Республикасында заңдар, нормативтік құжаттардың орындалуын қамтамасыз етуде нотариалдық кеңселер құқықты қорғайтын органдарға жақыннан көмектеседі. Өзбекстанда нотариалдық әрекеттері «Нотариат туралы» заң және басқада заңдарға сәйкес нотариалдық кеңселер нотариус жүзеге асырады.

Нотариалдық кеңселер Өзбекстан Республикасы Әділет министрлігі тарапынан құрылады және тоқтатылады. Нотариус лауазымына 25 жастан кіші емес, жоғары заңды білімге және 3 жылдық заңды тәжірибеге ие, білімділік емтиханын тапсырған Өзбекстан азаматы лайық деп табылады.

Нотариалдық кеңселердің міндеттері төмендегілер:

- бітімдер мен мұрагерлікті бекітеді;



Нотариалдық кеңселерде жұмыс істейтін лауазымды тұлғалар нотариустар деп аталағы, олар орындаітын істер нотариал істер деп айтылады.

- ерлі-зайыптының ортақ мүліктегі үлесіне мүлік құқы және мұрагерлікке құқық туралы куәлік береді;
- мұра мал-мүліктің қорғалуына қатысты іс-шаларды жасайды;
- құжат көшірмелерінің дұрыс екенін раставиды;
- құжаттың дұрыс тәржімаланғанын раставиды;
- құжаттарға қойылған қолдың шынайылығын раставиды;
- көшпес мүлік сатып алынғаны туралы куәлік береді;
- азаматтың тірі екені туралы фактін раставиды; азаматтың белгілі жерде кені туралы фактті раставиды; азаматтың фото суретте бейнеленген тұлға екенін раставиды; құжаттар ұсынылған уақытты раставиды;
- ақшалы сомалар мен бағалы қағаздарды депозитке қабылдайды;
- құжаттарды сақтау үшін қабылдайды
- ақша төлеу үшін шектерді ұсынады және шектер бойынша ақша

төленбекенін растайды.

Нотариалдық әрекеттерді (істі) іске асырып жатқанда азаматтар мен лауазымды тұлғалар тарапынан заң құжаттары бұзылғаны анықталғанда ұйымдарға, прокурорға хабарлайды. Тараптар ұсынған келісімдердің мазмұнын, негізгі мақсатқа сай екені және заң талаптарына қайшы келмейтінін тексереді. Қылмыстық қызметтөн алынған табыстарды легалдау, терроризм және бұқаралық жойқын қаруларын таратуды қаржыландырумен байланысты нотариалдық әрекеттер туралы мәліметтерді арнайы мемлекеттік органдарға ұсынады.

Жылжымайтын мүлік, тұрғын үй, мұра, жалға беру, сый және алды-сатты мүліктің мөлшері туралы мәліметтерді, автотранспорт қондырғыларын пайдалану, қабылдау үшін сенімдерді, осы қондырғыларды басқа тұлғаға өткізу, жалға беру туралы келісімшарт анықтамаларын ішкі істер органына, мұраға қалдыруышының өлімінен соң мүдделі тұлғаларға мұрагерлік туралы мәліметтерді ұсынады.

Нотариус өзінің кәсіптік міндетін бұзғаны үшін занды жауапкерлікке тартылуы мүмкін.

Нотариалдық кеңселер автоматтандырылған жалғыз ақпарат жүйесі арқылы нотариалдық әрекеттерді орындау мүмкіндігіне ие.

Қанатты сөздердің асыл қазынасынан!

*Адам тәрбиесінің дәрежесі басқаның құқын құрметтеумен
белгіленеді.* *(Мухаммад Камал Пилав)*

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Өзбекстан Республикасы Әділет министрлігі қандай орган?
2. Әділет органдары жүйесінің құрамын айт.
3. Әділет органдарының негізгі міндетін сана.
4. Мемлекеттік қызметтер орталықтары қандай мақсатпен құрылған?
5. Адвокатура қандай мекеме? Олардың міндеттері не?
6. Нотариалдық кеңселер ше? Олардың қандай міндеттері бар?
7. Адвокаттар қандай қызметтер көрсетеді? Нотариустар ше?

26- тақырып

**Қарулы Құштер және жастарды
отансүйгіштік рухында тәрбиелеу.**



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қарулы қүштер дегенде нени түсінесің?
2. Сенің немесе сыныптастарыңың агасы әскери қызметті өтеген бе? Олардың қызметі туралы сұхбаттас.
3. Әскери борыш дегенді сен қалай түсінесің?
4. Армия деген сөздің мағынасын білесің бе?
5. Сен білім алып жатқан мектепте әскери отансүйгіштікке арналған қандай шаралар өткізіледі?

Өзбекстан Республикасының Қарулы Құштері Өзбекстан Республикасы суверенитетін, аумақтық дербестігін, тұрғындардың тыныш өмірі мен қауіпсіздігін қорғау, соғыстар мен қарулы көліспеушіліктердің алдын алу, қажет болғанда қайтару үшін мемлекет тарапынан ұйымдастырылады және ұстап тұрылады. Қарулы Құштер өз ішіне әскери бірлестіктер қосылулар бөлімдерді қамтиды.

Қарулы Күштердің 3 белгісін білуіміз керек:

Біріншіден, Қарулы Күштер заңда нығайтылған құрылымы мен міндеттеріне ие мемлекеттік үйым.

Екіншіден, Қарулы Күштер әскери үйым болып, әскерилерді біріктіреді, қару қүшіне ие болады.

Үшіншіден, Қарулы Күштер тактикалық жылдамдық пен стратегиялық дәрежеде соғыс және әскери әрекеттерді жүргізуге можалданған арнайы әскери үйым.



“Бұғінде әлемнің кейбір аймақтарында құн сайын өршіп бара жатқан қанды келіспеушіліктер мен жағдайлар терроризм және экстремизм қауіпі бізден тұрақты сақ болып тұруды талап етуде. Бұл бойынша Өзбекстан шекараларының қауіпсіздігі мен дербестігін қамтамасыз ету еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту, еліміздің астанасына ешқандай бәлі-жаланы жолатпауды шешуші міндеттер әрдайым тікелей назарамызда».

Ш.Мирзияев

Өзбекстан Республикасының Қарулы Күштері Өзбекстан Республикасының мемлекеттік суверенитетін және аумақтық дербестігін, тұрғындардың тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғау үшін құрылады.

Қарулы Күштер мемлекеттік әскери үйымның және мемлекет қорғаныс жүйесінің негізі болып, әскери келіспеушіліктерді тоқтату, сондай-ақ олардың алдын алу, сонымен қатар мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құрылады. Қарулы Күштердің қызметі, міндеттері, Өзбекстан Республикасы Конституциясы, «Қорғаныс доктринасы туралы» заңы және басқа құқықтық құжаттарымен реттеледі.

Қарулы Күштердің құрамына Өзбекстан Республикасы Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктерінің, Мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің және басқа кеңселердің тиісті басқару органдары, армиялары, әскери құрылымдар, сонымен қатар ұлттық гвардия кіреді.

Мемлекеттің қорғанысына және Қарулы Күштерге басшылықты Өзбекстан Республикасының Президенті — Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғары Бас қолбасшысы жүзеге асырады.

Әскери қызмет — Өзбекстан Республикасы азаматтарының Қарулы Құштері қатарында жалпы әскери міндettі орындаудағы мемлекеттік қызметтің ерекше түрі. Әскери қызметке 18 жасқа толған саламаттығы Қарулы Құштердің қатарында әскери қызметті атқаруға жарамды азаматтар шақырылады.

Өзбекстан Республикасының Президенті, Өзбекстан Республикасы Қарулы Құштерінің Жоғары Бас қолбасшысы Шавкат Мирзияев тарапынан белгіленген «Армия және халық бірлігі» қағидасына сүйеніп, республика мектептерінен бастап жоғары білім беретін мекемелерге дейін өзіне тән үздіксіз әскери — отансүйгіш тәлімнің жинақталған жүйесі жаратылды. Жаңа Қарулы Құштер академиясы қалыптастырылды, әскери білім беретін орындар жетілдірілді. Қарулы Құштердің құрамында жастар одағы жинақы бөлімдері ұйымдастырылды. Бұл міндettердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында «Жастарды әскери отансүйгіштік рухында тәрбиелеу туралы» Министрлер Кабинетінің 2018 жылғы 23 февральдағы қаулысы қабылданды.

Жастарды әскери отансүйгіштік рухында тәрбиелеу концепциясының мазмұнын Отанымызды көздің қараышындаң сақтау, оның беделін әлемге мойыннату, Өзбекстанның шынайы отансүйгіш азаматтарын кемелге жеткізу құрайды. Әрбір жас азаматтың санасында отанға адалдық, отанды қорғау шарапатты да қасиетті борыш екені, Отанымыздың тәуелсіздігі мен дамуы жолында жансебілділікпен күрескен ұлттық кейіпкерлерімізben пікір алmasу, ұлттық армияммызға физиологиялық күшті рухани жетік жастардың қажет екені және әскери қызмет әрбір Өзбекстанның азаматы үшін қасиетті борыш екенін анғару әрбір жас азаматтың негізгі міндеті.

Жастарды әскери отансүйгіштік рухында тәрбиелеу істері 4 басқышпен жүзеге асырылады:

Бірінші басқыш, 3-17 жастағы балаларға айналамыздағы әлем, Отан туралы негізгі түсініктер жанұяда және балабақшаларда өлең, әндер, мултфильм, ойындар ойнау және сурет салу арқылы мемлекеттік рәміздерге құрмет және туған жеріне махабbat рухы қалыптастырылады.

Екінші басқыш, 7-16 жастағы оқушылардың Отанға махаббаты мен адалдығын нығайту. Оларды туған жерінің алдындағы перзенттік борышын өтеуге даярлау. Оларда Қарулы Құштердің

қатарында қызмет етіп жатқан агаларына әуесін ояту. Әскери қызметті армандаған әрбір жас бала кезден-ақ физиологиялық құшті болуы, спортпен тұрақты шүғылдануы, мектептегі барлық пәндерді тиянақты үйренуі, бос уақытын тиімді пайдалануы және «жас кітапүйгіш» сияқты байқауларға катысу, жетістіктерге жетуге ұмтылуы керек. Оқушыларды «Темурбектің ұрпақтары», «Өзбекстан перзенттері батыр болады» сияқты әскери спорт жарыстарында белсенді катысуы талап етіледі.

Үшінші басқыш, 16-18 жастағы жастарды отанға және оны қоргау үшін лайықты қызмет етуге рухани және физиологиялық тұрғыдан даярлау. Оларға ұлттық армиямыз үшін физиологиялық құшті және рухани жетік жастардың қажетті екені әскери қызметтің маңызы және Қарулы Күштерде жүргізіліп жатқан реформалар туралы көрнекілік құралдар арқылы мәліметтер беру.

Төртінші басқыш, 18-30 жастағы жастарды жан-жақты кемелденген, ата-анаға және отанға садық перзенттер етіп тәрбиелеу, Отанды қоргауға әрдайым дайын тұру және Қарулы Күштердің қатарында қызмет борышын өтеп жатқан жастармен мақтану, Конституциялық борыш пен әскери антқа адап болуды қалыптастыру.

Жастарды әскери отансүйгіштік рухында тәрбиелеу концепциясында белгіленгеніндей өздерің таңдаған кәсіпті терең менгеруің және жетік маман болу үшін бос уақытты мазмұнды өткізу керек. «Жас кітапқұмар» байқауында қатысуға әрекет жасап, ғылыми және көркем кітаптарды окуың сені отанды сүйетін, адап, батыр және сергек болуға үндейді.



*Өзбекстан Республикасын қоргау Өзбекстан
Республикасының әрбір азаматының борышы. Азаматтар
заңда белгіленген тіртінте әскери немесе баламалы
қызметті өтеге мәжбур.*

52-бап

Әскери отансүйгіштік, отанмен мақтану, жарқын болашаққа сенім рухын бейнелейді. «Отан» негізі арабша сөз болып, «Жер - Ана» мағынасын білдіреді. Отан түсінігі кең және тар мағынада қолданылады. Бір халық өкілдері ынтымақта жасап жатқан, олардың ата-бабалары бұрыннан бірге жасаған аумақ түсініледі.

Шолу жаса!

«Әскери қызметте әрбір жас әскермен жеке-жеке жұмыс істейміз, олар алдымен Жалолиддин Мангуберді, Әмір Темір сияқты ұлы, батыр бабаларымызла лайықты мұрагер, Отан аナンЫң шынайы қорғаушысы етіп тәрбиелеуіміз керек».

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев.

Шығармашылық жұмыс

«Черик» (жасақ, әскери жүйе) нөкерлікке қабылдауда үш ережені ұстандым:

Бірінші, жігіттердің күш-құдіретіне;
Екінші, қылышты ойната алуына;
Үшінші, құлқы мен зейіні мен кемелділігіне.

Осы үш қасиетке ие нөкерлерді қызметке қабылдадым.
Ойткені күш-құдіретті жігіт барлық қынышылықтарға,
азаптарға шыдамды болады, қылышты ойната алған адам
қарсыласын жеңе алады, ақылды нөкер барлық жерде ақылына
салып мәселені шеше алуы мүмкін.

Әмір Темір

Пысықтау және қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қарулы Күштер қандай мемлекеттік ұйым саналады?
2. Қарулы Күштердің құрамына нелер кіреді?
3. Қарулы Күштерге кім басшылық етеді?
4. Кімдер әскери қызметке шақырылады?
5. Жастарды әскери отансүйгіштік рухында тәрбиелеу концепциясы қандай мақсатта қабылданған?
6. Концепцияның басқыштары мен міндеттерін айтып бер.
7. Әмір Темір қандай шарттар негізінде жігіттерді нөкерлікке қабылдаған?
8. Сен Отанды қорғау және шынайы әскер болу үшін өзінді қалай дайындауың керек?.

Тарау бойынша қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Құқықбұзушылық ұфымына анықтама жаса.
2. Мемлекетіміз заңдылығында құқықтық жауапкершілік неше және қандай түрлерге бөлінген?
3. Прокуратураның бұл жүйедегі орны қандай?
4. Қылмыс жасалғанда сұрастырып білу істерін жүргізу бойынша қандай мекемелер өкілетке ие?
5. Әділет министрлігінің қандай мекемелері бар?
6. Әлеуметтік қауіптілік қандай жағдайларда пайда болуы мүмкін?
7. Құқыққа қайши деген атауды қалай түсінесің?
8. Әкімшілік жауапкершілікке қандай түрдегі жазалар енеді?
9. Қылмыстық жауапкершілік деген не? Ол қандай құқықбұзушылық жағдайларда қолданылады және оның ең негізгі ерекшеліктері нелерден құралады?
10. Нотариалдық кеңселер қандай міндеттерді орындайды? Нотариустар кімдер?

Атауларға сәйкес анықтамаларды белгіле.

1. Прокурор 2. Құқықбұзушы 3. Қылмыс

4. Адвокаттар коллегиясы 5. Адвокат

а) – латынша сөз болып, «қоргауышы», «ақтауышы» деген мағынаны білдіреді.

б) – Қогам үшін қауіпті болған қылмыс .

в) – франциузша сөз болып, «қаралаушы» деген мағынаны білдіреді.

д) – өзінің іс әрекетін түсінетін және оған жауап берे алғатын тұлғаның құқыққа қайши әрекетінен туындағының айыбы.

г) – құқықтық институт (жеке топ), адвокаттық қызметімен шұғылдануши тұлғалар және жекеменшік адвокаттықпен шұғылдануши кейбір адамдардың дербес, қасіптік бірлестігі болып табылады.

Тарау бойынша ұлгі тесттер

- 1. Прокуратура органдарының бірыңғай орталықтандырылған жүйесін Өзбекстан Республикасының өкіл етілген қай азаматы басқарады?**
а) Бас прокурор;
б) Прокурорлар алқасының төрағасы;
в) Облыстық прокурорлар сайлаған адам;
г) Өзбекстан Республикасының прокуроры.
- 2. Қай қатардағы жауап қамқорлық жасау деген мағынаны білдіреді?**
а) Адвокат; б) Әділет министрлігі;
в) Прокурор; г) Төреші.
- 3. Прокурор нені қадағалайды?**
а) Тергеу істерін; б) Сотқа жататын істерді;
в) Зандардың анық та бірдей орындалуын; г) Үкімнің орындалуын.
- 4. Өзбекстан Республикасының аумағындағы зандардың анық та бірдей орындалуының үстінен қадағалауды кім және мемлекеттің қайсы органы жүзеге асырады?**
а) Әділет министрлігі;
б) Нотариалдық кеңселер;
в) Өзбекстан Республикасының Бас прокуроры мен оған бағынатын прокурорлар;
г) Сот органдары.
- 5. Қорғаушы (адвокат) дегеніміз — бұл ...**
а) қылмыстық істер бойынша азаматтардың ісін сотта жүргізуші және оларды қорғаушы адам;
б) сотқа қатысушы және мемлекеттің мұддесін қорғаушы адам;
в) айыпталушының шақыруымен келген адам;
г) айыпталушының заңды өкілі.
- 6. Құқық бұзушылықтың қай түрі үшін мемлекет жазалаудың ең ауыр шарасын қолданады?**
а) Әкімшілік; б) Қылмыстық; в) Тәртіптік; г) Азаматтық.
- 7. Әкімшілік жауапкершілік қай жастан бастап қолданылады?**
а) 16 жастан; б) 14 жастан; в) 15 жастан; г) 17 жастан.

Мемлекеттік органдардың күнделікті өмірінде адам құқы мен еркіндігінің үстемдігіне қатысты конституциялық қағидат сөзсіз қамтамасыз етілуі шарт.

Шавкат Мирзияев

VI ТАРАУ

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, БОРЫШТАРЫ



*Азаматтық заңдылығында кәмелетке толмагандардың
құқықтары*

*Қылмыстық заңдылығында кәмелетке толмагандардың құқық
және міндеттері*

*Жанұя заңдылығында кәмелетке толмагандардың құқық және
міндеттері*

Еңбек заңдылығында кәмелетке толмагандардың құқықтары



27- тақырып

**Азаматтық занзылықта кәмелетке
толмағандардың құқықтары**



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Суреттердегі адамдардың жастарын шамамен анықта.
2. Олардың құқықтық статусы бойынша топтай аласың ба? (яғни бір-біріне ұқсас топтарды бір топқа жина).
3. Бөлген топтарыңдағы адамдардың құқықтары арасында қандай айырмашылықтар болуы мүмкін деп ойлайсың? Жауабыңды негізде.
4. Жасаган орынсыз іс-әрекеттері үшін олардың жауапкершілігінде де айырмашылық болуы мүмкін бе?
5. Мемлекеттің адам неше жастан бастап кәмелетке толған деп есептелетін білесің бе?

6. Неліктен нақ осы жаста ол кәмелетке толған бол есептеледі деп ойлайсың?

Өзбекстан Республикасындағы барша тұлғалардың (жеке және зандық) мүлікке тиісті және тиісті емес қарым-қатынастары және тауар-ақша қатынастарын ретке келтіретін құқықтық нормаларды өзінде жинақтаған сала бұл — азаматтық құқық саласы.

Азаматтық заңдылыққа сәйкес, азаматтың иелік етуге құқықтары мен міндеттемелерінің кешені оның құқыққа икемділігін құрайды.



Азаматтық құқық бастапқыда Ежелгі Римде жарыққа шығып, азаматтардың өзара қатынастарын тәртіпке салған. Қазіргі уақытта қоғтеген елдерде азаматтардың қарым-қатынастарын реттейтін ұлттық құқықтық жүйелер жаратылған. Біздің еліміздегі азаматтардың өзара қатынастарын Өзбекстан Республикасының Конституциясы мен Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексі реттеледі.

Азаматтың құқыққа икемділігі оның туылған күнінен бастап пайдалады және қаза тапқан күні біtedі.

Ал азаматтың әрекеттілігі азаматтың өзінің іс-әрекеттері арқылы азаматтық құқықтарға ие болуға және оларды жүзеге асыруға, өзіне меншікті азаматтық борыштар жаратуға және оларды атқаруға деген қабілеттілігін білдіреді. Бұл икемділік (қабілеттілік) азаматтың жасы он сегізге толғанда байқалады.

Азаматтық құқықтар мен міндеттемелер мыналардан туады:

- 1) занда алдын ала ескерілген шарттардан, егер бұл жағдай занда ескерілмесе де, бірақ оған қайшы келмейтін шарттар мен келісімдерден;
- 2) азаматтық құқықтар мен міндеттемелердің тууы негізі ретінде заннамада ескерілген мемлекеттік органдардың немесе азаматтардың өзін-өзі басқару органдарының құжаттарынан;
- 3) соттың азаматтық құқықтар мен міндеттемелер жөніндегі шешімінен;
- 4) занмен рұқсат етілген жағдайларда мүлік алу нәтижесінде;
- 5) ғылым, әдебиет, өнер туындыларын жаратқан, ойлап табушылықпен, басқа да интеллектуалдық қызыметтен шұғылданған кезде;

- 6) басқа адамдарға зиян жеткізудің нәтижесінде;
- 7) негіzsіз байып кету нәтижесінде;
- 8) азаматтар мен заңдық адамдардың басқа да іс-эрекеттерінің нәтижесінде;
- 9) заңдық құжаттар азаматтық-құқықтық жағдайлардың туындауына байланысты құбылыстардың нәтижесінде.

Кәмелетке толмағандардың қабілеттілігін белгілеуде оның денесі, бойы, бұлшық еттері және ақыл-ес қабілетінің даму дәрежесі ескерілген. Өзбекстан Республикасы «Азаматтық кодексіне» сәйкес адамның толық мөлшердегі әрекеттілігі 18 жасқа толғанда пайдала болады.



Азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтар-га ие болу және оларды іске асыру, өзіне азаматтық бо-рыштарын жасау және орындау қабілеттілігі (әрекеттілігі) ол кәмелетке толған соң, яғни 18 жасқа толған соң толық көлемде пайда болады.

22-бап.

14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар:

1) өзінің жалақысы, стипендиясы және басқа табыстарына иелік ету;

- 2) әр түрлі авторлық құқықтарын іске асыру;
- 3) заңға сәйкес банктерде ақша жинау және оларға иелік ету,
- 4) әр түрлі тұрмыстық келісімдерді жасау құқығына ие.

6 жастан 14 жасқа дейінгі кіші жастағы балалар:

- 1) Ұсақ тұрмыстық келісімдерді;
- 2) Тегін пайда көруге бағытталған келісімдерді;

3) Заңды тұрде белгілі мақсат яки ерікті иелену үшін берілген қаржыларды менгеру бойынша бітімдерді жасауға ақысы бар.

16 жасқа толған жеке тұлға заңда көрсетілген шарттар негізінде жұмыс істейтін яки іскерлік қызметімен айналысадын болса, ол сот қауалысымен толық еңбекке жарамды деп табылады. Бұл азаматтық құқықта эмансипация деп қолданылады.

Мұндай жағдайда ата-ана перзенттікке алушылар және демеуші эмансипация жасалған кәмелетке толмағанның міндеттері бойынша, атап айтқанда ол жеткізген зиянның нәтижесінде туындаған міндеттер бойынша жауапкер болмайды.



Эмансипация – латынша «*Emanci patio*» құқықтарға тәңдестірілу деген мағынаны білдіреді.

Жасы толғанға дейін заңды некелескен адам неке қиған уақыттан бастап толық қатынас қабілетіне ие болады. Некелесу нәтижесінде алынған әрекеттілігі жасы он сегізге толмай тұрып, некесі жойылған жағдайда да толық сақталып қалады. Егер неке заң жолына қайшы деп табылса, сот кемелетке жетпеген ердің (оның зайыбының) сот белгілеген кезден бастап толық әрекеттілігін, икемділігін жою жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

Кемелетке толмағандардың істері бойынша комиссиялар Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің, облыстық, аудандық, қалалық әкімшіліктердің құзырында түзілген. Бұл комиссиялардың мақсаты мен міндетін мыналар құрайды:

- жасы толмағандардың бақылаусыз және қараусыз қалуын, құқықбұзушылықтың алдын алу;
- кемелетке толмағандардың заңға қайшы қылықтарына және құқықбұзушылыққа жағдай тудыратын себептер мен жағдайларды анықтау мен жою;
- кемелетке толмағандардың құқықтары мен мұдделерін қорғау;
- әлеуметтік тұргыдан қатерлі жағдайда қалған жасы толмағандармен тәрбиелік жұмыс жүргізуі үйімдастыру.

Комиссиялар өз тараптарынан қабылдаған шешімдері мемлекеттік органдар, басқа үйімдар және лауазымды адамдар үшін міндетті. болып табылады..



15 жастағы Назым жазғы демалыста ата-анасының разылығымен дәмханаға минералды су сатушысы етіп жұмысқа тұрды. Дәмхананың егесі оны аптасына 48 сағат істетіп, үлкендерге беретіндей айлық төледі.

- 1) Дәмхананың иесі Назымның құқын бұзды ма?
- 2) Бұл әрекеттің қатысуышыларынан қай бірі заңды бұзды?
- 3) Оларды құқықтық сауаты бар деуге болады ма?

Шолу жаса!

Кәмелетке толмаған адамдардың көлтірген шығыны үшін олардың ата-аналары яки демеушілері немесе оларды бақылап отыратын оқу, тәрбие, емдеу мекемелері жауапкер болады.

Шығармашылық жұмыс

1.5 жасар Ділшаттың сурет салуга дарыны бар. Оның салған суреттерін жұмыс барысында пайдалану үшін балалар бақшасының тәрбиешісі альбом дайындағы.

— Мұнда Ділшаттың құқықтары бұзылды ма?

— Ділшаттың құқықтарын кім қоргайды?

2. Жазғы демалыс күндері 14 жасар Нәби бір фирмада үстаниң ішкірті бол жұмысқа орналасты. Бірнеше айлық табысын жинап, ол планшет сатып алды. Оның осылай істеуеге құқы бар ма? Пікірлеріңді дәлелдеңдер.

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Құқыққа икемділік дегеніміз не?
2. Әрекеттілік дегендे нені түсінесіндер?
3. Құқыққа және еңбекке қабілеттілікке мысал келтіріндер.
4. Азаматтық құқық пен борыштар қай жағдайларда пайда болады? Оларды санап етіндер.
5. Эмансиپация деген не?
6. Мына кестені дәптерлеріңе салып, Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес кемелетке толмағандардың әрекеттілігі жөнінде толтырыңдар.

6 жастан 14 жасқа дейінгі кіші жастағы балалар	14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар	16 жасқа толған кәмелетке толмағандар
		<p>Үлгі:</p> <p>Шагын үй шаруашылығы мәмілелерін жасайды..</p>

28- тақырып

**Қылмыс заңдылығында кәмелетке
толмағандардың құқық және міндеттері**



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. 1- және 3- суреттердегі бейнелерді талдаңдар.
2. Осы суреттердегі балалар келешекте қандай адам болып есіп-өнеді деп ойлайсыңдар? Олардың жарқын келешегі үшін қандай қолайлар жағдайлар бар?
3. 4-суреттегі баланың заң жосына қайши қылышының салдары қандай болуы мүмкін? Бұл жөнінде не дей аласыңдар?
4. 6-суреттегі бала не себептен осынау күйге түскен?
5. 4- және 6-суреттердегі балалардың жазалау керек, деген пікірді дәлелдеуге тырысыңдар. Мұнда олардың қылыштары үшін жазалау қандай нәтижеге келтіре алғатынын есепке алыңдар.
6. Кемелетке толмағандар мен ересектердің қылмыстық жауапкершілігі арасында айырма болу керек пе, әлде жоқ па?

Құқықбұзы әрекеттері әртүрлі болып, олар құқық саласының түрлі тармақтарымен қудаланады.

Құқықбұзушылықтың сипаты мен белгілеріне қарай төрт топқа бөлуге болады. Бұлар: қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік, азаматтық құқықбұзушылықтар. Бұл құқықбұзушылықтардың ішінде бір-біrine біршама ұқсас болғандары — қылмыстық пен әкімшілік құқықбұзушылықтар. Олардың озбырлық жасау нысандары да көп жағдайда бірдей болады. Мысалы, егер Өзбекстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 2-бабында қылмыстық заңнамамен қорғалатын нысандар көрсетіліп, адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін, мүлкін, табиғи ортаны, бейбітшілікті, адамзаттың қауіпсіздігін озбырлықтан қорғау алдын ала ескерілген болса, Әкімшілік жауапкершілік жөніндегі Кодексінің 10-бабында адамға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, меншігіне, мемлекеттік, қоғамдық тәртіпке, табиғи ортаға озбырлық жасаушы заңмен айыпталатын қылықтар ескерілген.

Қылмыстық жауапкершілік — Қылмыстық Кодекс тыйым салған қылмысты істеген жағдайда ғана қолданылатын жауапкершіліктің ең ауыр түрі болып табылады.

Өзбекстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық Кодексінің 16-бабында қылмыстық жауапкершілікке қылмысы үшін айыпты деп табылған адамға қатысты сот жағынан үкім ету, жазалау немесе басқа да құқықтық шарасы қолданылады.

Қылмыс істеген кезде заңда белгіленген жасқа толған адамдар ғана қылмыстың субъекті бола алады. Заңда белгіленген жасқа толмаған, жасы кіші адамдар өздерінің жасы, рухани және физиологиялық дамуы бойынша істеген қылмысы үшін толық жауап бере алмайды, өздерінің әрекетін (әрекетсіздігін) толық басқара алмайды.

Он төрт жасқа толмағандар — жас бала деп саналып, өз әрекеттерінің қоғамға қауіп-қатер келтіретінін, қылмыс екендігін (жауапкершілікті ауырлататын қасақана адам өлтіруді қоспағанда) әлі толық жете түсіне алмайды. Ал 14 жасқа толғандар кейбір қылықтарының қылмыс болып табылатынын түсінеді, өздерінің іс-әрекеттерін толық басқара алады. Сондықтан ҚК-нің 17-бабында он төрт жастан бастап қылмыс субъекті болатын қылмыстардың тізімі келтірілген.

Өзбекстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне сәйкес, он сегіз жасқа толмай, қылмыс істеген адамдарға айыппұл, құлық түзету істері, бостандығын шектеу, мәжбүрлі қоғамдық істері, азаттықтан мақрұм ету сияқты жазалар қолданылуы мүмкін.



Кәмелетке толмағандарға қосымша жаза артуға болмайды.

Қылмыстық кодексте жасы толмағандардың қылмыс істегенін жазаны жеңілдететін жағдай деп, ал жас балаға қарсы істелген қылмысты — қылмысты ауырлататын жағдай деп белгілейді.

Әрбір жаза шарасына жеке тоқталамыз:

Айыппұл — бұл қылмысты жасағандардан мемлекет айыппұл өндіреді. Айыппұл тек 16 жасқа толған кәмелетке толғандарға ғана ең төмен жалақының екі есесінен жиырма есесіне дейін белгіленеді.

Ақылақ түзеті істері жазасы — еңбек етуге қабілетті, кәмелетке толмағанды еңбек етуге мәжбурлеп тарту.

Кәмелетке толмағандардың мұндай жазалау түрі бір айдан бір жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Бостандығын шектеу — бұл жаза кәмелетке толмаған жазаланушыға негізгі жаза ретінде 6 айдан 2 жылға дейін белгіленеді..

Мәжбүрлі қоғамдық істер — тек еңбек етуге қабілетті кәмелетке толмағандарға 60 сағаттан 240 сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді

Азаттықтан мақырұм ету—бұл жаза түрі кәмелетке жетпегендерге 6 айдан 10 жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Жалпы алғанда, азаттықтан мақырұм ету 13 жастан бастап қолданылады. Мұнда жазаланушылардың жынысы да ескеріледі. 18 жасқа толмаған ерлерге азаттықтан мақырұм ету жазасын жалпы яки күшайтірілген тәртіпті тәрбие колонияларында өтеу тағайындалады. Қыздарға жазаны жалпы тәртіпті тәрбие колонияларында өтеу тағайындалады.

Сот кәмелетке толмағандарға жаза тағайындауда, кәмелетке толмағандардың даму дәрежесі, тұрмыс жағдайы және тәрбиесін, денсаулығын, жасы үлкендердің әсерін, өз әрекетінің маңызын толық аңғармауын анықтаса жаза мәжбүри шарамен алмастырылады.

Кәмелетке толмағандарға ересектердің (18 жастан асқан) жауапкершіліктері де бар. Ересектер кәмелетке толмағандарды қайыршылыққа, алкогольді ішімдіктер ішуге бағыттаса, 3 жылға дейін,

есірткі заттарды тұтынуға тартса 3 жылдан 5 жылға дейін, қылмыс жасауға шақырса 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру арқылы жазаланады.

Белгілі бір адамды, әсіресе кәмелетке толмаған баланы қылмыстық жауапқа тарту үшін оның істеген қылмысын дәлелдейтін құжаттар жеткілікті, негізді, заң тұрғысынан маңызды болуы керек.

Қылмыс істегенге дейін жасы он сегізге толмаған адамның қылмысы жөніндегі істер бойынша мыналар анықталады:

- 1) айыпталушының анық жасы (туған жылы, айы мен күні);
- 2) оның өзіне тән қасиеттері мен денсаулық күйі;
- 3) оның тұру және тәрбиелену жағдайлары;
- 4) жасы үлкен күйінде немесе басқа қатысуышының болуы я жоқтығы.

Кәмелетке толмағанның қылмысы жөніндегі іс жүргізуге оның занды өкілі немесе қамқорлыққа, бағып-қағуға алған органның өкілі қатысуға құқылы. Жасы толмағандардың қылмысы жөніндегі іске қорғашы да қатысу керек. Жасы толмаған күдікті және айыпталушы адамнан жауап алуға жұмсалған уақыт, демалыс пен тамақтану үшін бір сағаттық үзілісті есепке алғанда, бір күнде алты сағаттан артып кетпеуі керек.

Сот кәмелетке толмағандардың қылмыстары жөніндегі істердің қашан және қай жерде қарастырылатынын, олардың әке-шешесіне, әке-шешесінің орнын басатын адамдарға, жасы толмағанның оқитын немесе жұмыс істейтін орнына (қәсіпорындар мен мекемелерге), кажет болса, басқа ұйымдарға да хабарлайды. Сонда сот осы ұйымдардың өкілдерін, сottалушының қамқоршысын я бағып-қағушысын сottың мәжілісіне шақыруға құқылы.

Кәмелетке толмаған айыпталушыға қолданылатын бұлтартпау шаралары ретінде, Қылмыстық-процессуалды Кодекстің 236-бабында алдын ала ескерілген негіздер болса, қамауға алу шарасын кәмелетке толмаған адамға тек бес жылдан артық мерзімге еркінен айыруға тағайындалуы мүмкін болған, қасақана қылмыс істегені үшін айыпталған және оның мінез-құлқының әдепті болуын басқа бұлтартпау шаралары қамтамасыз ете алмайтын жағдайда қолдануға болады.



Кәмелетке толмаған тұлғаға айыпталу жариялау кезінде корғаушымен бірге қәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілі де катысусы мүмкін.

Жасы толмаған айыпталушыға қолданылған шаралар туралы хабар оның заңды өкіліне, ал егер ондай өкіл болмаса, оның басқа туысқандарына жеткізіледі. Қәмелетке толмаған адам оның әкешесі, қамқоршысы, демеушісінің кепілімен немесе, егер ол балалар мекемесінде тәрбиеленіп жатса, сол мекеме бастығына беріледі.

Шығармашылық жұмыс

Кәмелетке толмаған балалардың құқықбұзушылығы туралы кішкене әңгіме жазындар. Егер бұл әңгімегі құқықбұзушылықты істеген адамның жасы 6-дан 14-ке дейін, 14-тен 16-ға дейін, 16-дан 18-ге дейін және 18-ден үлкен болса, онда ол қандай жазаға ұшырайтынын анықтаңдар (Мұнда Азаматтық, Қылмыстық, Әкімшілік жауапкершілік туралы кодекстерді пайдаланындар).

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Қылмыс туралы заңнама дегеніміз не?
2. Кемелетке толмағандық деген не?
3. Кәмелетке толмаған деген түсініктің қылмыс субъектінің жасы деген түсініктен қандай айырмашылығы бар?
4. Кәмелетке толмағандар неше жасынан бастап қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін?
5. Өзбекстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 17-бабын пайдалана отырып, мына кестені толтырыңдар:

Қылмыс істегенге дейінгі жасы 13-ке толған адамдардың жауапкершілігі	Қылмыс істегенге дейінгі жасы 14-ке толған адамдардың жауапкершілігі	Қылмыс істегенге дейінгі жасы 18-ге толған адамдардың жауапкершілігі

13 жасар Фанижанға атасынан автокөлік мирас болып қалды. Фанижан өгей ата-анасымен бірге жасайды. Фанижанның әкесі автокөлікті сатып, қелісімді ресмилендіру мақсатында құжаттарды бекіту үшін мемлекеттік мекемеге (нотариуска) барады. Бірақ нотариус келісімді ресмилендіруден бас тартты.

Көсіптік-техникалық колледжінің оқушысы Ділшатбек 80000 сумдық ДВД плейерін несиеге (кредитке) алды. Ділшатбек 16 жаста, әр айда стипендия алады. Оның әкесі Әлім аға ұлының сатып алған бүйімін жөн көрmedі. Ол баласы ДВД плейерге қызығып, оқуға мән бермей қояды деп қауіптенді. Сондықтан Әлім аға ұлының бұл келісімшартты жасағанынан хабарсыз екендігін ескеріп, оның жарамсыз деп табуын сұрап, сотқа өтініш жасады.

Халима 16 жасында аудан әкімшілігінің рұқсатымен тұрмысқа шықты. Қүйеуінің үйіне көшіп өтүіне байланысты өзіне мирас болып қалған жеке меншік үйін сатуға шешім қабылдады. Сол мақсатта алдысатты жұмыстарын ресмилендіру үшін қыстақтағы азаматтар жиынының төрағасына өтініш жасаған еді, жиын төрағасы Халиманы толық әрекеттілікке жетпеген деп келісім-шартты ресмилендіруге рұқсат етпеді. Халима ауыл азаматтар жиыны төрағасының шешімінен наразы болып сотқа шағым жасамақшы.

Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Егер Фанижанның өгей әкесі сотқа шағым жасаса, сот қандай қаулы шыгаруы мүмкін деп ойлайсыңың?
2. Сенің пікіріңше, Фанижанның өгей әкесі оған мирас болып қалған автокөлікті сату құқықына ие ме?
3. Сеніңше, Халиманың КАЗ-нан ренжігені орынды ма?
4. Егер Халима сотқа шағым жасаса, оның шағымы бойынша сот қандай қаулы шыгаруы мүмкін деп ойлайсыңың? Халиманың ата-анасы бар болғанда қандай жағдай туындайтын еди? Жоқ болса ше?
5. Ділшатбектің жасаған ісін құқық бұзушылық деп атауга бола ма? Неліктен?

6. Сеніңше, Әлім ағаның шағымы бойынша сол қандай шешімге келуі мүмкін? Сен Әлім ағаның орнында болғаныңда қандай жол ұстанған болар едің? Ділшатбектің орнында болғаныңда ше?
7. Жоғарыдағы ділгірліктерді шешуде сен қандай жол ұстасған болар едің?
8. Жанұяңдағы қайсы бұйымдарды дербес иемдене аласың?
9. Өзіңе тікелей тиісті болған бұйымдарың бар ма?
10. Өзіңе тиісті болған бұйымыңды жолдасыңмен ауыстыру үшін ата-анаңнан рұқсат сұрайсың ба? Неліктен?



“Ата-аналар өз перзенттерін кәмелетке толғанға дейін бағу және тәрбиелеуге міндettі.



Мемлекет және қоғам жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынан мақұрым болған балаларды бағу, тәрбиелеу және оқытуды қамтамасыз етеді, балаларға арналған қайырымдылық істерді ынталандырады”.

64- бап.

1. Ата-аналар балаларын кәмелетке толғанға дейін міндепті түрде бағыт-қағу және тәрбиелеу керек деген шарттың конституциялық құқық дәрежесіне шығарылуының себебі неде деп ойлайсың? Бұл жағдай біздің ұлттық құндылықтарымызга сәйкес келе ме?

2. Мемлекеттің бағушысы жоқ және қараусыз қалған балаларға еткен қамқорлығының конституция арқылы тұрақты міндептке айналғаны қогамға қандай пайда келтіреді? Мұнда енгізілген және келешекте көрілетін пайданы айрықша бөліп көрсетуге әрекет жаса.

Бала мүдделеріне қайшы болған жағдайларды қоспағанда, әрбір бала отбасында жасау және тәрбиелену, өз ата-анасын білу, олардың қамқорлығынан пайдалану, олармен бірге жасау құқықына ие.

Кейбір себептер бойынша баланын ата-анасы болмай қалған жағдайда оның жанұяды тәрбиелену құқықы қамқорлық және

демеушілік жасайтын мекеме тарапынан қамтамасыз етіледі.

Кәмелетке толмаған бала өз құқы және заңды мүддесін қорғау құқына ие. Баланың құқы және заңды мүддесі оның ата-анасы, ата-анасы жоқ болса, ата-анасының орнын басушылар, қамқорлық жасаушы және заңды мүдделері, прокуратура, сот тарапынан іске асырылады.

Кәмелетке толмаған баланың өміріне яки денсаулығына қауіп туғанынан, оның құқық және заңды мүдделері бұзылғанынан хабардар болған жеке тұлғалар бұл жөнінде бала қазіргі күнде жасап тұрған мекен-жайдағы қамқорлық жасаушысы мен демеушілік мекемесіне мәлімдеуі шарт. Осындай мәліметтерді алған соң, қамқорлық пен демеушілік мекемесі баланың құқық және заңды мүдделерін қорғау бойынша қажетті шаралар көруі шарт. Ата-ана өз балаларының заңды өкілдері болып саналады, сонымен қатар кез келген жеке және заңды тұлғалармен болатын қатынастарда, соның ішінде сотта арнайы өкілеттерсіз олардың құқық және мүдделерін қорғайды

Жанұяда кәмелетке толмаған баланың мүддесіне тиісті кез келген мәселе шешіліп жатқанда, бала өз пікірін білдіруге, кез келген сот яки әкімшілік талқылауы кезінде сөйлеуге құқылы.

Кез келген ата-ана өз перзенттеріне өзара келісіп, яки туған-туысқандарының кеңесімен ата-анасының есіміне қарай яки өздері қалаған есімді қоюы мүмкін. Әдетте, баланың фамилиясы ата-ананың фамилиясына қарай белгіленеді. Егер ата-ана әр түрлі фамилияларда болса, олардың келісімі бойынша балаға әкесінің яки анасының фамилиясы берілуі мүмкін. Ата-ананың қалауы бойынша, балаға әке яки шеше жағынан ұлттық дәстүрлер бойынша арғы атасының есімі бойынша фамилия берілуі мүмкін.



“Кәмелетке толған, еңбек етуге лайықты перзенттер өз ата-анасына қомқорлық жасауға міндетті”. 66-бап.

1. Конституцияның осы талаптары бойынша пікірінді білдір.

2. Бұл баптың талаптары біздің ұлттық құндылықтарымызға, әдем-әүрпымызға қанышалықты сай келетіні бойынша пікірінді білдір.

3. Осы бап талаптарын 64-баптың талаптарымен салыстыр.

Он алты жасқа жеткенше, кәмелетке толған баланың фамилиясы белгілі бір мақсатта ата-анасымен бірге қабылдаған шешіммен өзгертуі мүмкін. Егер ол он алты жасқа толған болса, оның есімі яки фамилиясын өзгерту тек оның разылығымен іске асырылады.

Ата-анасы тірі кезінде балалар олардың мал-мұлқіне иелік ету құқына ие емес. Сондай-ақ, ата-ана да кәмелетке толмаған балалардың мал-мұлқіне иелік ету құқына ие емес. Кәмелетке толмаған бала өз ата-анасынан яки басқа адамдардан заң шеңберінде қамтамасыз етілуіне ақысы бар. Мұнда балаға тиісті кез келген қаржы, ол зейнетақы болсын, мейлі басқа түрдегі жәрдемақы болсын, оның әкесі яки шешесі тарапынан оның қамсыздандырылуы тәлім-тәрбие алу үшін ғана жұмсалуы қажет. Сонымен қатар, ата-ана мен балалардың жеке меншігі болуы да мүмкін. Бірге жасап тұрғанда олар бір-бірінің разылығымен бұндай мұлікке иелік етіп оларды пайдалана алады.

Кәмелетке толмаған балалардың мирас түрінде алған мал-мұлқі, өзінің еңбегі мен іскерлік қызметі нәтижесінде арттырған мал-мұлқі олардың жеке меншігі болып саналады.

Сонымен кәмелетке жетпегендердің жеке пайдаланатын бұйымдары (киім-кешек, әр түрлі жұмыс құралдары, оку құралдары және басқалар) олардың жеке меншігі боп саналады.



Америкалық бір досымның үйінде қонақта болдым.

Досыммен жағдай сұрасып отырған едім, оның ұлы окудан келді.

— Эке, мен келдім. Сәлем, — (ағылшын тілінде) деп, жоғары қабаттағы өз бөлмесіне шығып кетті. Біраздан соң, рок тобының сазды күйі үйді жаңғыртып күмбірлей бастады. Мен досыма:

— Қазір басыңың ауырғаны жайлы шағым жасап едің, балаңа саздың даусын біраз төмендет десен болмай ма, — дедім. Досым маған: — Бұл баламның құқы, мен оған төмендет дей алмаймын, ол демалып жатыр, — деп жауап берді.

1. *Біздің ұлттық дәстурлеріміз бойынша бұл жанұядагы құқықтық қатынастарды оңтайлы бағалауға бола ма ?*
2. *Бала өз құқынан пайдаланғанда, басқалардың қандай құқықтарын бұзды?*

Шолу жаса!

Ата-ана кәмелетке толмаған перзенттерінің заңды өкілі саналады. Себебі олар өз құқы мен міндептін дербес қорғай алмайды.

Ата және ана балаларды материалдық жағынан қамтамасыз ету, дене тәрбиесі, рухани және әдептік түрғыдан тәрбиелеу, оларды тәуелсіз тіршілік етуге дайындау мәселесінде бірдей міндептік ие болады. Ата-ананың құқы баланың мүддесіне қызмет етуі керек. Бала өз құқы мен заңды мүддесін қорғау құқықына ие.

Шығармашылық жұмыс

Өзіңнің жанұяңды жазбаши сипатта. Жанұяңда өзіңнің және басқа кәмелетке толмаған ага, іні, әпке, қарындас, сіңлілеріңді санап жаз. Олардың маңыздылық дәрежесіне қарай бейнеле. Өзіңнің жанұяңдағы борыштарыңды да жаз.

Осы сұраққа жазбаши жауап беруге әрекет жаса: Сен үшін жанұяңдағы құқықтарыңның сақталуы маңыздырақ па, әлде борыштарыңның орындалуы ма? Мұнда сен және жанұя көзқарасымен жанасуға әрекет жаса.

Пысықтау мен қайталау үшін сұрақтар және тапсырмалар

1. Эр баланың өз жанұясында қандай құқықтары бар?
2. Егер кәмелетке толмаған баланың ата-анасы болмаса, оның құқықтарының орындалуы қалай қамтамасыз етіледі?
3. Жанұяда кәмелетке толмаған баланың мүдделеріне қатысты мәселе шешілетін жағдайда баланың қандай құқықтары бар екендігін айт.
4. Балаға есімді қалай және кім қояды?
5. Неше жасқа толғаннан кейін кәмелетке толмаған баланың есімі мен фамилиясын өзгерту үшін оның разылығы сұралады?
6. Ата-ананың кәмелетке толмаған баласының яки баланың ата-анасының жеке меншігіне иелік етуге құқығы бар ма?
7. Егер кәмелетке толмаған бала, оның ата-анасы жеке меншікке иелік етсе, олар бір-бірінің меншіктерін пайдалана ала ма?
8. Қандай бүйымдар кәмелетке толмағандардың жеке мүлкі?

30- тақырып

**Еңбек туралы заңнамада кәмелетке
толмағандардың құқықтары**



Әрбір тұлға еңбек ету, еркін мамандық таңдау, әділ еңбек жағдайында жұмыс істеуі және заңда көрсетілген тәртіппен жұмыссыздықтан қорғалу құқына ие.

37-бап.



“Он сегіз жасқа толмаған тұлғалар еңбекке қатысты құқықты қатынастарда ересек қызметкерлермен тен құқылы, еңбекті қорғау, жұмыс уақыты, еңбек демалыстары және басқа да еңбек шарттары саласында олар үшін еңбек туралы заңдар мен басқа да нормативтік құжаттарда белгіленген қосымша жеңілдіктерді пайдаланады”.

240-бап.



Белсендіруші сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жоғарыдағы суреттерде бейнеленген балалар қандай істермен айналысып жатыр?
2. Конституцияның көлтірілген баптарымен таныса отырып, сенің теңдестерің осы кәсіптерден қайсыи бірінде істейі

мүмкіндігі туралы өз пікіріңді білдір. Пікіріңді негіздеуге әрекет жаса.

3. Егер теңдестерің осы кәсіптердің қайсысына іске кірсе, оған қандай жағдайлар жасалуы қажет болады деп ойлайсың?
4. Балалардың жастайынан еңбек етуге даярлық рудан қоғам мүдделі болуы мүмкін бе? Бұдан ұнамды және ұнамсыз жақтарын айтып беруге әрекет жаса.
5. Мектептегі оқуға кедергі жасамайтындаи етіп еңбекпен шұғылданып, өзің дербес ақша табуға мүмкіндігің бар деп ойлайсың ба?
6. Ақы төленетін қызметте жұмыс істейің үшін ата-анаңың разылығы болуы шарт деп есептейсің бе?
7. Сенің пікіріңше, еңбек етіп тапқан ақшаңды кім жұмсауы керек? Сен бе яки ата-анаң ба? Неліктен?

Мемлекетіміз Конституциясында әрбір жеке тұлға еңбек ету, ерікті мамандық таңдау құқына ие болса да, Өзбекстан Республикасы Еңбек кодексінің 77-бабына сәйкес, жұмысқа қабылдауға он алты жастан рұқсат етіледі. Он бес жасқа толған балалар ата-анасынан бірінің яки олардың орнын басушы адамның жазба түрдегі разылығымен, медициналық бақылаудан өткізіліп жұмысқа қабылданады.

Сонда да бұл жұмыс олардың денсаулығына және мінез-құлқына зиянын тигізбейтін, окуына кедергі жасалмайтын жеңіл болуы қажет.

Кәмелетке толмағанадарды еңбек етуге жұмылдырудан көзделген негізгі мақсат жастарды еңбекке даярлау және олардың кәсіп таңдауына тұрткі болу керек екенине назар аудары керек.

Ал, еңбекке тиісті құқықтық қатынастарда он сегіз жасқа толмаған



Еңбек заңдылығы бойынша 16 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға жұмыс уақыты аптасына 36 сағаттан, 15 жастан 16 жасқа дейінгі болған оқушылар үшін аптасына жиырма төрт сағаттан аспайтындаи етіп белгіленеді.

балалар ересектермен тең құқықты болады. Олар жұмыс уақыты, демалыстар және басқа еңбек келісімшарттары бойынша олар

үшін еңбек жөніндегі зандар мен басқа да нормативтік құжаттарда белгіленген қосымша және жеңілдіктерді пайдаланады. Оларға белгіленген нормадан артық жүк көтеру және тасуға жол қойылмайды. Сондай-ақ, оқудан бос кездерінде істеп жүрген оқушылардың жұмыс



Насыр ата-анасының, қамқорлық алу және демеушілік мекемесінің разылығымен шағын кәсіпорынға жұмыска орналасты. Біраз уақыт жұмыс істеген соң, ол жұмыстан босау туралы кәсіпорын басшысын ескертті және жазбаша түрде өтініш жазды. Кәсіпорын басшысы Насырдың өтінішіне қарсылық білдірді және ата-анасының өтінішін алып келуін сұрады

Сениң көзқарасың. Кәсіпорын басшысы дұрыс жол ұстанды ма ?

уақытының мерзімі он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі балалардың жұмыс уақытының ең көп мерзімінің жартысынан артып кетуі мүмкін емес. Балаларды түнгі жұмыстарға, жұмыс уақытынан тыс жұмыстарға және демалу күндеріндегі жұмыстарға қатыстырмау керек.

Бұдан басқа, жұмысты оқумен бірге жүргізіп жатқан кәмелетке толмағандарға жұмыс берушілер қажетті жағдайларды туғызып беруі керек болады.

Осы орайда, әрі оқып, әрі еңбек етуді қалайтын кәмелетке толмаған балаларға мемлекетіміздің еңбек занылығында бірталай жеңілдіктер берілгенін айтып өткен жөн. Атап айтсақ, қосымша демалысқа шығу, қысқартылған жұмыс аптасы сияқтыларды мысал ету мүмкін.

Егер жалпы білім беретін мектептерде оқып жүрген балалар апта-сына алты күн жұмыс істесе, оларға оқу жылының барысында кем де-генде отыз алты жұмыс күні мөлшерінде демалыс берілуі керек болады.

Жұмыстан босатылған уақыт үшін оқушыларға жұмыс орнында алатын орташа жалақы енбекақысының кемінде елу пайыздан кем болмаған мөлшерде жалақы төленеді.

Мектеп оқушылары үшін енбекақы сакталған қалыпта 11-сыныпта мемлекеттік емтихандарды тапсыру кезінде жиырма жұмыс күнінен кем болмаған демалыс беріледі.



Шеберхана бастығы 15 жарым жасар жасөспірімді дәнекерлеушиңің шәкірті етіп қабылдады. Медициналық байқауда дәрігер жасөспірімге өндірістік практиканы отеуге лайық деп анықтама береді. Бұл ушін б сагаттық жұмыс күні белгіленеді (арнаулы қосымша төлемесіз). Біраз мерзім өткен соң, прокурор жәрдемшісі еңбек заңдылығының сақталуын бақылау жолымен тексеру өткізіп, аудан прокуратурасы арқылы шеберхана бастығына жазбаша баяндама



жібереді де, шәкіртті басқа жұмысқа откізууді, жасөспірімдер еңбегін қорғау бойынша зандылықтың бірнеше бұзылған жағдайларын жоюды талап етеді.

1. Прокурордың талабы негізді ме?
2. Шеберхана әкімшілігі еңбек туралы заңнаманы бұзылған қандай жағдайлар пайдада болды?
3. Осыған үқсас жағдайларда зандылығымыз сот тарапынан құқықтық жауапкершіліктің қандай түрлері қамтылған ?

Мектептің сыныптан сыныпқа көшіру емтихандарын тапсыру кезінде орташа еңбекақысы сақталған қалыпта 4 күннен 6 күнге дейін жұмыстан босату белгіленеді.

Сыныптан сыныпқа көшіру үшін мектеп емтихандарын тапсырғанда жұмыс істеп отырған окушыға орташа еңбекақы сақталатын етіп, 4 күннен 6 күнге дейін істен босату шарасы белгіленеді.

Өзбекстан Республикасы жасы толмағандардың еңбекке тартылуын тәртіпке салу және балалар еңбегіне шек қою жөніндегі көп халықаралық зандық құжаттарға қосылған, 2008 жылғы 4 апрельдегі № ӨРЗ – 140 Занмен «Іске қабылдау үшін ең кіші жас туралы» Конвенциясын (Женева, 1973 жылғы 26 июнь), 2008 жылғы 8 апрельдегі № ӨРЗ – 144 Занмен «Балалар еңбегінің ауыр түрлеріне тыйым салу туралы» Конвенциясын (Женева, 1999 жылғы 17 июнь) бекіткен.

Қанатты сөздердің асыл қазынасынан!

Алтын мен күмісі жоқ адам — кедей емес, бірақ ақыл-есі мен кәсіп-өнері жоқ адам — кедей. (*Мажидиддин Хавофи*)

Шолу жаса!

Кез келген еңбек адамнан жеке қызметті талап етеді және адамның өзі оны іске асырады, сол себептен кез келген еңбекке жарамды жеке тұлға бір уақыттың өзінде құқықтық қабілетке және қатынас қабілетіне ие болуы мүмкін.

Шығармашылық жұмыс

Өзінді бір кәсіпорын басшысымын деп ойла. Саған 14 жасар және 16 жасар екі жеке тұлға жұмысқа орналасу үшін келді.

Сенің іс-әрекеттерің қандай болуы керек? Сен оларға қандай жұмыстарды ұсына аласың? Оларға қандай жағдай жасап бере аласың? Оларға қандай женілдіктер берген болар едің? Егер олар іstenен босау бойынша өтініш жасаса, қандай құжаттарды талап етесің?

Пысықтау және қайталу үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мемлекетіміз заңдылығына, сәйкес, кәмелетке жетпеген балаларды неше жастан іске алу мүмкін?
2. Он бес жасқа толған балалар іске қандай тәртіпте орналасады?
3. Кәмелетке жетпеген балалардың қандай жағдайларда еңбек етуіне жол берілмейді?
4. Еңбек туралы заңға сәйкес 16 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға жұмыс уақыты аптасына неше сағат, 14-тен 16 жасқа дейінгі балаларға неше сағат етіп белгіленеді?
5. Әрі оқып, әрі еңбек етуші кәмелетке толмағандарға заңдылығымызда қандай женілдіктер жасау қөзделген?
6. Бұл женілдіктер қалай белгіленетінін түсіндір?
7. Өзбекстан Республикасы кәмелетке жетпегендерді еңбекке жұмылдыруды тәртіпке салу және балалардың еңбекін пайдалануға жол бермеу бойынша қандай халықаралық құқықтық құжаттарды ратификация жасаған

Тарау бойынша қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өзбекстан Республикасы заңдылығы кәмелетке жетпегендерге қатысты қандай принципе негізделеді?
2. Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексі адамның толық әрекеттілікке жетуін неше жастан белгілеген?
3. Кәмелетке жетпегендердің жасынына қарай қабілеттің анықтауда нелерге мән берілген?
4. Егер кәмелетке жетпеген бала және оның ата-анасы жеке меншікке иелік етсе, олар бір-бірінің меншігін пайдалана алады ма?
5. Каңдай бұйымдар кәмелетке жетпегендердің жеке мүлкі бол есептеледі?
6. Кәмелетке толмағандардың қай жағдайда істеуіне жол берілмейді?
7. Еңбек туралы заңға сәйкес 16 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға жұмыс уақыты аптасына неше сағат, 14-тен 16 жасқа дейінгі балаларға неше сағат етіп белгіленеді?

Атауларға сәйкес анықтамаларды белгіле.

- | | |
|--|-----------------------------------|
| <i>1. Кәмелетке жетпегендерге</i> | <i>5. Айыппұл төлеу</i> |
| <i>2. Кәмелетке жеткен және
еңбекке жарамды перзенттер</i> | <i>6. Құлық түзету істері</i> |
| <i>3. Азаматтық құқық саласы</i> | <i>7. Бас бостандығынан айыру</i> |
| <i>4. Бас бостандығынан айыру</i> | <i>8. Кәмелетке жетпегендерге</i> |

а) Төмендегі негізгі жазалар: - айыппұл төлеу; - құлық түзету жұмыстары; - еркінен айыру.

б) жеке және заңды тұлғалар меншіктік және меншіктік емес қатынастарды және тауар-ақша қатынастарын тәртіпке салатын құқықты нормаларды қамтыған.

в) 16 жасқа толған, еңбекке жарамды кәмелетке толмағандарды еңбекке мәжбүри түрде қатыстыру.

г) бұл түрдегі жаза 16 жасқа толған, кәмелетке толмағандарға бір айдан үш айға дейінгі мерзімге тағайындалады.

д) қосымша жазалар мен өлім жазасына тартылмайды.

е) өз ата-аналарына қамқорлық жасауға мәжбүр.

ж) қылмыс жасаған адамнан мемлекеттің есебіне ақша өндіру

з) бұл жаза түрі кәмелетке толмағандарға қатысты 6 айдан 10 жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Тарау бойынша үлгі тесттер

- 1. Жасы 14-ке толмай, кәмелетке толмағандар төменде келтірілген қай қылмыстардың субъекті болуы мүмкін?**
 1. Өзінің қызмет бабын теріс пайдалану;
 2. Адам ұрлау;
 3. Бұйрықты немесе басқа бір шешімді орындау;
 4. Еркінен айыру орындарынан қашу;
 5. Көлік құралдарын ұрлау.

a) 1, 2, 3, 4, 5; б) 1, 3, 4, 5; в) 3, 4, 5; г) 2, 4, 5.
- 2. Эмансипация сөзі нені білдіреді?**
 - а) Латын тілінен алынған, тең құқықтылыққа жету, басыбайлылықтан құтылу деген мағынаны білдіреді;
 - б) Бұл сөз жауапкершіліктің бір түрі, оған жасы 16-ға толған адамдар тартылады;
 - в) Латын тілінен аударғанда «корғаушы», «ақтаушы» деген мағыналарды білдіреді;
 - г) француз тілінен аударғанда «қаралаушы» деген мағынаны білдіреді.
- 3. Кәмелетке толмаған адамдар қандай жағдайларда толық қатынасқа ие болады?**
 - 1) Соттың шешіміне сәйкес эмансипация етілген соң;
 - 2) Кемелетке жетпегендердің толық әрекет істеуге бейімділігі жок;
 - 3) Жасы 18-ге толмай, занды түрде некелескен азамат некелесу күнінен бастап толық әрекеттенуге құқылы
 - 4) Кәмелетке толмаған адамдар белгілі бір мекемемен еңбек келісімшартын жасаған соң.

a) 1, 2; б) 2, 3; в) 1, 3; г) 1, 4.
- 4. Еңбек кітапшасы жұмысқа алғаш рет кіргенде жұмыс басталғаннан күннен неше күн кешіктірмей толтырылуы керек?**

a) 1 күн; б) 3 күн; в) 5 күн; г) 7 күн.
- 5. Мыналардың арасынан кімге сынақ мерзімін белгілеуге болмайды?**
 - 1) Жүкті әйелдерге;
 - 2) Жасы 3-ке дейін болған перзенті бар әйелдерге;

- 3) Қосымша қызмет істеп отырған адамдарға;
- 4) Көп балалы аналарға;
- 5) Әкімшіліктің бастамасымен басқа іске көшірілген адамдарға;
- 6) 6 айлық мерзім ішінде еңбек шартын жасаған қызметкерлерге.
 - a) 1, 2, 3, 4, 6; б) 1, 2, 3, 5, 6;
 - в) 1, 2, 3, 4, 5, 6; г) 1, 2, 4, 5, 6.

6. Жұмысқа орналасу кезінде әкімшілікке қандай құжаттар тапсырылады?

- 1) Жасы 12-ден 14-ке дейінгі балалар үшін: әке-шешесінің бірінің немесе олардың орнын басатын адамның жазбаша ризалығы, оқу орнынан берілген анықтама, денсаулық жөніндегі күелік, әскери билет немесе әскери есепке алынғаны туралы күелік;
 - 2) Жасы 16-дан 18-ге дейінгі болған адамдар үшін: әке-шешесінің бірінің немесе олардың орнын басатын адамның жазбаша ризалығы, оқу орнынан берілген анықтама, денсаулығы жөніндегі күелік, паспорт немесе туылғандығы туралы күелік, тұрғылықты жерінен анықтама;
 - 3) Жасы 18-де, одан да үлкен адамдар үшін: паспорт, еңбек кітапшасы немесе соңғы уақытта немен шұғылданғаны жөнінде тұрғылықты жерден алынған анықтама;
 - 4) Жасы 14-15 аралығындағы балалар үшін: әке-шешесінің бірінің немесе олардың орнын басатын адамның жазбаша ризалығы, оқу орнынан берілген анықтама және денсаулығы жөніндегі анықтама, туылғандығы туралы күелік.
- а) 1, 2, 3, 4; б) 2, 3, 4; в) 1, 3, 4; г) 1, 2, 4.

7. Жасы 18-ге толмаған адамдарға неше құнтізбелік қүнге тең жылдық ұзартылған демалыс беріледі?

- а) 10 құнтізбелік қүнге тең; б) 15 құнтізбелік қүнге тең;
- в) 20 құнтізбелік қүнге тең; г) 30 құнтізбелік қүнге тең.

8. Кемелетке толмаған адам жұмысқа орналасты дейік. Бір ай өтпестей ол директорға жұмыстан босау жөнінде арызын берді.

- а) ӨЗР Конституциясының 37-бабына сәйкес, мәжбүрлік еңбекке тартуға тыйым салынады, сондықтан үйымның бастығы кемелетке толмаған адамның арызына қол қоюға міндетті;
- б) кемелетке толмаған адамның әке-шешесінен немесе олардың орнын басатын адамдардан макұлдаушы құжат талап етіледі;

- в) қамқорлықта алу немесе қайырымдылық жасау бойынша жергілікті комитеттермен келісіп шешу керек;
 - г) еңбек туралы заңнамаға сәйкес, кәмелетке толмаған адамды жұмыстан босату үшін оның әке-шешесінің немесе олардың орнын басатын адамның ризалығын алу керек.

9. Мыналардан әкімшілік жауапкершілік түрлерін көрсет.

- a) Айыппұл, белгілі бір құқықтан айыру, құнын төлеу шартымен шикізатты алып қою;
 - б) Айыппұл, белгілі бір құқықтан айыру, түзеу істері, қызмет бабына шек қою;
 - в) Сөгіс;
 - г) Айыппұл, еркінен айыру.

10. «Аң аулау құқығынан айыру»— жауапкершіліктің қай түріне жатады?

- а) Әкімшілік; б) Тәртіптік;
в) Қылмыстық-тәртіптік; г) Азаматтық.

11. Егер жасы толмай, кемелетке толмаған адам жұмысқа жүкші болып орналасқан болса, онда оған бір уақытта ауырлығы қандай және неше жүкті көтеруге болады?

- а) 10 кг; б) 5 кг; в) 4,1 кг; г) 7 кг.

12. Әкімшілік ұстап түрудың мерзімі неше сағат болуы мүмкін?

- a) 12 сағаттан көп емес;
б) 3 сағаттан көп емес;
в) 24 сағаттан көп емес;
г) 3 тәуліктен көп емес.

13. Егер 16 жас, немесе жасы 18-ге толмай, кемелетке толмаған адам өте ауыр қылмыс жасаған болса, онда оны еркінен неше жылға айыруға болады?

- а) 12 жылға; б) 15 жылға;
в) 10 жылға; г) еркінен өмір бойы айыруға.

14. Өзбекстан Республикасының Конституциясында көрсетілген, барша азаматтар еңбек етуге міндетті дейтін бапты табындар.

- а) 6- бапта; б) 37- бапта;
в) 41- бапта; г) мұндағы бап жоқ.

15. Заңға қайшы іс-әрекет немесе әрекетсіздік қалай аталады?

- а) Қылмыс;
б) Өкімшілік қызмет;
в) Тәртіп бұзы;
г) Азаматтарға жарамсыз әрекет.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МИНДЕТТЕРИ

- 14 жасқа толмаған кәмелетке толмағандардың (жас балалардың) яки қамқорлықта болған азаматтардың заңды өкілдері — ата-аналары, перзенттікке алушылары яки қамқоршыларының жасайтын мекенжайы кәмелетке толмағандар немесе қамқорлықтағы азаматтардың мекенжайы болып саналады.
- Азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оларды іске асыруға, өзі үшін азаматтық борыштарын тудыруға және оларды орындауға жарамдығы (әрекеттілігі), ол кәмелетке толған соң, яғни 18 жасқа толған соң толық көлемде жүзеге асады.
- 18 жасқа толмай неке бұзылса да, әрекеттілігі толық сақталып қалады. Бірақ неке шынайы емес деп табылғанда, сот кәмелетке толмаған ер (әйелі) сот белгілеген кезден бастап толық әрекеттілігін жоғалтқандығы туралы қаулы қабылдауы мүмкін.
- 18 жасқа толмаған, кәмелетке толмағандар жасаған бітімдер өз ата-анасы, перзенттікке алушылары яки демеушілерінің жазба рұқсатының түзілгенде ғана жарамды деп саналады.
- 14 жастан 18 жасқадейінгі кәмелетке толмағандар ата-аналары, перзенттікке алушылары яки демеушілерінің жазба рұқсатының төмендегілерді дербес жүзеге асыруға құқылы:
 - өз жалақысы, стипендиясы, тағы басқа табыстарын иеленуге;
 - ғылым, әдебиет яки өнер түйндысының, жаңалық ашудың немесе интелекттік қызметінің заңмен қорғалатын авторы болуға құқықын іске асыруға;
 - заңға сәйкес несиелік (кредиті) мекемелерге жинақ ақшасын салуға және оларға иелік етуге;
 - ұсақ тұрмыстық бітімдерді, тегін мұдде көруге бағытталған, нотариалдық бекітуді яки мелекеттік тіркеуден өткізуіді талап етпейтін бітімдер, заңды өкіл яки оның ризылығымен үшінші тұлға тарапынан кейбір мақсат яки еркін иелік ету үшін берілген қаржыларды иеленудегі келісімдер жасау;
- 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жоғарыдағыларға сәйкес өздері жасаған келісімдер бойынша дербестурдежауапкер болады.
- Сот ата-аналардың, перзенттікке алушылар немесе демеушілердің негізінде өтініштері бар жағдайда, олардың өтінішіне сәйкес 14

жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың өз жалақысы, стипендиясы, немесе басқа табыстарына дербес иелік ету құқығына шек қоюға яки бұл құқықтан айыруы мүмкін.

- 16 жасқа толған кәмелетке толмаған жеке тұлға еңбек келісім-шарты бойынша жұмыс істеп жатқан болса, немесе ата-анасы, перзенттікке алушылары яки демеушілердің разылығымен іскерлік қызметімен айналысатын болса, ол толық әрекет етуге бейімді деп жариялануы мүмкін.
- Кәмелетке торлмағандардың толық еңбекке жарамды деп жариялануы — эмансипация соттың шешімімен іске асырылды. Мұнда кәмелетке толмаған жеке тұлғаның міндеттері бойынша, атап айтқанда ол жеткізген шығынның салдарынан тұған міндеттемелері бойынша ата-анасы яки олардың орнын басушылар емес, оның өзі толық жауапкер болады.
- Бала мұддесіне қайши болған жағдайлардан басқа, әрбір бала жанұяда жасау және тәрбиелену, өз ата-анасын білу, олардың қамкорлығын пайдалану, олармен бірге жасау құқына ие.
- Бала өз құқығы және заңды мұддесін қорғау құқына ие. Баланың құқы және заңды мұддесін оның ата-анасы, ата-анасы жоқ болса, ата-анасының орнын басушылар, қамқоршылар және демеуші кеңселері прокурор, сот іске асырады.
- Жанұяда баланың мұддесіне тиісті кез келген мәселе шешіліп жатқанда, бала өз пікірін білдіруге, сондай-ақ, кез келген сот талқылауы яки әкімшілік талқылау кезінде сөз айтуға құқылы. Баланың әкесінің есімі ата-ананың келісімімен, әкесінің есіміне қарай беріледі.
- Баланың фамилиясы ата-ананың фамилиясына қарай белгіленеді. Ата-ана түрлі фамилияларда болғанда, ата-ананың келісімі бойынша балаға әкесінің не шешесінің фамилиясы беріледі. Ата-ананың қалауынша балаға әке яки анасы жағынан ұлттық дәстүрлер бойынша арғы атасының есімі бойынша фамилия берілуі мүмкін.
- Баланың есімі мен фамилиясын ата-анасының бірге жасаған өтініші бойынша 16 жасқа толғанша баланың мұдделерін сақтаған жағдайда (әкесі яки шешесінің фамилиясына) өзгертуге болады. 16 жасқа толған баланың есімі я фамилиясын өзгерту тек оның разылығымен іске асырылады.

- Кәмелетке толмаған балалар заңда белгіленген тәртіп бойынша сый, мұра ету жолымен алған мал-мұлқі, сондай-ақ, өз еңбегі мен іскерлік қызметінің нәтижесінде арттырған мал-мұлқі олардың жеке меншігі саналады.
- Кәмелетке толмағандардың жеке пайдаланатын бүйымдары (киім-кешек, еңбек құралдары, оқу жабдықтары, тағы басқалар) олардың жеке меншігі саналады.
- 18 жасқа толмаған тұлғалар еңбекке тиісті құқықтық қатынастарда үлкен жастағы қызметкерлермен қатар тең құқылы болады.
- 16 жастан 18 жасқа дейінгі қызметкерлерге аптасына отыз алты сағаттан аспайтын жұмыс күні белгіленеді.
- 15-16 жасқа дейінгі (демалыс кезінде істеп жатқан 14 жастан 16 жасқа дейінгі оқушылар үшін) жеке тұлғалар үшін аптасына жиырма төрт сағаттан аспайтын жұмыс күні белгіленеді.
- Әкімшілік жауапкершілікке әкімшілік құқықбұзушылық істеген кезде 16 жасқа толған жеке тұлғалар тартылады.
- Қылмыс істенге дейін 13 жасқа толған жеке тұлғалар жауапкершілікті ауырлататын жағдайларда қасақана адам өлтіргені (ҚҚ 97-бабының 2 бөлімі) үшін қылмыстық жауапқа тартылады.
- Қылмыс жасағанға дейін 14 жасқа толған тұлғалар төмендегі қылмыстар үшін жауапқа тартылады:
 - қасақана адам өлтіргені,
 - әдейі денеге ауыр, орташа жаракат жеткізгені,
 - намысқа тию,
 - қажетсінуін зорлық-зомбылықпен жасанды жолмен өтеу,
 - адам ұрлау,
 - басқыншылық, алаяқтық, талан-тараждық,
 - мұлікті қастандықпен қирату яки түзетуге болмайтындей етіп зиян келтіру,
 - еркінен айыру, орындарынан қашу,
 - оқпен атылатын қару, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар немесе жарылғыш құрылымдарды, радиоактивтік материалдарды заңға қайшы иемдену,
 - теміржол, теңіз, өзен, әуе транспорты құралдарын яки байланыс

желілерін жарамсыз қалыпка келтіру,

- көлік құралын алып қашу,
- есірткі яки психотропты заттарды занға қайшы түрде иемдену,
- айыпты ауырлататын жағдайда бұзақылық жасау.

"ӨЗБЕКСТАН МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІНЕН" МЫСАЛДАР

1. Мектепті радио мамандығын менгерген оқушы, зауытка жұмысқа кіріспес алдын зауыт оған неше сағаттық жұмыс уақытын белгілеуі керек деген мәселені шешу үшін Өзбекстан Республикасы Конституациясына жүгінді, бірақ Конституциядан сұраққа жауап таба алмады. Жас жұмысшы қайсы заңдан жауап таба алады? Конституция неге негізгі заң дейіледі?

2. Өзбекстан Конституациясының 9-бабында қоғам мен мемлекеттің тіршілік етуінің ең маңызды мәселелері бүкілхалықтық талқылауға ұсынылады, жалпыға бірдей дауысқа (референдумға) қойылады, деп көрсетілген. Айтшы, нелер бүкілхалықтық сайлаумен шешіледі?

3. Өзбекстан Республикасы құрама командасының мүшесі Н. енді ғана 18 жасқа толып, өмірінде бірінші рет сайлауға қатысуға тиісті еді. Бірақ жарысқа қатысу үшін басқа қалаға кетуге мәжбур болғандықтан, Н. сайлауға қатыса алмаймын деп өкінді.

Айтшы, Н. сайлауға қатыса ала ма? Егер қатысатын болса, қандай түрде өз құқын іске асырады?

4. Республика Конституациясы және меншік туралы заң азаматтардың жеке меншікке деген иелігін білдірді, тұрғын үй де жекешелендірілді. Осы заңды пайдаланып, азамат М. үйінің бөлмелерін өзіне ұнайтын түрде өзгерту жұмыстарын бастады, кей қабыргаларды алып таstadtы, екі бөлмеден үлкен бір бөлме жасады, асхананы балконға көшірді. Үй басқармасының қызметкерлері М-ға ескерту жасап, барлық бөлмелерді ескі қалпына келтіріп қоюды бұйырды. Бұл үйде басқалар да тіршілік ететінін оған ұқтырды.

Айтшы, кімнің істегені дұрыс?

5. М. есімді азамат Яккасарай ауданының прокуратурасына, көршісі С. өз серігімен бірге қылмыс жасауға дайындық көріп жатыр деп хабарлады. Прокурор тергеушіге С.-ны тұтқынға алуды бұйырды.

Айтшы, прокурор дұрыс бұйрық берді ме?

Тергеуші Конституцияның қайсы бабына қарсы қымыл жасады?

6. О. есімді азамат жұмыстан шығып үйіне келгенде, кей бұйымдарының ұрланғанын көрді. Ұры осы махаллада жасайтын М. екендігіне көзі жеткен соң, оның есігін бұзып, үйінен мал-мұлқін алдып кетті.

Айтшы, О. Конституцияның қайсы бабына қайшы қымыл жасады? Ол қалай істесе заңды болатын еді?

7. 15 жасар техникум студенттерін курстастары Шухрат пен Ағзам туған күндеріне шақырған еді. Стол үстінде 1 бөтелке спиртті ішімдікті көрген Батыр «Неге спиртті ішімдік қойдындар, бізге ішуге болмайды. Бұған бола, айыппұл төлетеді», — деді.

— Қойшы, егер біз көшеде, қоғамдық орындарда ішсек айыппұл төлетеді, ал біз өз үйіміздеміз той, — деді Баҳадыр.

— Екеуіндікі де дұрыс емес,— деді Баҳрам. — Бізге спиртті ішімдіктер ішуге әсте болмайды. Қай жерде ішілсе де бәрібір бұған бола ата-аналарымызға айыппұл төлетеді.

Кімдікі дұрыс?

8. Әлішер орманға аң аулайтын мылтығын әкелді. Орман маңында ол екі қазды көріп, оларды атып өлтірді. Сол заматта тәртіп бұзушыны орман қорушысы ұстап алды да тиісті мекемеге тапсырды.

Орманды қадағалаушы инспекция Әлішерге орман шаруашылығының аң аулау тәртіптерін бұзғандығы үшін төмендегі шараларды қолданды: айыппұл төлеу 10000 сум, мылтығын тәркілеу, өлтірген қаздарды алды қалу және 18000 сумға тең ақша төлеу.

Әлішер қандай түрдегі жазаға тартылады?

9. Мектептің біртопокушылары табигатты қорғау жұмыстарымен айналысадын еді. Мектеп төңірегіндегі суда зиянды заттар ағатынын көріп, балықты қадағалаушы инспекцияға хабар берді.

Ауыр салдарлардың алдын алу шаралары тез анықталғанын ескеріп, бұл іс ластанған заттарды суға ағызған кәсіпорынның

лауазымды адамдарына әкімшілік жаза қолданумен бітті.

Төмендегі әкімшілік жазаның қайсысын бұл мысалда қолдануға болады? Кейбір азаматтар мұндай тәртіп бұзушылық істесе, қандай шаралар қолданылады?

Егер көп мөлшерде балықтар жойылып кеткен болса, кәсіпорын басшыларына қандай шаралар қолданылатын еді?

А) айыппұл; Б) құлық түзету істері; В) тәркілеу.

10. А. есімді қызметкер жұмыстан босау туралы «өз қалауынша» деп өтініш жазды. Біраз уақыт өткен соң, директор шақырып өтінішті қайтадан жауды және босау себебін көрсетуді талап етті. А. бұған көнбеді.

Мұндай жағдайда кімдікі дұрыс?

11. Т. есімді жүргізуіші өз міндетіне немкүрайды қарағаны үшін қымбат бағалы аспапты жарамсыз етіп қойды. Кәсіпорын басшысы оған сөгіс жариялаумен бірге келтірілген шығының орнын толтыру, айыппұл төлеу шараларын қолданды. Т. көнбеді.

Әкімшіліктің әрекеті заңды ма?

12. Жұмыс уақытының аяқталуына бір сағат қалғанда, 17 жасар М. жұмыстан қайту үшін есіктің алдына келгенде, бөлім бастығы: «Әлі ерте емес пе?» деп сұрады.

Бөлім басшысы Өзбекстан Республикасы Еңбек туралы кодексінің кайсы бабын білуге міндетті.

13. 16 жасар қызметкер С. 6 ай істеген соң, оған еңбек демалысын беруді басшыдан сұрады. Басшы С-тің жұмыс істегеніне әлі 6 ай толмағанын есепке алып, демалыс бермеді.

Басшының іс-әрекеті еңбек заңына қайшы келе ме, әлде келмей ме?

14. Еңбек туралы кодексте төменде көрсетілген қызметшілерге қайсы түрдегі (қысқартылған, толымсыз) жұмыс мерзімін қолдану

көрсетілген:

- А) сырқат шешесіне қараған қызметкерге;
- Б) 16 жасар қызметкерге;
- В) жас баласы бар қызметкерге;
- Г) зиянды өндірісте істейтін қызметкерге;
- Д) өндірістен қол үзбей оқитын қызметкерге.

15. Цех бастығы 16 жасар жұмысшыны жұмыстан тыс, жұмыс істеуі туралы бұйрық беріп, екі апта жұмыс істеуін сұрады. Бірақ жұмысшы келіспеді. Цех бастығы оған сөгіс жариялады.

- А) Осы жағдайда цех бастығының ісі занды ма?
- Б) Занды болмаса, жұмысшы қайда барып шағым жасауды мүмкін?

16. Ф. есімді азамат бірнеше күн бойы өз үйінің терезесі арқылы екі жасөспірім көршісінің автокөлігінің төнірегінде жүргенін көрді. Бір күні ол көршісінің көлігінің екі доңғалағы ұрланғанын білді. Көршісінің «Кім ұрлады?» — деп күйіне сұрағанына, Ф.: «Кім алатын еді, сол екі өспірім ұрлаған да», — деді.

Ф. дұрыс айтты ма? Егер күмәнданған болса, кімге барып шағым жасауға тиісті еді?

17. Шавкаттың әкесі үздіксіз арақ ішкіш болып алды. Бір күні ол 8-сыныпта оқитын баласына күшпен арақ құйып берді. Шавкаттың көзі тұнып, аузы абын бол, шыдай алмай көшеге қашып шығып кетті. Оны көрген милиция қызметкери іс жүргізетін жазбаларында тәртіп бұзғандығын көрсетті. Таңертең Шавкаттың әкесін милиция бөліміне шақырып, оған жазага тартылатынын айтты.

Шавкаттың әкесіне қандай жаза қолданылады? Мұнда тәртіп қалай бұзылды?

18. Әжесі басқа мемлекетке көшіп кету себебімен 12 жасар немересіне тұрғын үйін сыйға тартты. Немересі ол үйді бір нәрсеге алмастырмақшы болды? Алмастыруға құқылы ма? Азаматтың заңнама бұл құқықтық қатынасты занды деп тани ма?

- А) Иә, құқығы бар, ол меншіктің иесі;
- Б) Жоқ, оның жасы әлі 18-ге толған жоқ.

КЕЙБІР ЗАҢДЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ТҮСІНДІРМЕЛІ СӨЗДІГІ

АДВОКАТ — (лат) айыпталушының қорғаушысы, сotta бір жеке тұлғаның ісін жүргізетін, құқықтық мәселелер бойынша мәслихаттар беретін занды қызметкөр.

АЙЫПТАЛУШЫ — қылмыстық жауапкершілікке қатысы бар тұлға.
АЛАЯҚТЫҚ — алдау және басқа жолдармен өзгенің мүлкін пайда күнемдік мақсатында иелену.

АМНИСТИЯ — сottалғандардың бір бөлігін заң негізінде бутіндей не- месе жартылай еркіне босатып жіберу.

АППЕЛЯЦИЯ — шағымдану, наразылық білдіру.

АРБИТР — жақтар арасындағы келіспеушілікті сотсыз жоятын, ымыраға келтіретін, әділ делдал.

АУДИТОР — коммерциялық банктердің қызметтін тексеруге өкілеті бар адам.

АНТ — ант ішу, бір нәрсені орындауға ресми немесе салтанатты түрде уәде беру, шын берілгендей.

ӘДІЛЕТ (ЮСТИЦИЯ) — сottaу ұйымдарының қызметтін білдіретін кең мағыналы құқықтық ұғым.

БҰЗАҚЫЛЫҚ — қоғамдық ережелерге әдейі құрметсіздік білдіріп ұрып- соғу, денесін жаракаттау.

БАСЫБАЙЛЫ БОЛУ — белгілі бір тұлғаның өз мүлкін өзге тұлғаның пайдасына тегін беру шарты.

БАСҚЫНШЫЛЫҚ — біреудің мал-мүлкін талан-тараж ету мақсатында шабуыл жасау, денесін жаракаттау.

БҮЙРЫҚ — мемлекеттік басқару құжаттарының бір түрі. Бірлестік — бір істі бірлесе жүзеге асыру мақсатында бірлескен адамдардың карым-қатынасы, серіктестік ұйымдары.

ДЕМАЛУ ҰАҚЫТЫ — қызметкөр еңбек міндеттерін орындаудан бос және оны өз қалауынша пайдалану мүмкін болған уақыт.

ДЕКЛАРАЦИЯ — (лат.) баяндама, табыстары мен байлықтары туралы салық төлеуге ұсынылған жеке тұлғаның арызы.

ЖАРЛЫҚ — мемлекеттің басшысы шығарған құжат.

ЖАУАПКЕРШІЛІК — орынсыз іс-әрекеті үшін жауап беруді талап ететін жәйт.

ЖӘБІРЛЕНУШІ — қылмыстық әрекет нәтижесінде зиян-залал шеккен тұлға.

ЖАЗА — құқық бұзушы деп табылған жеке тұлғаға мемлекет тарапынан сот билігімен қолданылатын, белгілі құқықтар мен бостандықтардан айыру болып саналатын мәжбүрлік шара.

ЖАЛПЫ МУЛІК — зандылық бойынша екі немесе одан артық тұлғаға тиісті мұлік.

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ САЙЛАУ ҚҰҚЫҚЫ - занда белгіленген жасқа жеткен барлық азаматтар өкіметтің өкілдік мекемелерін сайлауларға қатысу құқықын беретін сайлау құқықының жүйесі.

ЖЕКЕ ШЫҒАРЫМ — сот талқылауы кезінде үкіммен бір уақытта шығарылатын қаулы.

ЖЕКЕ ТҰЛҒА ДЕРБЕСТИГІ — азаматтардың өздеріне тән конституциялық жеке құқықтары мен еркіндіктердің бірі.

ЗАҢ — мемлекеттік өкіметтің жоғарғы мекемесі белгілеген тәртіpte қабылданатын акт.

ЗАНДЫҚ (ҚҰҚЫҚТЫҚ) АКТ — мемлекеттік мекемелердің лауазымды тұлғалары тарапынан өз өкілеттіктері шеңберінен шықпай шығарылатын жарлық.

ЗАНДЫҚ (ҚҰҚЫҚТЫҚ) ЖАУАПКЕРШІЛІК — жазалау, зандылықты, міндеттерді бұзған жеке тұлға, айыпкерге қатысты занда көзделген санкцияларды қолдану.

ЗАНДЫҚ (ҚҰҚЫҚТЫҚ) ФАКТИЛЕР — құқытар мен міндеттерді жасау мен, езгерту мен яки жокқа шығаруға байланысты жағдайлар.

ЗАНДЫҚ (ҚҰҚЫҚТЫҚ) ТҰЛҒА — азаматтық құқықтары және міндеттері бар нақты субъект.

КУӘ — болған оқиғаны өз көзімен көрген, білгендерін айтып беру үшін сотқа шақырылған кісі.

КУӘЛІК — бір оқиға, құбылыс немесе бар мән-жайды бекіту (макұлдау), оған күәлік беру мақсатында бірнеше кісілер тарапынан жасалған құжат

КОДЕКС — (лат.) құқықтың бір тармағына тиісті зандық қағидалар жинағы.

КОНСТИТУЦИЯ — (лат.) құрылыш, мемлекеттің негізгі заңы. Ол елдің әлеуметтік-саяси, мемлекеттік құрылышы, мекемелер жүйесі, азаматтардың негізгі құқықтары мен борыштарын білдіреді.

КОНВЕНЦИЯ — (лат.) бітім, көп жақты халықаралық келісім-шарттардың бір түрі.

КОНТРАБАНДА — (контр және бандо) заттарды мемлекетке зансыз

жолмен алып келу.

КЕЛІСІМ-ШАРТ — екі немесе бірнеше жеке тұлға арасындағы өзара міндеттерді белгілеу, оларды өзгерту немесе жою туралы бітім.

КЕК — айып түрлерінің бірі. Мұнда қылмыскер өз қылмысының әлеуметтік қауіпті екендігін біледі, зиянды салдарларын көреді және оған саналы түрде қол ұрады.

ҚЫЛМЫС — заңмен тыйым салынған, жазаға лайық, әлеуметтік қауіпті қылыш (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп есептеледі.

ҚАНАҒАТСЫЗДЫҚ — материалдық мұдделілік, ашқөздік, дүние артыру жолында істелген қылмыстық әрекет.

ҚҰҚЫҚ — мемлекет тарапынан белгіленген және қорғалатын заңды қағидалар жүйесі.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАС — қатысушылардың құқықтары мен борыштарын белгілейтін, заңдық нормалар ретке келтіретін әлеуметтік өзара байланыстар.

ҚОСЫМША ИСТЕУШІ — орындарда негізгі жұмыспен бірге басқа ақылылауазымда істеу.

ЛИЦЕНЗИЯ — (лат.) азаттық, құқық, рұқсат ету. Мәселен, ойлап табылған нәрсе үшін берілетін техникалық құжат, саудамен шұғылдану үшін берілетін рұқсатнама.

МҰРА — дүниеден өткен адамның мүлкінің өз туыстарының және басқа жақын кісілерінің ықтиярына өтуі.

НОТАРИУС — нотариалдық әрекеттерді жүзеге асырушилауазымды тұлға, мемлекеттің өкілі.

ОЖДАН ЕРКІНДІГІ — бұл азаматтардың қалаған дінге сену немесе ешқандай дінге сенбей күкікі.

ӨЛІМ ЖАЗАСЫ — қылмыстық жазаның ең ауыр шарасы. Бұл жаза уақытша сипатқа ие болған, төтенше жаза шарасы бол саналады.

ОБЛИГАЦИЯ — бағалы қағаздар түрі, оның иесі алдын ала белгіленген мөлшерде жылдық табыс алып тұрады.

ӨСИЕТ — мал-мұлікті мұрагерлеріне мұра етіп қалдыру туралы өсиет мәтіні жазылған құжат.

ПАРЫЗ—(араб)борыш, міндеп; барлық мұсылмандар орындауға міндепті болған талаптар мен нормаларды білдіретін діни құқықтық категория.

ПАТЕНТ — белгілі мерзімі шінде кез келген қызметпен шұғылдану үшін берілген құжат.

ПАРИТЕТ — (латын) теңдік, түрлі мемлекеттердің ақша бірлігі немесе салмақ өлшеміндегі сәйкестік.

ПЕНЯ — міндеттін өз уақтында орындалмағаны үшін берілетін санкция, төлемақы өсімі.

ПОШЛИНА — мемлекет және басқа мекемелер тарапынан орындалған ділгірліктер үшін өндірілетін ақша жиынтығы, баж.

РАДДИЯ — бір хабарды немесе мағлұматты теріске шығаратын, дұрыс емес екенін дәлелдейтін ресми баяндама.

РЕПЛИКА — (лат.) қайталаймын, жауап беремін. Қақпа сөз, қысқа пікір, карсылық, жауап. Мәселен, сот барысында ақтаушы мен қаралаушы арасындағы қайшылықтар.

САНКЦИЯ — құқық бұзушыға қатысты мемлекет тарапынан қолданылатын сақтық шарасы.

СЕССИЯ — (латын) мәжіліс, кеңес, өкілетті органдардың ұйымдастырушылық -құқықтық қызмет түрі.

СУБСИДИЯ — (лат.) субсидиум — жәрдем, мемлекеттік бюджет есебінен жергілікті әкімшілік мекемелері, занды және жеке тұлғаларға берілетін жәрдем.

СҰРАҚ — тергеу, сұрастырып білу және сот мәжілісінде жеке тұлғадан нұсқау мен түсінірме алу құралы.

ТАЛАПКЕР — өзінің азаматтық құқын қорғау үшін сот арқылы арыз жасаған адам.

ТЕРГЕУ — бір оқиғаның себебін және айыпкерді анықтауга бағыт- талған қызмет.

ТЕРРОРИСТИК АКТ — мемлекет қауіпсіздігіне қарсы, конституциялық жүйенің негіздеріне қарсы бағытталған қылмыс.

ІЗДЕУ — тергеу, сұрастыру мекемесі және ішкі істер мекемелерінің жасырынып жүрген айыпкерді, жазадан қашқан тұтқынды, із-түзсіз жоғалған адамды табуға бағытталған шаралар кешені.

ЭКСПЕРТИЗА — белгілі мәселерді экспертердердің тексеріп көруі.

ЭКСТЕРНАТ — (лат.) сыртқы, оқу орнында оқымайтын жеке тұлғалар үшін оқу курсы бойынша емтихандар тапсыруға белгіленген тәртіп.

ЭМАНСИПАЦИЯ — (лат.) қанау мен езгіден, тәуелділікten құтылу, тең құқықтылыққа жету, бостандыққа шығу.

ЮРИСКОНСУЛЬТ — (лат.) құқықтанушы, занды қызметкер.

ҮКІМ — айыпталушины айыптау немесе ақтау туралы соттың қаулысы.

МАЗМУНЫ

Кіріспе	3
1-тақырып. Өзбекстан Республикасы — тәуелсіз мемлекет.....	4

I ТАРАУ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ

2- тақырып. Тұлға	10
3- тақырып. Қоғам	15
4- тақырып. Мемлекет	20
5- тақырып. Мемлекеттің функциялары	25
6- тақырып. Мемлекеттің басқару формасы	30
7- тақырып. Мемлекеттің құрылу формасы	35
8- тақырып. Саяси тәртіп (режим). Мемлекеттік органдар.....	
Мемлекет механизмі.....	40
<i>Тарay бойынша үлгі тесттер</i>	46

II ТАРАУ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

9- тақырып. Азаматтық қоғам	48
10- тақырып. Құқықтық мемлекет	53
<i>Тарay бойынша үлгі тесттер</i>	58

III ТАРАУ ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТ БАСҚАРУЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

11- тақырып. Өзбекстан Республикасында мемлекет басқаруы	60
12- тақырып. Өзбекстан Республикасының Президенті	65
13- тақырып. Өзбекстан Республикасында заң шығарушы орган	70
14- тақырып. Өзбекстан Республикасының атқарушы билік органдары.....	75
15- тақырып. Өзбекстан Республикасының сот жүйесі	80
<i>Тарay бойынша үлгі тесттер</i>	86

IV ТАРАУ

ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ. ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР

16- тақырып. Құлыш және құқық.....	90
17- тақырып. Құқық нормалары	95
18- тақырып. Құқық салалары	100
19- тақырып. Құқықтық қатынастар	105
20- тақырып. Өзбекстан Республикасы заңының дереккөздері	110
21- тақырып. Құқықтық сана мен құқықтық мәдениет.....	115
<i>Тарay бойынша үлгі тесттер</i>	121

V ТАРАУ

ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ЖАУАПКЕРЛІК

22- тақырып. Құқықбұзушылық.....	124
23- тақырып. Занды жауапкерлік	129
24- тақырып. Құқықты қорғайтын мемлекеттік органдар	134
25- тақырып. Әділет министрлігі. Адвокатура және нотариалды кеңселер	140
26- тақырып. Қарулы Күштер және жастарды әскери отансүйгіштік рухында тәрбиелеу	146
<i>Тарay бойынша үлгі тесттер</i>	152

VI ТАРАУ

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, БОРЫШТАРЫ

27- тақырып. Азаматтық зандылықта кәмелетке толмағандардың құқықтары	154
28- тақырып. Қылмыс зандылығында кәмелетке толмағандардың құқық және міндеттері	159
29- тақырып. Жануя туралы заңнамада кәмелетке толмағандардың құқық және міндеттері	164
30- тақырып. Еңбек туралы заңнамада кәмелетке толмағандардың құқықтары	169
<i>Тарay бойынша үлгі тесттер</i>	175
Косымша: Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері	178
“Өзбекстан мемлекеті және құқық негіздерінен” мысалдар	181
Кейбір занды атаулардың түсіндірмелі сөздігі	185

ISBN
УО'К
BBK

ОМИНА АБДУРАХИМОВНА КАРИМОВА
НАРГИЗА ҚАМАРИТДИНОВНА ИСМАТОВА
ШУХРАТБЕК ЕРГАШЕВИЧ САРИКОВ
ОМИНА ЕРГАШЕВНА АМАНОВА

O'ZBEKISTON DAVLATI VA HUQUQI ASOSLARI

(Қозоқ тилида)

*O'zbekiston Respublikasi Xalq ta'limi vazirligi
umumiy o'rta ta'lim maktablarining 8- sinf o'quvchilari
uchun darslik sifatida tavsiya etgan*

Аудармашы

Редактор

Дизайнер

Беттеуши

Корректор

Р. Төленов

Қ. Нұрбаева

"Н&J" ұжымы

Рұстем Түзелұлы

А.Ақпанбетова

Басуға қол қойылды ____ . ____ . ____ ж. Пішімі 70x90 1/16. Кеглі 12,5, 11 шпонды. "Tayms"
әріпінде теріліп, оффсет әдісінде басылды.

Баспа табағы 12,5. Баспа түрі. 13,0. Тараптамы ____ . Тапсырыс N ____

Жалға берілген оқулық жағдайын көрсететін таблица

T/p	Оқушының аты, жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алынғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсыргандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Оқулық жалға берілгенде және оқу жылы соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы таблица сынып жетекшісінің қолымен төмөндегі бағалау критерийлеріне негізделіп толтырылады

Жана	Оқулықтың пайдалануға алғаш берілгендегі жағдайы
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен бөлектенбegen. Барлық беті түгел, өшірілмеген, жазу, сзыық жоқ.
Қанағаттанарлық	Мұқаба езілген, біршама сзыылып, беттері жемірілген, оқулықтың негізгі бөлігінен бөлектенуге жақын. Пайдаланушы біршама түптеп жыртылған беттерін желімдеген, кей беттері сзыылған.
Қанағаттанарлықсыз	Мұқаба сзызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыралған немесе бүтіндей жоқ. Қанағаттанарсыз түптелген. Беттері жыртылған, парактары жетпейді, сзыып, бояп тасталған, оқулықты қайта түpteу мүмкін емес.